Нужно также отметить, что в учебном процессе нужно использовать интерактивные формы обучения, такие как-мастер-классы, воркшопы и приглашение экспертов из индустрии делают процесс обучения практико-ориентированным. Например:

- лекции от профессионалов, работающих в крупных компаниях;
- разбор актуальных кейсов, таких как вирусные кампании или кризисный PR;
- создание студентами рекламных видеороликов или маркетинговых стратегий с последующей оценкой экспертами.

Результаты применения инновационных методов

Инновационные подходы к обучению способствуют:

-развитию практических навыков. Студенты получают возможность работать с инструментами, которые они будут использовать в своей профессиональной деятельности;

-повышению уровня вовлеченности. Интерактивные и игровые форматы делают обучение интересным и увлекательным;

-формированию конкурентных преимуществ. Выпускники, обладающие опытом работы с реальными данными и проектами, востребованы на рынке труда [4, с. 42].

Инновационные методы обучения маркетингу позволяют не только передать студентам знания, но и развить у них гибкость, креативность и стратегическое мышление. Использование технологий, проектного подхода и интерактивных форм обучения делает студентов готовыми к вызовам современного рынка. Эти подходы становятся неотъемлемой частью образовательного процесса и основой для подготовки специалистов нового поколения.

Использование инновационных методов в обучении помогают научить студентов активно получать новые знания, стимулируют раскрытию творческого потенциала, помогают приблизить учебу к практике повседневной жизни, а также формируют активную жизненную позицию.

Таким образом, подготовка специалистов по маркетингу является сложным процессом, требующим привлечения инновационных методов обучения, а также качественного преподавательского состава для эффективности данной подготовки.

Список использованных источников:

1. Осмоловская И.М. Инновации и педагогическая практика//Народное образование. – 2015. 100 с.

2. Наташкина Е.А. Проблема обеспечения кадрового состава инновационного производства в условиях цифровой трансформации / Е.А. Наташкина // Актуальные вопросы современного научного общества: сборник материалов Международной научно-практической конференции (28 февраля 2020 г.) - Научное издательство Science Pro; редкол.: Е.В. Обухова (отв. ред.) [и др.]. – Кемерово, 2020. – С. 182-186.

3. Скрипко Л.Е. Внедрение инновационных методов обучения: перспективные возможности или непреодолимые проблемы? // Менеджмент качества. – 2017. 98 с.

4. Панасенко С.В. Перспективы востребованности профессии маркетолога / Панасенко С.В., Казанцева С.Ю. // Человеческий капитал.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ИНТЕГРАТИВТІ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ ТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ»

Болатбекова Қарлығаш Садыковна

Химия және биология пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші, магистрі
№2 Алматы гуманитарлық-педагогикалық колледжі

Кілтті сөздер: функционалдық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылық, құзіреттілік, дағды, Блум таксономиясы, интегративті Piza тапсырмалары, 5E моделі.

Ключевые слова: функциональная грамотность, естественнонаучная грамотность, компетентность, навык, таксономия Блума, интегративные задачи Пизы, модель 5E.

Key words: functional literacy, science literacy, competence, skill, Bloom's taxonomy, Pisa integrative tasks, 5E model.

Аңдатпа: Баяндамада білімалушылардың химия пәнінен алған білімін өмірмен ұштастыра алуына бағытталған тапсырмалар түрлері, оларды оқу үдерісінде қолдану, білім сапасын арттырудағы рөлі мен маңызына мән беріледі. Жаратылыстану сауаттылыққа құрылған тапсырмалар типтері: зерттеушілік қабілетті дамытуға, зерттеу деректерін басқа деректермен салыстыруға, болжам жасауға бағытталған. Осы типтегі тапсырмаларды Блум таксономиясы негізінде, әлемдік деңгейде тестілеуде кездесетін Piza тапсырмаларымен кіріктіріп 5E моделін қолданып, оларды қандай оқу мақсатында қамту керектігі және білімалушылардың таным белсенділіктерін бағалау шәкілі, бағалаудың шынайылығына назар аударылады.

Аннотация: В докладе основное внимание уделяется типам заданий, направленных на умение учащихся совмещать свои знания по химии с жизнью, их использованию в учебном процессе, а также их роли и значению в повышении качества образования. Виды задач, созданных для естественнонаучной грамотности: направлены на развитие исследовательских навыков, сравнение данных исследования с другими данными, составление прогнозов.

На основании таксономии Блума задания этого типа сочетаются с заданиями Пизы, встречающимися в тестировании мирового уровня, с использованием модели 5E, а также то, какие образовательные цели в них должны быть включены, и шкала оценки познавательной деятельности учащихся, и точность оценки.

Annotation: The report focuses on the types of tasks aimed at students' ability to combine their knowledge of chemistry with life, their use in the educational process, as well as their role and significance in improving the quality of education. Types of tasks created for science literacy: aimed at developing research skills, comparing research data with other data, making predictions.

Based on Bloom's taxonomy, these types of items are combined with Pease items found in world-class testing using the 5E model, as well as what educational objectives should be included, and the scale for assessing student cognitive performance, and the accuracy of the assessment.

Кіріспе.

Өзектілігі. Қазіргі колледж модернизацияны қажет етеді. Қоғамға әлемде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе алатын тұлға қажет.

Жаңа жағдайларда колледждегі оқу үрдісі «өмір бойы білім беру» тұжырымдамасын жүзеге асыруға ықпал ететін құзыреттерді дамытуға бағытталуы керек.

Құзыреттілікті дамытудың алғы шарты функционалдық сауаттылық екені бәрімізге белгілі.

Құзыреттілікке негізделген әдіс бірінші орынға білімалушының санасын емес, танымын, адамдармен арасындағы қарым-қатынасты, кәсіби өмірде және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуынан туындайтын мәселелерді шешу қабілетін қояды. Бұл процестің өзегі функционалдық сауаттылық болып табылады, өйткені ол «адамның қолданбалы білімін өмір мен қызметтің әртүрлі салаларында стандартты өмірлік мәселелерді шешу қабілеті» деп түсінеді.

Сабақтан тыс уақытта қойылатын талаптар: өмірде әртүрлі химиялық заттарды, кір жуғыш ұнтақтарды, тұрмыстық тазалау құралдарын пайдалану, консервілеуге арналған ерітінділер дайындау, маринадтау және т.б. бойынша нұсқаулықтар мен этикеткаларды, дәрілік заттарды қолдануды оқи білу керек.

Қоғамның білім деңгейі мен оның жаңашылдыққа дайындығының маңызды сипаттамасы – жаратылыстану сауаттылығы. [1, 3-5б]

Халықаралық зерттеулердің (PISA) нәтижелері бойынша қазақстандық мектеп, колледж оқушыларының жаратылыстану сауаттылығы төмен. Колледждің 15 жасқа толған білімалушыларының жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру негізінен мемлекеттік білім беру стандарттарының білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптарымен сәйкес келеді. PISA- дегеніміз оқушылардың оқу жетістіктерін бағалайтын халықаралық зерттеу. PISA алғаш рет 2000 жылы жүргізілді, ал Қазақстан зерттеуге 2009 жылдан бері қатысып келеді. [3,76б]

Сондықтан, менің педагогикалық тәжірибемде білімалушылардың жаратылыстану сауаттылығын дамыту, интегративті тапсырмаларды қолдану арқылы, алған теориялық білімдерін практикалық жағдайда тиімді пайдалана білу және оны әлеуметтік жағдайына бейімделу процесінде табысты пайдалануға үйрету қажеттілігінен туындады.

Мақсаты: химия сабағында кіріктірілген тапсырмаларды қолдану арқылы білімалушыларды функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары және әдістерімен таныстыру.

Міндеттері:

1.химия сабақтарында функционалдық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылық туралы теориялық материалды білу.

2.интегративті тапсырмаларды қолданудың практикалық маңызын көрсету.

Зерттеудің жаңалығы: 5 E оқыту моделі

Зерттеу болжамы: Химия сабақтарында интегративті PISA тапсырмаларын 5E оқыту моделін қолдану арқылы жаратылыстану сауаттылықтарын дамытудың жолдары мен әдістерін білу және білім сапасын арттыру.

Практикалық маңыздылығы: интегративті PISA тапсырмалары теориялық білімдерін практикалық жағдайда тиімді қолдану мен оны әлеуметтік жағдайына

бейімделу процесінде табысты пайдалануға бағыттайтын маңызды дидактикалық құрал. [5, 176]

Негізгі бөлім

«Функционалдық сауаттылық» терминін «сауаттылық» және «ең төменгі сауаттылық» ұғымдарымен бірге 1957 жылы ЮНЕСКО енгізді. Сауаттылық – оқу, жазу, есептеу және құжат басқару дағдылары. Ең төменгі сауаттылық - қарапайым хабарламаларды оқу және жазу мүмкіндігі.

Функционалдық сауаттылық – дегеніміз білім алушыларға берілген білімді шынайы өмірмен байланыстырып, оны кез келген болашақта пайда болуы мүмкін мәселені шешу барысында тиімді пайдалану.

Функционалдық сауаттылық – білім алушыны алған білімімен қатар шынайы өмірде мол пайдасын тигізетін ақпаратпен қамтамасыз ету және тапсырмалар арқылы алынған білімін бекіту.

Функционалдық сауаттылықтың түрлері: Оқу сауаттылығы; Математикалық сауаттылық; Жаратылыстану сауаттылығы; Компьютердік сауаттылық; Қаржылық сауаттылық; Жаһандық сауаттылық. [4,1-2б]

Жаратылыстану сауаттылық дегеніміз не?

Жаратылыстану сауаттылығы – адамның жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін қолданумен байланысты мәселелер бойынша белсенді азаматтық позицияны ұстану қабілеті және оның жаратылыстану-ғылыми идеяларға қызығушылық танытуы. [4, 3-4б.]

Неліктен ғылыми-жаратылыстану сауаттылыққа азаматтық қасиет тән?

Сұрақтар:

-Атмосферадағы артық көмірқышқыл газы неліктен қауіпті және мұхиттағы төгілген мұнайды тазартудың ең жақсы жолы қандай?

-Энергия өндірудің экологиялық таза жолдары қандай?

- Балық толығымен жойылып кетпеуі үшін қанша балық аулау керек?

- Вакцинацияланған адамдардың саны ауруға шалдыққандар санына қалай әсер етеді?

Ғылыми сауатты адам жаратылыстану ғылымдары мен технологияларға қатысты мәселелерді дәлелді талқылауға қатысуға ұмтылады, ол одан келесі құзыреттерді талап етеді:

- құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру;

- жаратылыстану зерттеулерінің негізгі ерекшеліктерін түсіну;

- мәліметтерді түсіндіру және қорытынды жасау үшін ғылыми дәлелдемелерді пайдалану. [5, 10б]

Жаратылыстану сауаттылықтың негізгі құзыреттіліктері: -нақты жағдай (мәселе);

-түсіндіріңіз; -зерттеңіз; -мәліметтерді талдап, қорытынды жасаңыз.

Оқыту нәтижесі ретінде функционалдық сауаттылық әрбір оқу пәні арқылы қалыптасады. Колледж білімалушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың, сонымен қатар оның жетілгендігін тексерудің құралдары

шығармашылық сипаттағы тапсырмалар мен интегративті тапсырмалар болып табылады. [5,156]

Интегративті тапсырма – әр түрлі сабақтарда қолдануға болатын оқу тапсырмасының түрі. Ерекшелігі түрлі ғылымдардан, оқу пәндерімен, тақырыптардан, мәселелерден алынатын білім мен біліктердің жинақталуы.

Зерттеу бөлімі

Химия сабағында функционалдық сауаттылық бойынша тапсырма дайындау үшін мына ерекшеліктерді ескеру қажет:

1. Мен білімалушылардың ойлау дағдыларының қаншалықты деңгейде екенін «Блум таксономиясы» арқылы бағдарлай алдым.

2. Қойылатын сұрақтар төмен және жоғары дәрежелі деңгейде құрастырылып, білімалушының ойсанасына қойылатын талаптар тұрғысынан ойластырылуы қажет деп ойлаймын.

3. Жоғары дәрежелі сұрақтар баладан ақпаратты белгілі бір дәрежеде қолдануды, дамытуды, жинақтау мен талдау, бағалауды талап етеді.

4. Блум таксономиясы сұрақтарға берілген жауаптарды жіктеудің тиімді моделін ұсынады.[2, 256]

Осы тұста химия пәнінің оқытушысы ретінде «Көмірсулар» тақырыбына 5Е оқыту әдісін қолданып өткізген тәжірибеммен бөліскім келеді.


Осындай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда білімалушы жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашады.[2, 256]

Осы тұста химия пәнінің оқытушысы ретінде «Көмірсулар» тақырыбына 5Е оқыту әдісін қолданып өткізген тәжірибеммен бөліскім келеді.

5Е Ғылыми ізденіс моделі



Жаратылыстану сауаттылығын бағалауға арналған тапсырмалар үлгісі



Тапсырмалар бірнеше бағытты қамтыды: зерттеушілік қабілетті дамытуға бағытталған, зерттеу нәтижелерін басқа деректермен салыстыруға бағытталған, болжам жасауға бағытталған.

№1 Практикалық тапсырма. «Қызықтыру-Зерттеу» әдісі. Алманың қараюы.



№2 Практикалық тапсырма. «Қолдану-Әңгімелеу» «ИЯ» не/се «ЖОҚ» әдісі. 1. Зерттеушілік қабілетті дамытуға бағытталған тапсырма: Мән мәтін: жеке; Мазмұны: ғылым туралы білім, ғылыми жаратылыстану зерттеу; Құзыреттілігі: ғылыми зерттеулерді қолдану; Қолдану аймағы: медицина, денсаулық; Таным мен ойлау түрі: қолдану; Сұрақтың типі: қысқа жауап.

Глюкоза түссіз, қатты кристалды зат. Суда нашар ериді. Қант қызылшасында кездеседі. Моносахаридке жатады. Молекулалық формуласы $C_{12}H_{22}O_{11}$. Адам қанының құрамында (0,1 %) болады.

Глюкозаның молекула құрылысы: ашық тізбекті, әрі тұйық тізбекті.

Үш дұрыс жауап: Иә, Жоқ. Жоқ.


№3. Практикалық тапсырма. «Нанға арналған қамыр».

3. Зерттеу нәтижелерін басқа деректермен салыстыруға бағытталған Сұрақ 1: Нанға арналған қамыр

С. Өйткені қамырда көмірқышқыл газы пайда болады. Д/Ж [3,306]



№4-Тапсырмалардың мысалдары: Болжам жасауға бағытталған тапсырмалар. №4.1-тапсырма. Процестердің қайсысы химиялық, қайсысы физикалық екенін анықтаңыз? Жауабы: Химиялық 1,4,5.



Қорытынды

1. Интегративті PISA тапсырмалары жаңашыл болып табылады және білімалушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу материалын өз бетінше түсінуге ықпал етті.

2.Топпен жұмыс істеу, жолдастарының пікірін тыңдауға үйрететіндіктен, коммуникативті дағдыларын дамытты, білімалушылар арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектесті.

3.Химия сабақтарында интегративті PISA тапсырмаларын **5Е оқыту моделін** қолдану арқылы жаратылыстану сауаттылықтарын дамытудың жолдары мен әдістерін білді және білім сапасының артуына әкеледі деген гипотеза дәлелденді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Оразханова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012.- Б.42.

2. Крицман В.А. Книга для чтения по неорганической химии.Ч.-І. Пособие для учащихся. Изд. 2, перераб. М.: Просвещение, 1983.- 145бет.

3. PISA RELEASED ITEMS –SCIENCE. 2013 жыл.

4. Білімдегі жаңалықтар журналы № 1,2,3,4.

5. Химия мектепте, Ғылыми-педагогикалық журнал. Алматы.

СИНГАПУРЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Тлеулиева Сабира Мусретуллаевна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндер оқытушысы
Халықаралық қазақ-қытай тіл колледжі

Кілтті сөздер: Жаңашылдық, әдістеме, жаңашыл ұстаз, сингапурлық оқыту әдістемесі.

Ключевые слова: Инновации, методика, инновационный учитель, сингапурская методика преподавания.

Keywords: Innovation, methodology, innovative teacher, Singaporean teaching methodology.

Аңдатпа: Сингапурлық әдістемені белсенді және сараланған оқыту қағидаттарына, оқушылардың сыни ойлауын дамытуға негіздей отырып, оқушының бойында өз бетінше жұмыс істеу, шығармашылық ойлау дағдылары мен коммуникативтік құзыреттерді дамыту идеялары.

Аннотация: Основываясь на принципах активного и дифференцированного обучения по сингапурской методике, развитие критического мышления студентов, идеи развития самостоятельной работы, навыков творческого мышления и коммуникативных компетенций у студента.

Annotation: Based on the principles of active and differentiated learning according to the Singapore method, the development of students' critical thinking, the idea of

developing independent work, creative thinking skills and communicative competencies of the student.

«Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз»

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мәртебелі және абыройлы, қазіргі заманға сай жаңашыл ұстаз – қоғам айнасы.

Аталмыш мамандықтың біз үшін де, қоғам үшін де маңызы зор. Заман өзгерген сайын, қоғам дамыған сайын соған сай технологиялар да өркендей берері сөзсіз. Осыған байланысты біраз мамандықтың өз маңызын жойып, тарих қойнауына кеткені немесе сан қилы мамандық пен түрлі кәсіптің өзара кірігіп, жаңа тың сапаға ие болып жатқаны да аян. Осы ретте педагог мамандығы қашан да өз маңызын жоймай, керісінше адам мен қоғам тұрғанда әрқашан ең қажетті мамандықтың бірі әрі бірегейі болып қала беретіні ақиқат. Себебі, ешкім білім саласын айналып өте алмайды.

Ұстаздың міндеті – ол кез-келген білім алушымен тіл табысу және онымен бірге жаңа нәрсені үйрету мүмкіндігіне ие болу үшін педагогикалық тәртіпке ие болуға тиіс. Үркіту арқылы емес, шын мәнінде ыңғайлы жолдармен.

Қазіргі заманғы мұғалім қандай болуы керек: ол білім алушыларды оқытып, пәнге деген қызығушылығын арттыра білуі керек, сол кезде ғана баланың білім алуға ынтасы артады.

Кез келген ғылым бір орында тұрмайды, сол секілді «қазіргі мұғалім» әр жылы жаңалықтар ашып, жұмыстанып отыруы керек.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби: «Ұстаз тумасынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, жаны таза және әділ, жұртқа үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін ержүрек болуы керек» – деген екен. Тізбектелген бұл қасиеттер ұстаз мамандығының бейнесін айқара ашқандай [3].

Жаңашыл ұстаз дегеніміз кім? Оқыту әдістерін үнемі жаңартып отыратын, барынша оқушыларды қызықтыра алатын жаңа және ең тиімді әдістерді іздеп, үнемі жаңалық ашып жүретін жан.

«Үкіметке білім саласына білікті мамандарды тарту үшін жалақыны төрт жыл ішінде екі есеге көбейтуді тапсырамын» – деген Президент Қасым Жомарт Тоқаевтың сөзі еліміздегі барша ұстаздардың құлағына майдай жаққаны ақиқат. Десе де, Президенттің «Білікті мамандар» деген сөзіне баса назар аударған жөн. Осы тұрғыда «Білікті маман қандай болу керек?», «Білім сапасын көтерудің негізгі тетігі неде?» деген сұрақтардың тууы заңды. Оқытатын оқушыға деген шынайы сүйіспеншіліктің болуы, әрбір сабаққа қатысты мәліметті аса зор ықыласпен түсіндіре алуы, білім беру жүйесінің сапалылығы, жоғары дәрежедегі теориялық білімінің болуы, ізденгіштігі, құзіретті, толерантты тұлға қалыптастыруға

деген креативті ойлары, кәсіби шеберлігі мен шығармашылық қызметі бұл сұраққа жауап бола алады.

XXI ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан біз ұстаздар, шәкірттерге ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оларды дүниежүзілік білім, ақпараттармен суарып отыруға тиіспіз. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, әрбір ұстаз қоғамда болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімді, тұтас дүниетаным бар рухани бай адам болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім беруде, тәрбиелеуде биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында екендігін ескерсек, ал оларды терең білімді, жан-жақты дамыған, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыларға білім берудің тиімді әдістері мен тәсілдерін іздестіру, шығармашылығын дамыту. Бұл да шебер, білікті мұғалімнің еншісіндегі дүние. Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқытудағы модульдік, дамыта оқыту, деңгейлі саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау секілді технологияларды мұғалім өз ізденісі арқылы оқушының қабілетіне, деңгейіне сай іріктеп қолдануы тиіс. Сонымен қатар, әрбір жаңашылдыққа ұмтылған ұстаз кәсіби шеберлігін жетілдіруде өзінің стратегиясын құра білуі қажет.

«Білім – ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас», - дейді Абай өзінің отыз екінші қарасөзінде. Қазіргі кезде еліміздегі білім беру үдерісіне енген білім беру бағдарламасының мазмұны жаңарып, оқытудың парадигмасы өзгеруде. Бүгінгі білім беру мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесі енгізілген және оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерімен түрлі құралдарын қолданудың тиімділігі артуда.

Бүгінде әлем бойынша Сингапурдың білім беру жүйесі «Азия барысы» қатарында болуы, тиімді заманауи тәсілді қолдану ерекшелігінде деп танылуда.

Қазіргі кезде еліміздің біршама оқу орындарында осы Сингапур білім беру жүйесін енгізе отырып, көптеген оң нәтижелерге қол жеткізуде деуге әбден болады.

Сингапурлық әдістеме белсенді және сараланған оқыту қағидаттарына, сондай-ақ оқушылардың сыни ойлауын дамытуға негізделген. Ол білім беруді ғана емес, сонымен қатар өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын, шығармашылық ойлау мен коммуникативтік құзыреттерді дамытуды да мақсат етіп қояды.

Өз сабақтарымда сингапурлық әдістемесін және оқытудың әртүрлі интерактивті және инновациялық әдістерін пайдаланамын. Атап айтар болсақ жобалық тапсырмалар, топтық және жеке зерттеу жұмыстары, пікірталастар, рөлдік ойындар тағы басқа. Мұндай тәсіл оқушылардың қызығушылығын ынталандыруға, олардың оқу процесіне қатысуын жандандыруға және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Сингапурлық әдістеменің маңызды аспектісі әрбір оқушыға жеке көзқарас болып табылады. Мұғалімге әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен

қажеттіліктерін талдау және осыны ескере отырып, оқу материалын бейімдеу ұсынылады. Бұл білімді неғұрлым тиімді меңгеруге және пәнге оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұдан басқа, сингапурлық әдістеме компьютерлік бағдарламалар, мультимедиялық презентациялар, онлайн-ресурстар және тағы басқа осы сияқты әртүрлі интерактивті технологиялар мен оқыту құралдарын пайдалануға болады. Бұл оқу процесін оқушылар үшін қызықты және қолжетімді етуге, сондай-ақ білімді бақылау нысандарын әртараптандыруға мүмкіндік береді.

Сингапурлық оқыту әдістемесі бойынша заманауи сабақ – бұл:

- Әр оқушыға жеке тәсіл қолданатын сабақ.
- Түрлі іс-әрекеттерден тұратын сабақ.
- Оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін сабақ.
- Оқушылардың сыни-тұрғыдан ойлауына мүмкіндік беретін сабақ.
- Зияткерлік интеллектуалды оқушыны тәрбиелейтін сабақ.

Әдістеме – ғылыми сабақ жүйесіне қызмет ететін мұғалімге қажетті материалдардың, мектеп жағдайы туралы білімнің жан-жақты жиынтығы [2].

«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі – түрлі әдісті білу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек; оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - дейді қазақтың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынов «Қай әдіс жақсы?» атты еңбегінде.

Сингапурдың білім беру жүйесі көптеген артықшылықтарға ие:

1. Сыныптағы балалардың жартысы бір уақытта сөйлеуге және естуге үйренеді, басқа адамдардың қателіктерін түзейді, осылайша олардың білімін түзетеді, түзейді және толықтырады.

2. Әрбір білім алушының белсенділігін, әсіресе, «мұғалімнің» функциясын күрт арттырады.

3. Әр білім алушы сұрақтың ортасында тұрса, ол өз әріптесін үйрету үшін, ол өзі білетін нәрсесін үйрету үшін, сол арқылы оқу үдерісіне оң көзқарас қалыптастыруы керек.

4. Әрбір балаға ерекше назар аудару қызықты әрі тиімді болып табылады, ал пән бойынша білім сапасы айтарлықтай өсе түседі.

5. Білім алушылар коммуникативтік қасиеттерді, шығармашылық ойлауды дамытады, сынға түсуге және қабылдауға үйренеді.

6. Кез-келген сабақ ойын арқылы қызықты өтеді, оң эмоциялар қалыптасады, пәнге қызығушылық арта түседі.

Әр сабағымда осы әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін пайдаланып отырамын. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек:

1. MANAGE MAT / МЕНЕДЖМЕНТ (топты басқару) - топ менеджменті, оқушыларды 4 адамнан тұратын бір топқа бөлу, жанында отырады және қарама-қарсы отырады.

2. HIGH FIVE / ХАЙ ФАЙФ (вай фай) - сабақтың немесе тапсырманың басталуының белгісі ретінде мұғалімнің алақанына назар аудару, тыныштық орнату белгісі.

3. CLOCK BADDIES / КЛОК БАДИС (достармен уақыт, кездесу уақыты) - белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір тапсырманы орындайды, себебі белгі берілгеннен кейін команданың құрамы өзгереді.

4. TAKE OFF-TOUCH DOWN / ТЕЙК ОФ - ТАЧ ДАУН (тұр – отыр) - топпен таныстыру құрылымы және ақпарат алу әдісі. Сұрақ қойылған кезде оқушылар оң жауапқа тұрып, келіспейтіндер отыруды жалғастырады.

5. JOT THOUGHTS / ДЖОТ ТОТС (ойды жазу) - жазбаша түрде жедел тапсырма беру, оны дауыстап айту.

6. TIC-TAC-TOE / ТИК-ТЭК-ТОУ (крестики-нолики) – баланың бойындағы сыни және креативті ойлауды дамыту әдісі, схемадағы вертикалды, горизонталды, диагоналды сызық бойынша жазылған үш сөзбен сөйлем құрастыру.

7. STIR THE CLASS / СТЕ ЗЕ КЛАСС (пікірлерді жина), (аралас сынып) - білім алушылар сыныпта еркін айнала отырып тақырып бойынша немесе басқа да дерек, зат атауы т.б. бойынша өзінде жоқ пікірлерді жинауы тиіс.

8. CORNERS / КОНЕРС (бұрыштар) - таңдаған нұсқаларына сәйкес сыныптың бұрыштарына студенттерді бөлу.

9. SIMULTANEOUS ROUND TABLE / СИМАЛТИНИУС РАУНД ТЭЙБЛ (бірмезеттік раунд тейбл) - топтың барлық төрт мүшесі жазбаша тапсырманы жеке парақтарға немесе дәптерге орындап, бірмезетте бір-біріне береді, көршілерін тексереді.

10. QUIZ-QUIZ TRADE / КУИЗ-КУИЗ-ТРЕЙД (сұрау-сұрастыру-айырбастау карталары) - білім алушылар бір-бірін тексеріп, зерттелген материал бойынша жаттығады.

11. TIME PAIR SHARE / ТИМ ПЕЙЕ ШЕЙА (жұптың уақыты) - екі қатысушы тапсырмаға толық жауап береді.

12. MIX PAIR SHARE / МИКС ПЕЙЕ ШЕЙА (аралас жұп) - музыкамен бірге топтың ерікті араласуы, музыка аяқталғанда кездейсоқ жұпты қалыптастыру және қысқа жауаптармен өтілген тақырыпты талқылау немесе толықтыру.

13. MIX FREEZE GROUP / МИКС-ФРИЗ-ГРУПП (мұздату) – білім алушылар тоқтап қалған кезде музыкамен араласады және қойылған сұрақтардың жауап санына байланысты топтар құру.

14. TEAM CHEER / ТИМ ЧИР (жылыту уақыты) - көңіл-күй мен рухты көтеру үшін көңілді жаттығу, топтың ұранын ойлап табу.

15. SEE THINK WONDER / СИ ФИНК УАНДЕ (көр – ойлан – сұрақ қой) – көрген видеоны мына жүйемен талдау керек: 1. Топқа не көргеніңді айтып бер. 2. Осы видеодан кейін қандай ой мен эмоция тап болдыңыз. 3. Сізді таңқалдырған жайт немесе ерекше болған не? 4. Видеодан кейін туындаған идеяларды ортаға салады. Соңында қаралған видеодан кейін қандай қорытынды жасағаны туралы пікірлерін дәптердеріне жазады [1].

Сингапурлық әдістердің тиімділігі: бала топ-топтарға немесе жұптарға бөлініп, материалдың шағын бөлігін өз бетінше зерттейді. Әрбір оқушы мұғалімнің рөлін ойнап көреді, көршісіне мәселенің мәнін өз сөзімен түсіндіреді және керісінше тыңдап, көршісін бағалайды, түзетеді, көмектеседі. Оны аз уақыт болса да өз сабақтарымнан байқап жүрмін. Топтық жұмыс барысында әр баланың белсенділігі артып, өзін "мұғалім" ретінде сынағысы келеді. Процеске белсене қатысады. Тіпті бұған дейін сөйлемейтін білім алушыма дейін өз ойымен бөлісіп, басқа білім алушыларды тыңдай отыра өзі де соларға еліктей бастады.

Қорытындылай келе, мұғалім оқу ордасының жүрегі ғана емес, әр баланың өсіп, қалыптасып, дамуына тікелей ықпал ететін тұлға. Баланы болашақ мамандығына икемдеп, сырласатын да, жөнге салатын да мұғалім. Сондықтан бүгінгі таңда ұстаздар қауымына жүктелер жауапкершілік те аз емес.

Сапалы білім беру – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалған кезде жүзеге асырылады. Сапалы білім беру оқушылардың қоршаған орта және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, «Білім беру жүйесіне жігерлі, әрі білікті мамандар қажет» - деп президентіміз айтқандай, рухани реформатор хәкім Абайдың «Толық адам» формуласын ұстана отырып, ақыл мен қайратты, жүректі бірдей ұстанса кадрлардың кәсіби біліктілігі мен деңгейінің өсетіні сөзсіз. Ұстаздар ұжымда белсенді болса, оқу орындарының желкені қайырылмай, түзу бағытта жүзеді деген сенімдемін.

Пайдаланған ақпарат көздері:

1. «Сингапурская» методика обучения. Из опыта работы учителя английского языка. Ялышева А.А.
2. «Использование элементов сингапурской методики при организации работы учащихся на уроках истории» научная статья, Халикина Алина Анатольевна.
3. <https://externat.foxford.ru/polezno-znat/singapurskaya-metodika-obucheniya-kak-ona-rabotaet> .

ПОДКАСТЫ КАК МЕТОД АКТИВИЗАЦИИ НАВЫКОВ СЛУШАНИЯ, ГОВОРЕНИЯ И НЕТВОРКИНГА НА УРОКАХ ДОМАШНЕГО ЧТЕНИЯ: ОПЫТ СОЗДАНИЯ ПРОЕКТА В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ КОЛЛЕДЖЕ

Молдабекова Салтанат Изтургановна

преподаватель английского языка и специальных дисциплин, магистр
Алматинский государственный гуманитарно - педагогический колледж №2

Ключевые слова: подкасты, домашнее чтение, развитие навыков аудирования, развитие навыков говорения, критическое мышление, социальные вопросы, литературный анализ, интерактивное обучение.

Кілтті сөздер: *подкасттар, үйден оқу, тыңдау дағдыларын дамыту, сөйлеу дағдыларын дамыту, сыни ойлау, әлеуметтік мәселелер, әдеби талдау, интерактивті оқыту.*

Key words: *podcasts, home reading, listening skills development, speaking skills development, critical thinking, social issues, literary analysis, interactive learning.*

Аннотация: *В статье рассматривается использование подкастов как инновационного метода в образовательном процессе педагогического колледжа. Особое внимание уделено внедрению подкастов в уроки домашнего чтения для активизации навыков аудирования, говорения и сетевого взаимодействия. Представлены результаты эксперимента, подтверждающие эффективность метода в развитии языковых навыков, критического мышления и способности к обсуждению социальных и моральных вопросов на основе литературных произведений.*

Андапта: *Мақалада подкасттарды педагогикалық колледждің оқу үдерісінде инновациялық әдіс ретінде қолдану қарастырылады. Үйдегі оқу сабақтарына подкасттарды енгізу тыңдау, сөйлеу және желілік өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. Эксперимент нәтижелері бұл әдістің тілдік дағдыларды, сыни ойлауды және әдеби шығармалар негізінде әлеуметтік және моральдық мәселелерді талқылау қабілетін дамытудағы тиімділігін дәлелдейді.*

Annotation: *The article explores the use of podcasts as an innovative method in the educational process of a pedagogical college. Special attention is given to integrating podcasts into home reading lessons to enhance listening, speaking, and networking skills. The results of an experiment demonstrate the method's effectiveness in developing language skills, critical thinking, and the ability to discuss social and moral issues based on literary works.*

В эпоху цифровизации и интернета традиционные методы обучения уступают место интерактивным форматам, таким как подкасты. Этот инструмент сочетает информативность и социальное взаимодействие, что делает его незаменимым для студентов педагогических колледжей, особенно будущих преподавателей английского языка. Подкасты развивают навыки слушания, говорения и общения, углубляют понимание литературных произведений и позволяют обсуждать важные социальные вопросы, актуальные для реальной жизни.

Использование подкастов на занятиях по домашнему чтению способствует:

1. обсуждению актуальных тем (права человека, социальная справедливость, этические дилеммы);
2. развитию критического мышления и умения аргументировать своё мнение;
3. укреплению межличностного общения, необходимого педагогам.

Новизна подкастов в их гибкости: обсуждения литературы легко дополняются современными темами, делая занятия более актуальными. Создание собственных эпизодов стимулирует творчество студентов, развивает навыки дискуссий и позволяет выйти за рамки стандартных уроков.

Цель проекта — внедрить подкасты для развития навыков аудирования, говорения и сетевого взаимодействия на уроках домашнего чтения в педагогическом колледже.

Задачи:

1. Исследовать подкасты как инструмент, развивающий навыки слушания, говорения и общения.
2. Подобрать произведения английских авторов, содержащие актуальные для студентов социальные вопросы.
3. Организовать создание подкастов: подготовка материалов, запись и публикация.
4. Провести эксперимент, в рамках которого студенты обсуждают тексты, анализируя их социальные и культурные аспекты.
5. Оценить эффективность метода через анализ результатов, включая графическое отображение улучшений.

Для подкастов выбраны произведения классиков и современных авторов, рекомендованные образовательными стандартами. Они затрагивают социальные и этические темы, развивая языковые навыки, критическое мышление и ценностные установки. Эти тексты поднимают важные вопросы, актуальные для современной молодежи, способствуют обсуждению моральных дилемм и помогают студентам развивать языковые навыки и формировать собственные взгляды.

Методика работы с текстами направлена на глубокий анализ и активное вовлечение студентов в дискуссию.

Этапы работы:

1. Чтение и анализ текста: студенты изучают сюжет, персонажей и ключевые темы, выделяя аспекты для обсуждения.
2. Формирование вопросов: создаются вопросы для осмысления моральных дилемм, классовых различий и ответственности.
3. Запись подкастов: студенты записывают подкасты в формате интервью, круглых столов и обсуждений, отрабатывая аргументацию и выражение личного мнения.

Подкасты развивают навыки рефлексии, коммуникативные и критические умения, подготавливая студентов к глубоким социальным дискуссиям. Проект для студентов второго курса специальности "Методика и педагогика преподавания английского языка" включал подготовку, запись подкастов и обсуждение литературных произведений, таких как "Lost in the Post" (А. Филлипс), "Letter in the Mail" (Э. Колдуэлл), "Hunting for a Job" (С. МакКлюр). **Формат круглого стола** помог студентам в группах анализировать темы идентичности, стереотипов и поиска работы. **Интервью по кейс-стадиям** позволили глубже рассмотреть социальные аспекты, такие как влияние предвзятости и изоляции. Проект продемонстрировал, как обсуждение литературы развивает аналитические, коммуникативные навыки и осознание роли педагогов в обсуждении актуальных вопросов общества.

Методология эксперимента. В исследовании участвовало 100 студентов, разделённых на контрольную (50 человек, группы ИС-28-2 и ИС-29-1) и экспериментальную (50 человек, группы ИС-29-1 и ИС-28-1) группы. Контрольная группа занималась по стандартной программе: чтение, анализ текстов, традиционные задания на аудирование и говорение. Экспериментальная группа участвовала в проекте подкастов: создавала подкасты, записывала интервью и круглые столы, которые публиковались в Instagram. Эксперимент длился один семестр. До и после эксперимента обе группы прошли тестирование навыков аудирования и говорения. Контрольная группа использовала чек-листы для анализа текстов, экспериментальная — подкасты с обсуждением социальных тем, таких как классовые различия, предвзятости и влияние технологий.

Результаты: аудирование и говорение: средний балл контрольной группы вырос с 65% до 66%, тогда как в экспериментальной группе — с 66% до 82%, что демонстрирует значительное улучшение навыков у участников подкастов. **Анкетирование:** студенты экспериментальной группы отметили повышенную уверенность и удовлетворённость процессом обучения. Проект показал эффективность использования подкастов для развития языковых навыков.

Средние баллы по навыкам аудирования и говорения до и после эксперимента:

Группа	Начальный этап (%)	Конечный этап (%)
Контрольная	65%	66%
Экспериментальная	66%	82%



Рост среднего балла в экспериментальной группе на 16% подтвердил эффективность подкастов как инструмента для развития языковых навыков. Анкетирование студентов также показало позитивные результаты. Более 80% участников отметили повышение уверенности в использовании английского языка, что свидетельствует о снижении языковых барьеров. Подкасты вызвали интерес к учебному процессу: 78% студентов подчеркнули, что такой формат занятий сделал обучение более увлекательным. Кроме того, 85% участников отметили, что обсуждение подкастов способствовало глубокому осмыслению социальных вопросов, таких как классовые различия и влияние технологий, что развивает критическое мышление. Темы подкастов позволили студентам не только лучше понять литературные произведения, но и сформировать навыки рассматривать

различные точки зрения. Процесс создания подкастов вызвал высокую вовлечённость, что мотивировало студентов изучать новые слова, улучшать произношение и выражать свои мысли свободно и уверенно. Эти результаты подтверждают, что подкасты являются эффективным инструментом для обучения аудированию, говорению, а также для развития коммуникативных умений и критического мышления у студентов педагогических специальностей.

Список литературы:

1. Тан Би Хун и Мд. Масудул Хасан. Применение подкастов в изучении языка: обзор последних исследований. 2021.
2. Элисон К. Кинг и др. Использование подкастов для изучения языка: исследование вовлеченности студентов и их восприятия. Международный журнал образовательных технологий, 2022.
3. Чен З. Интеграция подкастов в уроки EFL для улучшения навыков аудирования. *Language Learning & Technology*, 2023.
4. Кавалаяускене, Г., и Анусене, Л. Подкасты как инновационный инструмент в языковом образовании, 2023.
5. Ахметова, А. Ж. Использование подкастов в обучении английскому языку: опыт Казахстана. *Журнал педагогических исследований Казахстана*, 2022.
6. Исаева, С. Б. и Даулетова, А. Ж. Современные образовательные технологии в Казахстане: подкасты как средство активного обучения. Алматы, Казахстан: Научное издательство, 2023.
7. Сидорова, Е. В. Цифровая трансформация и подкасты в обучении иностранным языкам. *Вестник педагогических наук, Россия*, 2022.
8. Карсакбаев, Т. Технологии активного обучения в системе высшего образования Казахстана: опыт и перспективы развития, *Вестник КазНУ*, 2023.
9. Петрова, И. А. Влияние использования подкастов на развитие аудирования и говорения у студентов. *Журнал лингвистических исследований России*, 2022.
10. Шубина, Л. В. и Абдиева, Г. М. Развитие коммуникативных навыков студентов с помощью подкастов в казахстанских учебных заведениях, Алматы, 2022.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Тәжіғұл Мөлдір Серғазықызы

Ағылшын тілі пәні оқытушысы

№2 Алматы гуманитарлық педагогикалық колледжі


Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Білім алушылардың алған білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада

пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс.

«Функционалдық сауаттылық» термині ЮНЕСКО-мен 1957 жылы енгізілді, адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу қабілеті, мүмкіндігінше тез бейімделу және жұмыс істеу мүмкіндігі, өз білімдерін, дағдыларын іс жүзінде қолдану болып табылады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талабы болып табылады. Атап айтсақ PISA зерттеулері. PISA (Programme for International Student Assessment) – 15-жастағы білім алушылардың оқу, математика және жаратылыстану сауаттылығы бойынша оқу жетістіктерін бағалауға арналған халықаралық зерттеу. Зерттеуді Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (Organization for Economic Cooperation and Development) әр үш жыл сайын өткізеді. PISA алғаш рет 2000 жылы жүргізілді, ал Қазақстан зерттеуге 2009 жылдан бері қатысып келеді. Әрбір циклде үш бағыттың бірі мұқият талдауды жүргізу үшін негізгі болып анықталады. Зерттеу жалпы міндетті білімді меңгерген оқушылардың қоғаммен толыққанды әрекеттесуге қажетті білім мен дағдыларға қаншалықты ие екендігін анықтауға мүмкіндік береді. PISA зерттеуінің нәтижесінде қатысушы елдер ұлттық білім беру жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау, оны одан әрі дамыту үшін жаңа реформалар мен бастамаларды әзірлеу үшін объективті деректер базасын алады. Зерттеуге қатысу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуындағы трендтерді өлшеуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, PISA нәтижелері әртүрлі білім беру жүйелерін салыстыруға және ұлттық білім беру стратегияларын әзірлеуде жетекші елдердің тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – студенттердің әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада анық көрсетілген. Білім беру саласының мониторингі функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыттары арқылы іске асады:

- 
- Оқу және жазу сауаттылық
 - Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық
 - Компьютерлік сауаттылық
 - Математикалық сауаттылық
 - Денсаулық сауаттылық
 - Құқықтық сауаттылық

Функционалдық сауаттылық білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдаяттармен бетпе-бет кездескенде академиялық ортада алған білімдері мен

дағдыларын пайдалану дәрежесін – олардың қоғамдағы өз бетінше өмір сүруге дайындығын білдіреді. Ағылшын тілі сабағында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру дегеніміз – студенттердің пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін күнделікті өмірде және кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу; өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Ағылшын тілі пәнінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда пән мұғалімі ретінде неге аса мән беруі керек?

1. Мұғалім сабақ барысында білім алу үшін түсінуді дамытуда жеке еркіндік, таңдау, ынта сезімдеріне мән бере отырып, білім алушылардың негізгі екі мотив: өзін - өзі сыйлау, өзін-өзі бақылауға үйретуі тиіс. Мұғалім білім алушыларға сыртқы түрткі болғанның өзінде де, жетістіктерге жету, оны түйсіну, түсіну сезімі іштен шығады.

Сабақты бастағанда студенттің қызығушылықтарын туғызатын әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып күнделікті өмірде қолдана алатындай тапсырмалар орындату, сонымен бірге ойландыру жолдарын да қарастыруға болады. Мысалы: sun (...) water – snow, book (...) telephone - number.

Оқыту кезіндегі мұғаліммен студенттің бірлесе жұмыстануы жеке тұлғаның білімді игеруі жемісті болмақ. Ағылшын тілінде білім алушыларға функционалдық сауаттылық не үшін керек? Білім алушылардың ағылшын тілінде айналада толып жатқан ақпарат тасқынын түсіну үшін, өмірде заманауи құралдарды игеріп қолдану үшін, нақтырақ айтқанда, компьютер тілін меңгеру үшін, оны дұрыс қолдануда, Интернет желісінен керекті ақпарат алуда, ұялы телефонды керегіне жарату үшін ағылшын сөздерін түсінуі тиіс. Қоршаған ортада ағылшын сөздеріне толы жарнамаларды, киімдер, түрлі тауарлар да жазылған этикеткаларды түсіну, өзінің қауіпсіздігін сақтау үшін де қажет және тағы басқа да жағдайларда қажет екені баршаға аян.

«Ағылшын тілі сабағында функционалдық сауаттылықты қалай дамытуға болады?» - деген сұраққа тоқталып өтсем. Мұғалім жаңа нәрсені оқыту да адамның нені білетіні мен және түсінетінін білуге тырысады. Студенттің бастапқы білім мен дағдыларын назарға алып, оларды дамытуды мақсат еткенде ғана мәнді болады. Осы байланыстарды дамытып, нығайту үшін проблемаларды шешу үдерісін қатыстыру қажет. білім алушыларға гипотеза жасауға, қорғауға, құруға уақыт беру; бірін-бірі оқыту да тиімді әдіс. Мұғалім пәнді студенттердің өз түсінігі мен пікірі қалыптасатындай өткізу, логикасы мен тиімді қарқынмен мағынаны ұғындыру әдістемесі арқылы білім алушылардың дағдыларды қолдануды үйретеді. Сондай-ақ, сабақтағы диалог пен талқылау интерактивті оқытудың логикалық, ұтымды дәлелі.

Білім алушыларға берілген тапсырмалардың қай түрі орындағанда студентте қандай ойлау процесі жүреді, ол нені дамытады, осы тақырыпқа тиімді ме, студент дамуына қаншалықты ықпалы болды? Сабақтарда студенттерге білімді игеруде

тапсырмаларды алгоритммен берудің, оңайдан қиынға қарай ұстанымын болғанның маңызы зор. Білімді меңгеруде Блум таксономиясын пайдалану білім алушылардың білім деңгейінің көтерілуіне себепкер. Мысалы, жаңа сөздерді аудармасымен жаттауы – «білуі, түсіу», оны тапсырмаларда сөздің мағынасын тауып қою – «қолданау», сөздерді мағынасына қарай талдаса, салыстыра алса, жіктей алса –«талдау», сөзге қорытынды жасап, нақтылай алса, сынаса –«бағалау», осы сөзді басқа сөйлемде жаңаша қолдана алса –«жасау».

Студенттерді оқытуда бағалаудың алатын орны ерекше. Білім алушылардың білімімен алған дағдыларын өмірде қолдана алу біліктерін жетілдіру үшін мұғалім бағалау түрлерін, мақсаттарын айқындайды. Білім алушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарлауына, білім арудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, белгілі уақыт ішінде берілетін білім көлемі шектеулі және анық болуы, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және студент мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс. Білім алушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Рөлдік ойындар, коммуникативтік шағын әңгімелер, үлгі сөйлемдерге қарап шынайы диалогтар құрау –жұппен, топпен т.б.

Сыныпта топпен жұмыстарды ұйымдастыруда АКТ технологияларын пайдаланып тапсырмаларды берудің нәтижелі екені көз жеткізілді. Бір топ басқа топқа тапсырма дайындауда ұялы телефон мүмкіндіктерін пайдаланып бейне сұрақтар дайындайды. Сабақтың нәтижелі болуы басқа пәндердегі тақырыптармен сәйкес келіп бір-бірін толықтыра түссе, сауаттылықтың арта түсуіне ықпалы зор. Білім алушылардың белсенділігін арттырып, өз бетінше тілін дамытуда, оларды түрлі тақырыптарда сөйлеу үшін, оқу процесін жеңілдету және жетілдіру үшін сабақта бейнефильмдерді пайдаланудың дидактикалық та, экономикалық та маңызы зор. Бейнефильмдер студенттің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалды жақсы меңгеруіне, оны интенсивті түрде бекітуге көмектеседі. Сабақта бейнефильмдерді қолдану нәтижесінде білім алушылар өздері меңгерген фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдарды өз ойларын айту үшін қолданады. Фильмді көрсету барысында мына жайлар ескеріледі:

- 1.Негізгі идеяны анықтау;
2. Басты ақпаратты толық түсіну;

Фильм көрсетілген соң сұрақтар қою арқылы түсініктерін тексеру, білім алушылар қажетті сұрақтар қоймаса бағыттау сұрақтарын қою, сюжетті талқылау, рөлдік ойын ұйымдастыру т.б. Сондай-ақ оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін және білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру үшін келесі әдістерді оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған жөн:

- Кластер әдісі. Кластер — оқу және жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының тәсілдерінің бірі. Бұл ақпаратты ұйымдастырудың

графикалық формасы. Кластерлердің өз ережелері, құрылымдары және түрлері бар. Кластер — бұл негізгі мағыналық бірліктер олардың арасындағы барлық байланыстарды белгілей отырып ажыратылатын схема. Кластер оқу материалын жалпылауға және жүйелеуге көмектеседі. Оны сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады.

- Эссе әдісі. Эссе – бұл еркін композицияға құрылған, көлемі шағын прозалық шығарма. Нақты бір мәселеге байланысты адамның жеке әсерін, түсінігін және ой толғанысын бейнелейді. Эссе екіге бөлінеді: Субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан жақты ашу, таныту. 2) Объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.

- Инсерт әдісі. Берілген мәтінді «Түртіп алу» әдісін пайдаланып, танысып шығу. «V» — «Білемін» «-» «мен үшін түсініксіз» «+» — «мен үшін жаңа ақпарат» «?» — «мені таңғалдырады». INSERT — оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну және ынта-зейінді қажет ететін күрделі әрекет.

- Шынайы өмір жағдайларына негізделген тапсырмалар: Білім алушылардың шынайы өмірдегі жағдайларды шешуге бағытталған тапсырмалармен қамтамасыз ету, мысалы, түрлі мәтіндер мен диалогтарды талдау.

- Жобалық жұмыстар: Білім алушылардың топпен немесе жеке жоба жасап, оны қорғауға мүмкіндік беру. Бұл зерттеу дағдыларын дамытады және шығармашылық ойлауды ынталандырады.

- Ақпараттық технологияларды пайдалану: Интернет-ресурстар мен мобильді қосымшаларды қолдану арқылы Білім алушылардың ақпарат іздеу, жинау және талдау дағдыларын дамыту.

Кейстік зерттеулер: Білім алушылардың нақты мәселені зерттеуге және шешуге шақыратын кейстермен жұмыс істету.

-Критикалық ойлау: Білім алушылардың өз пікірін қалыптастыруына және негіздеуге көмектесу үшін пікірталастар мен аргументация жаттығулары ұйымдастыру.

- Шығармашылық тапсырмалар: Білім алушылардың жазу, сөйлеу, тыңдау және оқу дағдыларын жетілдіру үшін шығармашылық жазбалар мен презентациялар жасау.

-Тілдік ойындар мен рөлдік ойындар: Тілдік дағдыларды дамытуға көмектесетін түрлі ойындар мен рөлдік әрекеттерді пайдалану. Осы әдістердің көмегімен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады, олар шынайы өмірде тілдік дағдыларын тиімді пайдалану қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Мен өз сабақтарымда функционалды сауаттылықты сәтті қалыптастыру үшін қолданған тапсырмаларға тоқталсам.

Тапсырма: "Сүйікті қалаңыз туралы қысқаша презентация жасаңыз. Өткен сабақтарда үйренген сөздер мен сөз тіркестерін қолданыңыз." Бұл тәсіл

функционалдык сауаттылык дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін практикалық жағдайларда білімді қолдануға баса назар аударады.

Оқытудың тиімділігін арттыру үшін функционалдык сауаттылықты тақырыптық блоктарға біріктіруге болады. Мысалы, "Travelling - Саяхат" тақырыбын зерттеген кезде студенттер грамматикалық құрылымдарды зерттеп қана қоймай, оларды саяхат жоспарын немесе қонақ үйді брондау үшін де қолдана алады.

Сондай-ақ Қаржылық сауаттылық мәселелерін талқылауға арналған мүмкін тақырыптарды атап көрсетуге болады. Ақшаның пайда болуы және тарихы әр түрлі елдердің валютасы, жеке бюджет және отбасы бюджеті, жеке қаржыны басқару (кірістер мен шығыстарды есепке алу және жоспарлау) қаржылық жауапкершілік. Ал жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру кезінде жағдайдың үш деңгейін қарастыру қажет:

- Жеке (студенттің өзімен, оның отбасымен, достарымен байланысты)

-Жергілікті / ұлттық (белгілі бір аймақтың немесе елдің проблемаларына байланысты).

-Ғаламдық (әлемнің әр түкпірінде болып жатқан құбылыстар қарастырылған кезде).

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырманың мысалы ретінде мыналарды келтіруге болады: (Read the extract from the article in youth magazine and give your opinion. Is keeping animals in the zoo a good idea?

"... Zoos help scientists and common people to learn more about animals. They show us how rich the animal world is. But in zoos they keep animals in cages, and it is very unkind...")

Әр сабақтың соңына студент сабақтан не алды, нені түсіну, орындау қиын болды, қай тәсіл ұнады пікірлерін ауызша, жазбаша түрде білдіреді, ұсыныстарын айтады. Оқу жылын аяқтағанда осындай сұрақтардан білгенім оларға басқа елдер туралы тақырыптарды өткен қызықтырады, сабақтардағы презентация, видеофильмдер, үлгі диалогтармен жұмыстану жеңілдеу деп ойлайды, өздері құрастырған сұрақтар, өздері түсірген тапсырмалар, бейнежазбалар ұнайды.Топпен жұмыс ұйымдастырғанда олар топтық бағалағанды дұрыс деп санайды. Осындай әдіс - тәсілдерді практикада қолдана отырып, мен білім алушылардың функционалдык сауаттылығын арттырып, алған білімдерін уақытты үнемдей отырып, тиімді пайдалану дағдысын қалыптастыруға бағыттаймын.

Қортындылай келе, ағылшын тілі сабағында білім алушылардың функционалдык сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген студенттердің білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарымқатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз ететіндігін айтқым келеді

және білім алушыларға ағылшын тілінен функционалды сауатты болуы — заманның талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2016.
3. PISA зерттеуі туралы: <https://www.oecd.org/pisa/>
4. Methodological recommendations for teachers on the organization of work and performance of educational tasks by students in the framework of distance learning (annex to the order of the MES of RK from 13.04.2020 No 140, annex 5 to the order of the MES of RK from 1.04.2020 No 123). [in Russian]
5. Golitsynsky Y., Golitsynskaya N. Grammar. Collection of Exercises. KARO 2011. [in Russian]
6. Raymond Murphy, Olga Sandas. Essential Grammar in Use. Cambridge University Press, 2017.

ПРОВЕДЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО АНАЛИЗА КВАЛИФИКАЦИЙ НА ПРИМЕРЕ КВАЛИФИКАЦИИ 4S07320201 «ТЕХНИК-СМЕТЧИК»

Врачева Татьяна Анатольевна

преподаватель специальных дисциплин, высшей категории
ТОО «Алматинский колледж строительства и менеджмента»

Ключевые слова: функциональный анализ, трудовые функции, квалификация, профессиональные задачи, профессиональные компетенции, профессиональные модули, результаты обучения.

Keywords: functional analysis, labor functions, qualifications, professional tasks, professional competencies, professional modules, learning outcomes.

Түйінді сөздер: Функционалдық талдау, Еңбек функциялары, біліктілік, кәсіптік міндеттер, кәсіптік құзыреттер, кәсіптік модульдер, Оқыту нәтижелері.

Аннотация: Согласно статьи 118 (п. 1, пп. 1-1) Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V ЗРК «Образовательные программы технического и профессионального, послесреднего, высшего и послевузовского образования, переподготовки и повышения квалификации должны быть ориентированы на результаты обучения и учитывать требования при наличии соответствующих профессиональных стандартов для реализации комплексной системы подтверждения соответствия и присвоения квалификаций».

Annotation: According to Article 118 (paragraph 1, paragraphs 1-1) of the Labor Code of the Republic of Kazakhstan dated November 23, 2015 No. 414-V of the ZRK "Educational programs of technical and vocational, post-secondary, higher and

postgraduate education, retraining and advanced training should be focused on learning outcomes and take into account the requirements if there are appropriate professional standards for implementation of a comprehensive system of conformity assessment and qualification assignment".

Андамна: 118-бапқа сәйкес (1-тармақ, пп. 1-1) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, қайта даярлаудың және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағдарлануға және сәйкестікті растаудың және біліктілік берудің кешенді жүйесін іске асыру үшін тиісті кәсіптік стандарттар болған кезде талаптарды ескеруге тиіс.

Функциональный анализ квалификации необходим при создании образовательных программ ТиПО.

Функциональный анализ квалификации предполагает следующие последовательные шаги:

1) Сбор документации, которая определяет содержание и требования по определенной квалификации (*отраслевых рамок квалификаций, профессиональных стандартов, Единого тарифно-квалификационного справочника работ и профессий рабочих. Квалификационного справочника должностей руководителей, специалистов и других служащих, стандартов World Skills и др.*). Как дополнительный источник информации можно использовать Атлас новых профессий и компетенций в Республике Казахстан.

2) Определение и описание основной цели профессиональной деятельности по квалификации.

Определение основной цели заключается в составлении перечня задач, решаемых работником по данной квалификации. Основная цель способствует составлению полного перечня трудовых функций и исключению ненужных трудовых функций

3) Получив представление о ключевой цели деятельности, можно будет перейти к следующему этапу: определению трудовых функций и профессиональных задач.

Трудовые функции разрабатываются индивидуально для каждой квалификации.

4) Следующим этапом является составление Функциональной карты.

Функциональная карта оформляется в табличной форме или в виде определенной схемы.

Таблица 1. Функциональная карта квалификации 4S07320201 «Техник-сметчик»

Основная цель	Трудовые функции	Профессиональные задачи
Качественное выполнение сметной документации	ТФ 1. Участие в определении стоимости строительства и	ПЗ 1. Подготовка исходных данных для определения сметной стоимости строительства и разработки сметной документации
		ПЗ 2. Определение объемов строительных работ для разработки сметной документации

	разработке сметной документации	ПЗ 3. Разработка сметной документации и определение сметной стоимости строительства
--	---------------------------------	---


Таблица 2. Обоснование выбора профессиональных компетенций, модулей и результатов обучения, квалификация 4S07320201 «Техник-сметчик»

	Профессиональные компетенции	Профессиональные модули	Результаты обучения	Обоснование (документ отрасли, с указанием пункта (статьи), № и даты утверждения)
	ПК1. Подготовить исходные данные для определения сметной стоимости строительства и разработки сметной документации	ПМ1. Подготовка исходных данных для определения сметной стоимости строительства и разработки сметной документации	РО1.1 Осуществлять подготовку исходных данных для определения сметной стоимости строительства.	Приложение № 2 к приказу Заместителя Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» от 26.12.2019г. №262 Профессиональный стандарт: «Разработка строительных проектов» Квалификационный справочник, утвержденный приказом Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 21 мая 2012 года № 201-п-м НК РК 01-2017 3113 Техники-строители
РО1.2 Использовать специализированное программное обеспечение по ценообразованию и Технологии информационного моделирования строительных объектов				
РО1.3 Применять Среды общих данных (при реализации проекта с применением Технологии информационного моделирования строительных объектов).				
	ПК2. Определять объемы строительных работ для разработки сметной документации	ПМ2. Определение объемов строительных работ для разработки сметной документации	РО1.4 Участвовать в решении технических вопросов по закрепленным объектам на протяжении всего периода проектирования.	
			РО 2.1 Проводить натурные обследования и обмерные работы на объектах капитального строительства	
			РО 2.2 Разрабатывать и оформлять ведомости объемов Строительно-монтажных работ и ведомости дефектов по исходным данным.	

			<p>РО 2.3 Проводить подсчеты объемов работ по конструктивным элементам и видам работ в соответствии с установленными требованиями.</p> <p>РО2.4 Использовать проектную и другую техническую документацию</p> <p>РО2.5 Оформлять необходимую документацию по результатам обследования объектов капитального строительства и обмерных работ, ведомости объемов строительно-монтажных работ и ведомости дефектов</p> <p>РО2.6 Обеспечить соответствие разрабатываемых проектов и технической документации стандартам, техническим условиям и другим нормативным документам по проектированию и строительству</p> <p>РО2.7 Вносить изменения и дополнения в сметную документацию по выявленным несоответствиям экспертизы и утверждающих инстанций.</p> <p>РО2.8 Проверять предоставленные проектные материалы на соответствие объемов, указанных в спецификации.</p>	
	<p>ПК3. Разработать сметную документацию и определить сметную стоимость строительства</p>	<p>ПМ3. Разработка сметной документации и определение сметной стоимости строительства</p>	<p>РО3.1 Составлять сметы, сметные расчеты, расчеты и калькуляции на отдельные виды работ и затрат, сводки затрат.</p> <p>РО3.2 Осуществлять расчеты и вычисления для составления сметной документации и определения сметной стоимости строительства.</p>	

			РО3.3 Применять сборники и справочники, электронных баз данных, включая Республиканскую сметно-нормативную базу. РО 3.4 Обеспечить соответствие разрабатываемых проектов и технической документации стандартам, техническим условиям.	
--	--	--	--	--

Проекция функциональной карты на рабочий учебный план



Таким образом, основными компонентами образовательных программ ТиПО являются профессиональные компетенции; профессиональные модули; результаты обучения, которые могут быть оценены, подтверждены и признаны, обоснованные функциональным анализом квалификации.

Список использованных источников:

1. Приложение 558 к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2017 года № 553
2. Приложение 557 к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2017 года № 553

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР

Атагельдиева Мадина Бериковна

Информатика пәні оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі

Кілтті сөздер: Coursera, виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR), STEM және STEAM, кәсіби құзыреттілік, жаңашылдық, онлайн оқыту платформалары, дуальды білім беру жүйесі, Soft skills (жұмсақ дағдылар), инновациялар, білім беру жүйесін жаңарту, жобалық оқыту.

Ключевые слова: Coursera, виртуальная и дополненная реальность (VR/AR), STEM и STEAM, Soft skills (гибкие навыки), инновации, обновление системы образования, проектное обучение.

Keywords: Coursera, Virtual and Augmented Reality (VR/AR), STEM and STEAM, Soft Skills, Innovations, Education System Modernization, Project-Based Learning.

Аңдатпа: Мақалада Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістердің рөлі мен тиімділігі қарастырылған. Жаңа технологиялар, цифрлық платформалар, VR/AR, STEM/STEAM бағыттары, жобалық оқыту және дуальды білім беру жүйелері білім сапасын арттырып, еңбек нарығына сай мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Мақалада инновациялық әдістердің студенттердің кәсіби дағдыларын дамытудағы маңызы көрсетілген және ТЖКБ жүйесінің болашақта әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталуы үшін жаңа білім беру модельдері ұсынылған.

Аннотация: В статье рассматриваются роль и эффективность инновационных методов в системе технического и профессионального образования Казахстана. Применение новых технологий, цифровых платформ, VR/AR, направлений STEM/STEAM, проектного обучения и дуальной системы образования способствует повышению качества образования и подготовке специалистов, соответствующих требованиям рынка труда. В статье подчеркивается важность инновационных методов в развитии профессиональных навыков студентов, а также рассматриваются новые образовательные модели, направленные на подготовку специалистов, конкурентоспособных на мировом уровне в будущем.

Annotation: The article discusses the role and effectiveness of innovative methods in the system of technical and vocational education in Kazakhstan. The use of new technologies, digital platforms, VR/AR, STEM/STEAM directions, project-based learning, and dual education systems helps improve the quality of education and prepare specialists who meet the requirements of the labor market. The article emphasizes the importance of innovative methods in the development of students' professional skills and also examines new educational models aimed at preparing specialists who will be competitive on a global level in the future.

Қазіргі қоғамның дамуында ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдардың рөлі артып келеді. Бұл өз кезегінде білім беру саласын жаңартуға, оның тиімділігін арттыруға қажеттілікті туғызады. Техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі өзінің мазмұны мен құрылымын жаңартып, заманауи талаптарға сай болуы тиіс. ТЖКБ жүйесіндегі инновациялық тәжірибелер білім беру үдерісін жетілдіруге, еңбек нарығындағы сұраныстарға сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік береді[8].

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өзгерістер орын алуда. Қазіргі білім беру жүйесін дамытудың негізі мамандарды даярлау болып табылады, бұл кәсіби құзыреттілігімен қатар, пәндік аймақта интеграцияланған білімдерге, біліктіліктерге және тәжірибеге ие болуы керек, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласында да құзыреттілікке ие болуы қажет. Осылайша, жаңа функционалдық талаптар қойылуда: бағдарламалауды, жобалауды, шешім қабылдауды және шығармашылық жұмысты жоспарлауды білу қажет.

ТЖКБ ұйымдарының алдында тұрған негізгі міндеттер қандай? Ең алдымен, индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктеріне сәйкес мазмұнды жаңарту; содан кейін экономика салалары үшін кадрлар даярлау инфрақұрылымын дамыту; соңғысы – оқыту мәртебесін көтеру.

Инновация деген не? Инновация ұғымы кең мағынада жаңа технологиялар, өнімдер мен қызметтер, ұйымдастырушылық-техникалық және әлеуметтік-экономикалық шешімдер түріндегі жаңалықтарды тиімді пайдалану ретінде түсініледі[7]

Мемлекеттік бағдарлама кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін дамыту үшін келесі міндеттерді ұсынады:

- Жаңашылдықты игеру (оқытушылар мен студенттерді жаңа технологияларға үйрету, жаңа ойлау типін қалыптастыру);

- Нарық сұранысына сай болу (бәсекеге қабілетті мамандар даярлау);

- Мемлекетке пайда әкелу.

Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан жұмыстар:

- ТЖКБ мемлекеттік стандарттарын, оқу бағдарламаларын жаңарту;

- Арнайы пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу;

- Бірнеше біліктілік алу үшін модульдік бағдарламаларды құру.

Жалпы инновациялық тәжірибелердің маңызы мен мақсатына келетін болсақ, ТЖКБ жүйесіндегі инновациялар – бұл тек жаңа білім беру әдістерін енгізу ғана емес, сонымен бірге білім беру үдерісінің барлық аспектілерін жетілдіруді мақсат етеді. Бұл жаңашылдықтар еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес мамандарды даярлау үшін енгізіледі. Қазіргі таңда әлемде болып жатқан өзгерістерге бейімделу үшін ТЖКБ жүйесіне инновациялық тәжірибелерді енгізу аса маңызды деп ойлаймын. Себебі мұндай тәжірибелер студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға, олардың білімін арттыруға және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал етеді[2].

Инновациялық тәжірибелердің түрлеріне келетін болсақ: цифрлық технологиялар мен онлайн-оқыту платформалары; цифрлық технологиялар мен онлайн - оқыту платформалары білім беру үдерісін жаңа деңгейге көтерді. Студенттерге білім алудың ыңғайлы әрі қолжетімді жолдарын ұсыну мақсатында түрлі цифрлық құралдар мен платформалар қолданысқа енгізілді. Қазақстанда қолданылып жүрген Bilimland платформасы, халықаралық деңгейде танымал Coursera, EdX сияқты платформалар студенттерге өздігінен оқу мүмкіндігін береді. Оқытудың бұл түрі студенттерге теориялық білімді кеңейтуге, өз бетінше практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Дегенмен, бұл платформалар тек білім алуды жеңілдетумен ғана шектелмейді. Олардың артықшылығы – студенттер нақты жұмыс орнындағы талаптарға сәйкес бағдарламалармен таныса алады. Мысалы, еңбек нарығына қажетті дағдыларды меңгеру үшін инженерлік салада арнайы онлайн курстар ұсынылады. Бұл курстар жаңа мамандықтарды меңгеруге және кәсіби даму жолында үлкен қадамдар жасауға мүмкіндік береді.

Виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR)

VR (Virtual Reality) және **AR (Augmented Reality)** — соңғы жылдары кең таралған және түрлі салаларда қолданылып келе жатқан технологиялар. Екеуінің де мақсаты — виртуалды элементтер арқылы пайдаланушыларға жаңа тәжірибе ұсыну, бірақ олар әртүрлі тәсілдермен жұмыс істейді.

Техникалық білім беруде виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR) технологияларының қолданылуы тәжірибелік дағдыларды дамытуда зор мәнге ие. Мысалы, медициналық колледждерде виртуалды операциялар жасау, құрылыс мамандарын даярлайтын оқу орындарында виртуалды ғимараттар салу мүмкіндігі оқу үдерісін жетілдіруге жол ашады. Бұл технологиялар студенттерге қауіпсіз және тиімді оқыту тәжірибесін ұсынады, сонымен қатар тәжірибелік дағдыларын шыңдауға көмектеседі [5,726].

STEM және STEAM бағыттары. STEM және STEAM — қазіргі білім беру саласында сұранысқа ие бағыттар. Ғылым, технология, инженерия, өнер және математика салаларын біріктіретін STEM және STEAM бағыттары қазіргі заманның негізгі трендтеріне айналды. STEM ағылшынша Science (Ғылым), Technology (Технология), Engineering (Инженерия) және Mathematics (Математика) деген сөздердің алғашқы әріптерінен құралған. STEM бағытындағы білім беру осы төрт негізгі саланы біріктіреді және қазіргі технологиялар мен инженерияның негізін құрайды [2].

Жобалық оқыту және дуальды білім беру жүйесі. Жобалық оқыту әдісі студенттердің теориялық білімдерін тәжірибелік дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік береді. Студенттер өз жобаларын іске асыру барысында алған білімдерін практикада қолдана отырып, креативті дағдыларын дамытады. Бұл әдіс білім алушының жеке жауапкершілігін арттырып, жұмыс орнында кездесетін нақты мәселелерді шешуге дайын болуға мүмкіндік береді.

Дуальды білім беру жүйесі – студенттер оқу орындарында және кәсіпорындарда білім алады. Бұл модель әсіресе Германияда жақсы дамыған және Қазақстанда да өз нәтижелерін көрсетуде. Дуальды жүйе студенттерді нарық талаптарына сәйкес оқытып, олардың кәсіби қабілеттерін арттырады. Осы модель бойынша оқыту еңбек нарығындағы сұранысқа жауап бере отырып, студенттерді өндірістік процестерге тартуға мүмкіндік береді [1].

Soft skills (жұмсақ дағдылар) — жұмыс орнында және күнделікті өмірде адамдармен қарым-қатынас жасауға, топпен тиімді жұмыс істеуге, шығармашылық және эмоционалдық тұрғыда дамуға көмектесетін дағдылар жиынтығы. Бұл дағдылар адамның жеке қасиеттері мен мінез-құлық ерекшеліктеріне негізделген және кез келген салада жоғары бағаланады [9].

Инновациялық тәжірибелердің нәтижелері мен келешегі ТжКБ жүйесінде инновациялық тәжірибелерді енгізу білім беру сапасын арттырып, студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндігін жоғары деңгейге жеткізеді. Олардың кәсіби дағдылары мен шығармашылық қабілеттері дамиды, бұл өз кезегінде еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Болашақта Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін әлемдік деңгейдегі озық тәжірибелермен толықтыру, цифрлық технологияларды енгізу және жаңа оқыту әдістемелерін пайдалану арқылы білім сапасын арттыру көзделеді. Сондай-ақ, жастарды заманауи еңбек нарығының талаптарына сай даярлау мақсатында инновациялық білім беру моделдерін енгізу маңызды.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі инновациялық тәжірибелер білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, студенттердің кәсіби біліктіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар, виртуалды және толықтырылған шынайылық, STEM/STEAM бағыттары, жобалық оқыту және дуальды білім беру жүйесі сияқты инновациялық әдістер білім беру сапасын арттырып, еңбек нарығындағы сұраныстарға сәйкес кадрлар даярлауға жол ашады. Қазақстанның ТжКБ жүйесі болашақта әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған заманауи әдістемелерді енгізуді жалғастырады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Дуальная система обучения как условие форсированного индустриально-инновационного развития страны. – Алматы «Аруна», 2013 г.
2. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Оқу құралы / Қ. А. Сарбасова ... – Алматы: Атлас баспасы-2001
3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі: жаңа технологиялар мен инновациялар. Астана: Ғылым, - 2021. -Б.
4. Гаврилов, Л. П. Инновационные технологии в коммерции и бизнесе: учебник для вузов / Л. П. Гаврилов. — Москва: Издательство Юрайт, 2024. — 372 с.
5. Информатика: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гу манитарлық бағытының 11-сыныбына арналған оқулық. / Г.И.Салғараева, Л.А.Рсалина, А.Б.Есенкүл – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы.

6. STEAM-білім берудегі сұрақтар мен жауаптар: Әдіст.нұсқаулық/құраст.: Сыздықова А.И., Ташетова С.С. – Қарағанды.

7. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;

8. Ибраева, Г. Білім кеңістігінде - инновациялық технологиялар / Г. Ибраева // Қазақстан мектебі. - 2016.

9. <https://bilim-all.kz/article/16904>

10. <https://.kz/sciense/1545-innovaciyalıy-tehnologiyalardy-ksbi-blm-beru-oryndarynda-innovaciyalıy-dster-men-tehnologiyalardy-ou-dersne-oldanu.html>

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ДАМУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІНІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аханова Молдир Муратбаевна

Өндірістік оқыту шебері, техника ғылымдарының магистрі

Алматы технологиялық колледжі

Кілтті сөздер: Жеке тұлға, танымдық белсенділік, терең білім, шығармашылық ізденіс, инновациялық даму.

Ключевые слова: Индивидуальность, познавательная активность, глубокие знания, творческий поиск, инновационное развитие.

Keywords: Individuality, cognitive activity, deep knowledge, creative search, innovative development.

Аңдатпа: Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, өзін таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Ендеше, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуде танымдық белсенділігін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор. Сондықтан оқу үрдісінде баланың білім алуға, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, ақыл ойының дамып, жетілуіне түрткі болатын танымдық белсенділікті арттырудың маңызы жоғары.

Аннотация: В системе образования независимой страны прилагаются усилия для выхода на мировой уровень, при этом особое внимание уделяется формированию глубоко образованной, любознательной личности, придерживающейся творческого направления во всех видах деятельности и способной проявить себя, используя различные методы и методы обучения. Поэтому повышение познавательной активности учащихся в расширении их мировоззрения, совершенствовании знаний и умений имеет большое социальное

значение. Поэтому в образовательном процессе очень важно повышать познавательную активность, стимулирующую стремление ребенка учиться, действовать самостоятельно, развивать и взростеть его ум.

Annotation: *In the educational system of an independent country, efforts are being made to reach the global level, with special attention being paid to the formation of a deeply educated, inquisitive individual who follows a creative direction in all types of activities and is able to express himself using various methods and methods of teaching. Therefore, increasing the cognitive activity of students in expanding their worldview, improving knowledge and skills is of great social importance. Therefore, in the educational process it is very important to increase cognitive activity, stimulating the child's desire to learn, act independently, develop and mature his mind.*

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне – өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде педагогтың алатын орны ерекше. Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру. Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі кең, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр педагогтің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Қазіргі кездегі білім беруде студенттердің белгілі бір дағдыларын ғана емес, сонымен қатар танымдық қабілеттерін де қалыптастыруды талап етеді. Негізгі назар белгілі бір білім көлемін жинауға емес, оқу ісінің дағдысын меңгере отырып, білімге құштарлық пен қабілетті оятуға көңіл бөлінгені жөн. Білім алушының зейінін, сөйлеуін дамыту, қоршаған әлемге қызығушылығын ояту, жаңалықтар ашу және оларға таң қалу қабілетін қалыптастыру өте маңызды. Тұлғаның дамуы мен қалыптасуының мәнін анықтайтын негізгі мәселе – танымдық ісәрекет.

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Танымдық әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым - қатынасы маңызды келеді. Сонымен бірге, адамның барлық жоғарғы таным процестерінің өзінің даму деңгейінен белсендіруде танымдылық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Оқу материалын терең меңгеруге тек студенттермен жүргізетін жаттығу жұмыстарының

нәтижесінде қол жеткізуге болады. Сондықтан мұғалім студенттердің танымдық қабілетін дамытуда мына қағидаларға сүйенеді:

1. Жаттығу жұмысы пәннің мәніне, тақырыпқа логикалық байланыста болуы керек.

2. Жаттығуларға сұрақтар жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін дамытарлықтай болуы тиіс.

3. Жаттығу жұмысы сабақтың барлық кезінде болуы керек.

Жаңа сабақты түсіндіруде, бекіту кезінде, білімді тексеруде, сондай - ақ қайталауда да қолданылады. Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Оқыту мен тәрбиелеуде, әдіс-тәсілдерін меңгеріп, білгенін қызықты да, тартымды жеткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастыратын шеберлікке ие болатын тұлғаны қалыптастырады. Практикалық сабақтардағы заманауи технологияларын қолдану алгоритмдерін сәтті игеруге тоқталсақ; оқу процесінде білім беру технологияларын игеру арналған бағдарламалар қамтылып, келесі психологиялық педагогикалық жағдайларға негізделеді:

- Студенттердің практикалық сабақтарда жаңа оқыту инновациялық технологияларын меңгеруге мүмкіндіктері болды;

- Студенттің психологиялық қызмет түріне дайындығының диагностикасын анықтайды;

- Студенттердің шығармашылық белсенділігін және педагогикалық технологияларға мотивациялық-құндылық қатынасын қалыптастыру;

- Студенттердің заманауи инновациялық мәдениетін қалыптастыру;

- Студенттердің практикалық қызметінде білім беру технологияларын игеру динамикасын зерттеу және сыни бағалау. Білім беру технологияларын игеру бойынша студенттердің практикалық сабақты ұйымдастыру кезінде олардың танымдық қызығушылығы дамудың келесі кезеңдерінен өтеді: қызығушылық, ситуациялық қызығушылық, нәтижелі оқу қызығушылығы, процестік мазмұнды, оқу - танымдық, кәсіби ғылыми қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Практикалық сабақтардың бағытын күшейту, сабақ фрагментінің модельденген түрлері оны болашақ мұғалімнің кәсіби әркетіне неғұрлым жақындату мақсатын көздейді. Оқытудың мұндай ұжымдық формасы студенттердің кәсіби тілде сөйлей, тыңдай және ойларын жеткізе білуге, сондайақ талас тудыра отырып, пікірлесуге үйретумен қатар, студенттердің заманауи инновациялық мәдениетін қалыптастыруға бағыттайды. Креативтілікті дамыту шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер жаңаны тануға, жасауға бейімделуге негізделіп, интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады. Педагогикалық сабақтың тиімділігін

арттыратын кешенді тапсырмаларға дәлелдер келтіріп, заманауи әдістерді меңгеріп, басты мақсаттарға жетеді.

Студенттердің танымдық қасиеттерін қалыптастырудағы практикалық сабақтар оқытуды ұйымдастырудың сипаты мен деңгейін және ынталандыру жолдарын адамзаттың гуманистік тұжырымдамаларын меңгеруге негізделген. Мысалы білім беру технологиялары туралы білімнің қажеттілігін негіздеу; алынған білімнің практикалық маңыздылығын негіздеуге және теориялық білімді меңгеруге мүмкіндік береді. Сабақтарында педагогикалық әдістерді заманауи технологияларын меңгеруге бағытталған проблемалық жағдайларды жасау, модельдеу, зерттеу бойынша жұмыс жүргізіледі. Осылайша, оқу үрдісінде практикалық сабақтардың процесін құра отырып, болашақ маманға жағдай жасау арқылы үйлесімді креативті тұлғаны қалыптастыруға болады.

Пайдаланылған дерексөздер тізімі:

1. Абсаматова, М.А. Қазақстанның педагогика ғылымындағы құзыреттілік мәселесінің зерттелу жайы / М.А. Абсаматова. Э. Уайдуллақызы, Б.М. Баймұханбетов // Педагогика және психология. – 2010. - № 3. – Б. 23-28
2. Бөрібекова, Ф.Б. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар [Мәтін]: Оқулық / Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова. – Алматы: 2014. – 360 бет.
3. Омарова, Р.С. Шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру технологиясы [Мәтін]: оқу әдістемелік құралы // Р.С. Омарова. – Ақтөбе, 2007. – 220 б.

ПРИМЕНЕНИЕ ПРОБЛЕМНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО МЕТОДА ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Давыденко Екатерина Владимировна

преподаватель специальных дисциплин, педагог-модератор.

Колледж УО “Каспийский Общественный Университет”

Кілтті сөздер: *Проблемалық-бағдарланған әдіс, мотивация, практикалық дағдылар, софт-скилс дағдылары, оқу процесіне қатысу, кәсіптік білім беру.*

Ключевые слова: *Проблемно-ориентированный метод, мотивация, практические навыки, софт-скилс, вовлеченность в учебный процесс, профессиональное образование.*

Keywords: *a problem based learning, a motivation, practical skills, soft skills, involvement in the learning process, professional education.*

Андапта: *Бұл мақалада маркетинг және менеджмент мамандықтарының студенттері үшін проблемалық-бағдарланған оқыту әдісін қолданудың авторлық әдістемесі қарастырылады. Бұл әдісті қолдану студенттердің оқу процесіне қатысуына, теориялық материалды оқуға деген ынтасын арттыруға және кәсіби дағдыларды бекітуіне ықпал етеді. Оқу қызметі колледж студенттерінің білім*

алушы үшін терең мағынасы бар және өзін-өзі дамытуды жандандыру және кәсіби траекторияны қалыптастыру көзі болып табылатын қызмет ретінде қарастырылады.

Аннотация: В данной статье раскрывается авторская методика применения проблемно-ориентированного метода обучения для студентов специальностей маркетинг и менеджмент. Применение данного метода способствуют вовлеченности студентов в учебный процесс, повышению мотивации к изучению теоретического материала и закреплению профессиональных навыков. Учебная деятельность студентов колледжа рассматривается как деятельность, имеющая личностный смысл для обучающегося и являющаяся источником активизации саморазвития и формирования профессиональной траектории.

Annotation: This article contains the author's methodology for using a problem based learning) method (PBL), for the students specializing in marketing and management. This method contributes to the involvement of students in the educational process, increasing motivation to theoretical material study and professional skills consolidating. The educational activities of college students are considered as activities that have personal meaning for the student and are a source of increased self-development and the formation of a professional trajectory.

В бытность мою руководителем исследовательского маркетингового агентства, не раз приходилось сталкиваться с молодыми специалистами, которые только закончили ВУЗ, получили диплом и делают свои первые шаги, как маркетологи-профессионалы.

И какие же умения, на ниве прикладных исследований, могли продемонстрировать молодые кадры? Увы, очень и очень скромные. Приходилось объяснять азы и долго формировать практические навыки, чтобы получить хорошего специалиста.

Теперь, будучи преподавателем специальных экономических дисциплин, таких как маркетинг, менеджмент, товароведение в колледже, я задалась целью адаптировать рабочую учебную программу так, чтобы было у студентов формировались не только теоретические знания, но и практические умения, которые они могли бы уверенно применять в своей профессиональной деятельности.

Дополнительные сложности добавляла необходимость избегать скучных рутинных занятий, вовлечение студента в учебный процесс, мотивация. И как это сделать? В этом мне отлично помогает проблемно-ориентированный метод обучения.

Метод проблемно-ориентированного обучения (ПОО) представляет собой образовательный процесс, основанный на анализе, исследовании и решении конкретных проблем. Этот подход делает акцент на самостоятельности студентов и их способности применять знания на практике. [1]

Ключевые особенности метода:

1. **Ориентация на решение проблемы.** Учебный процесс строится вокруг задач, требующих комплексного анализа и поиска оптимальных решений.

2. **Активная роль студентов.** Студенты становятся главными действующими лицами, самостоятельно изучая информацию и предлагая решения.

3. **Роль преподавателя.** Преподаватель выступает как наставник, направляющий процесс обучения и оказывающий консультационную поддержку.[2]

Коротко об основоположнике этого метода

В 1969 году на медицинском факультете Макмастерского университета в Канаде решили внедрить новый подход к обучению студентов младших курсов. Практикующие преподаватели прекрасно знали, насколько увлекательной может быть медицина, но — увы! — обычный лекционный формат не позволял донести это до студентов, которые скучали на лекциях. Азарт у начинающих медиков обычно просыпался, только когда они приступали к практике и работе с пациентами. Именно поэтому профессор университета, исследователь и известный учёный Говард Барроуз предложил обучение на основе решения реальных проблем — и вместе со своим коллегой Робинот Тамблином стал основоположником проблемно-ориентированного обучения.

Сам Барроуз определял ПОО так: «Проблемно-ориентированное обучение — это обучение, которое является результатом процесса работы над пониманием решения проблемы. Проблема — первый элемент обучающего процесса».[3]

Основные этапы проблемно-ориентированного обучения

1. **Формулировка проблемы:** преподаватель предлагает реальную или смоделированную задачу, актуальную для профессиональной сферы. Например, это может быть кейс американской компании “Warby Parker” — для оценки маркетинговой стратегии, которая перестала быть успешной.

2. **Анализ ситуации:** студенты определяют, что они уже знают о проблеме, и выявляют пробелы в знаниях. Этот этап направлен на постановку целей и задач исследования.

3. **Поиск информации:** используя разнообразные источники — от учебников до онлайн-ресурсов, студенты собирают данные, необходимые для решения задачи.

4. **Разработка решений:** группы студентов анализируют собранную информацию, предлагают возможные подходы и оценивают их реалистичность.

5. **Презентация и защита решений:** результаты работы представляются в форме презентации, отчета или проекта.

6. **Рефлексия:** после завершения работы студенты и преподаватель обсуждают процесс выполнения задания, анализируя успехи и трудности. Студенты, должны не только найти ответ или верное решение, но и определить область своего незнания. То есть им необходимо было понять, каких знаний или умений не хватает в процессе, и, соответственно, закрыть существующие пробелы.

Преимущества метода:

1. **Развитие критического мышления:** ПОО учит студентов не только воспринимать информацию, но и анализировать её, выявляя важное и отбрасывая второстепенное.

2. **Приобретение практических навыков:** решение реальных задач готовит студентов к будущей профессиональной деятельности.

3. **Повышение мотивации:** работа с реальными проблемами делает процесс обучения интересным и значимым.

4. **Формирование коммуникативных навыков:** групповые проекты способствуют развитию навыков общения, сотрудничества и распределения ролей.

5. **Гибкость в применении знаний:** студенты учатся использовать знания в разных контекстах и условиях.

Проблемы внедрения

1. **Недостаточная подготовка преподавателей** - Метод требует от педагогов высокой квалификации, умения работать с современными технологиями и навыков фасилитации.

2. **Ограниченность ресурсов** - Для успешной реализации метода необходимы качественные образовательные материалы, доступ к интернет-ресурсам и специализированное оборудование.

3. **Сопротивление студентов** - Некоторые учащиеся, привыкшие к традиционным методам, могут испытывать сложности в переходе на более активный формат обучения.

Перспективы развития применения ПОО в колледжах для студентов экономических специальностей [4]

Метод проблемно-ориентированного обучения имеет большие перспективы в системе среднего профессионального образования. Нередко программы обучения строятся на формировании отдельных знаний, умений или компетенций, которые в сочетании должны привести к появлению определённой «базы» для использования полученных знаний на практике. Но студентам бывает трудно понять, как объединить полученные знания и по-настоящему эффективно перенести их в свою работу, выполнять с их помощью реальные задачи. С развитием технологий, таких как виртуальная реальность, симуляторы и онлайн-платформы, возможности для внедрения ПОО расширяются.

Результаты двухлетнего применения этого метода, в моей педагогической деятельности, демонстрируют отличную подготовку специалистов, соответствующих требованиям рынка труда. Студенты высоко мотивированы, полностью вовлечены в учебный процесс и демонстрируют практические навыки и профессиональные компетенции в ходе учебной и производственной практике и, непосредственно, в работе.

Заключение

Метод проблемно-ориентированного обучения является мощным инструментом, способствующим развитию у студентов колледжей навыков самостоятельного мышления, работы в команде и решения профессиональных

задач. Для экономических и бизнес-специальностей отлично подходит при развитии навыков в составлении бизнес-планов, анализе рыночных условий, работы с финансовыми данными, разработки и оценке стратегии маркетинга, оценки эффективности рекламной кампании, организации и проведения маркетинговых исследований. Внедрение ПОО требует определённых усилий, но преимущества этого подхода делают его одним из наиболее перспективных направлений в современной педагогике.

Список источников:

1. Maurer H., Neuhold C. Problem-Based Learning in European Studies // Teaching and Learning the European Union. Traditional and Innovative Methods. Dordrecht [etc.] : Springer, 2014. P. 199-215.;

2. В.Н. Петрова Статья «Возможности применения технологии проблемно-ориентированного обучения (PBL) в практике высшего образования (на примере ТГУ)» Сибирский психологический журнал. 2017. № 65. С. 112-124.

3.<https://skillbox.ru/media/base/chto-takoe-problembased-learning-ili-problemnoorientirovannoe-obuchenie/>.

4.Материалы Всероссийской конференции для руководителей в сфере образования, декабрь 2022г, г. Сочи.

ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ТІРЕК СЫЗБАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.

Ермаганбетов Кайрат Курманович

Нархоз университетінің Экономикалық колледжі
тарих пәнінің оқытушысы, педагог-эксперт.

Кілт сөздер: В.Ф. Шаталов әдісі, тірек сигналдар, тірек-сызба, сызбанұсқа, бейнежоспар.

Ключевые слова: метод В. Ф. Шаталова, опорные сигналы, опорные схемы, схемы, план-схема.

Keywords: V. F. Shatalov's method, reference signals, reference circuits, circuits, schematic diagram.

Аңдатпа: Жалпы қоғамдық пәндерді игеру арқылы студент философия, саясаттану, мәдениеттану және әлеуметтану ғылымдарына байланысты алғашқы білім негіздерін алады. Яғни студент бұрыннан таныс емес ұғымдармен кездеседі. Әр тақырып аталған ғылымдарға байланыстылығына тән тілде жазылған. Сондықтан да әрқайсысында әр түрлі терминдер мен ұғымдар кездеседі. Философиялық, саяси және социологиялық ұғымдармен таныс емес жастарға тақырыпты меңгеруде қиыншылықтар туындайды. Оның үстіне тақырыптар ауқымды және ақпараттар қоры үлкен. Демек, оқытушының алдында білім алушылардың оқу барысындағы қабілеттерін белсендендіру

құралдарын табу міндеті туындайды. Осы тұста оқытушыға тірек сызбаларды пайдалану тиімді. Тірек-сызбаларды пайдалану арқылы оқыту В.Ф. Шаталовтың технологиясына негізделіп жасалған оқытудың интенсификация технологиясы болып табылады. Мақсаты, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін белсендендіріп, схемалық кестелерді қолдану арқылы оқушылардың білімдерін, біліктерін, дағдыларын қалыптастырып, берілген сұрақтың жауабын тезірек табу мүмкіншілігін туғызады.

Аннотация: Изучая общественные дисциплины, студент получает основы первичных знаний, связанных с философией, политологией, культурологией и социологией. То есть студент сталкивается с ранее неизвестными понятиями и терминами. Каждая тема написана на языке, свойственном названым наукам. Поэтому в каждом из них встречаются разные термины и понятия. Молодым людям, не знакомым с философскими, политическими и социологическими понятиями, трудно овладеть темой. Кроме того, темы обширны, а база информации огромна. Следовательно, перед преподавателем встает задача найти средства активизации способностей обучающихся в процессе обучения. При этом преподавателю выгодно использовать опорные схемы. Обучение с использованием опорных сигналов - это технология интенсификации обучения, разработанная на основе технологии В. Ф. Шаталова. Цель: активизировать творческие способности учащихся, формировать у учащихся знания, умения, навыки с помощью опорных сигналов.

Annotation: By studying social disciplines, the student receives the basics of primary knowledge related to philosophy, political science, cultural studies and sociology. That is, the student is faced with previously unfamiliar concepts and terms. Each topic is written in the language peculiar to the named sciences. Therefore, there are different terms and concepts in each of them. It is difficult for young people who are not familiar with philosophical, political and sociological concepts to master the topic. In addition, the topics are extensive and the information base is huge. Consequently, the teacher is faced with the task of finding means to activate the abilities of students in the learning process. At the same time, it is advantageous for the teacher to use reference schemes. Training using reference signals is a technology for intensifying learning, developed on the basis of V. F. Shatalov's technology. Purpose: to activate the creative abilities of students, to form students' knowledge, skills, and abilities using reference signals.

Қазіргі ғылымның қарыштап дамып, жаңа технологиялар өркендеп, еңбек нарығында бәсекелестіктің нақты қалыптасқан кезеңде ұлттық құндылықтарды, ұлттық мәдениетті танытын, оны өзгеге таныта алатын білімді, жан – жақты қалыптасқан, әлемдік өркениетке қол соза алатын, бәсекеге қабілетті дербес тұлға тәрбиелеу қажеттілігі туындайды. Ол үшін оқушы сұранысын қанағаттандыратын оқытудың үлгілерін ұтымды қолдану, қажеттілігіне қарай өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұстаздан кәсіби шеберлікті талап етеді. Мұндағы ең басты қағида – оқытудың тиімділігін арттыру, оқушы шығармашылығын шыңдау, даралық келбетін қалыптастыру.

Бүгінгі таңда оқытушылардың алдында тұрған келесі әрі жауапкершілігі мол міндеттердің бірі оқушыға сапалы білім беру.

Сонау 1970 жылдардың басында, Кеңес Одағы дәуірінде, білім беру саласындағы орта білім беру жүйесіне көшу реформасы оқушылардың 100% үлгерімін талап етті. Бірақ бұрынғы оқу жүйесі бойынша оқыту осы талапты орындауға мүмкіндік бермеді. Осы дағдарыстан шығу мақсатында озық ойлы, тәжірибелі ұстаздар білім берудің өзгеше жолдарын қарастыра бастады.

Педагогикалық әдістемелік процестерде В.Ф. Шаталов әдісі деген атпен енген тірек – сызба белгілерін (сигналдарын) сабақта қолдану оқытушылардың көпшілігінен үлкен қолдау тауып отыр, оқыту процесінде кеңінен қолданылуда.

В.Ф.Шаталов технологиясының ерекшелігіне тоқталсақ:

Бірінші ерекшелігі – нақты дәл есептелген оқу процесін құра білу.

В.Ф.Шаталов бұл құрылымды былай түсіндірді «Тірек сигналдары дегеніміз – ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі мен ұзақ уақыт есте сақтауы»

Екінші ерекшелігі – уақыт үнемділігі. Мысалы, белгілі бір тақырыпты түсіндіру барысында бірнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бір-екі тірек сигналына сыйдыруға болады.

Бұл әдістеме қазіргі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

Тірек сызба белгілер сабақтың негізгі құрам бөлігі ретінде қолданылады. Мұнда негізінен мына мәселелерге назар аударған жөн.

1. Тірек – сызба белгілерін пәнді жүргізудің басынан бастаған жөн.

2. Мүмкіндігінше барлық сабақтарда пайдалану керек.

3. Сызбанұсқаға оқушылармен бірге талдау жүргізіп отыру. Сызбанұсқаларды (схемаларды) оқушылардың қатысуымен талдау керек.

Оқушылардың белгілі тақырыпқа сай сызба белгі даярлауға негізделген өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

5. Оқушының топпен және екі – екіден жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

В.Ф.Шаталов технологиясының басты ұстанымы тірек-сызбаларды пайдалану арқылы үздіксіз қайталау, жүйелі білімді қалыптастыру.

Бұл жүйенің жетістігі – материалды бірнеше мәрте қайталай отырып, қол жеткізетін білімнің мықтылығына талпыныс, білім мен білік үшін нақты бақылау, білім алушылардың өзара бақылауын кең қолдану арқылы олардың жеке басына құрметпен қарау.

Тірек-сызбалар білім алушыларға пәннің әрбір тақырыбынан білімді игерудің міндетті талабының көлемін нақты алуына мүмкіндік береді. Тірек-сызбаларды пайдаланғанда сызбаның оқушы ұғымына сай болуына көңіл бөліну керек. Яғни қоғамдық пәндерде көп ретте қолданылатын философиялық тілден жастарға

түсінікті қарапайым қолданыстағы тілде жеткізу. Ал содан кейін осы процесті кері қарай түсіндірсе анықтаманың немесе терминнің мәнін түсіну оңай жүреді. Бұл жерде бүкіл тақырыпқа тірек сызба жасау міндетті емес деп санаймын. Әр анықтамаға немесе маңызды ұғымға жеке тірек сигналдарын жасаса да жеткілікті. Яғни Шаталов технологиясының элементтерін пайдалану арқылы да жаңа материалды түсіндіру барысында оқытушы тақырыптың маңызын аша алады. Сабаққа бүкіл топты қатыстыру мүмкіндігіне ие болады. Топтың әлсіз буындарын да «қозғалысқа» түсіреді. Тақырыпты меңгеруге білім алушыларды өз деңгейлеріне қарай тарта отырып, топтың белсенділігін арттырады.

Бірнеше тақырыпты өткеннен кейін озық тапсырмалар беруге мүмкіндік туады. Бірнеше студенттен тұратын топқа жаңа тақырыпқа тірек сызба дайындауға тапсырма беріледі. Тапсырма алғандар іздену барысында тақырыпты толық меңгеруге тырысады, ізденіс жұмыстарын жүргізеді және жинақтаған тәжірибелерін пайдаланып өз беттерінше тірек сызба құрастырады.

Тірек-сызба – сабақтың бейне жоспары. Тірек-сызбаны пайдаланудың нәтижесі – тақырыптың тұтастығын, қисындылығын, ықшамдылығын, көрнекілігін қамтамасыз етеді, білім алушылардың білімін тиянақтайды, алған білімін оңай еске түсіруге көмектеседі.

Тірек-сызбаларды қолданудың тиімділігі:

- жүргізілген жұмыс белгілі бір нәтижеге бағытталады;
- оқушылардың сабаққа ынтасы, қызығушылығы артады;
- мұғалім мен оқушы шығармашылықпен жұмыс жасайды;
- мұғалім оқушыны жан-жақты зерттейді;
- оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады;
- сабақ кезінде мұғалім уақытты ұтымды пайдалануға қол жеткізеді;
- оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туады;
- қиын мәтіннен керек жердің негізгісін тауып алуға, өз бетімен жұмыс жасауға мәжбүр ете бастайды, ойлануға, ой-өрісін дамытуға көмектеседі;
- теорияның негізгі түйінін таба білуге, оны дәлелдеуге үйретеді;
- дағдыны сақтауды қалыптастырады;
- оза оқуға мүмкіндік береді.

Оқытудың тиімділігін арттырып, оқушының ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған В.Ф. Шаталов өз еңбектерінде көрсеткендей, тірек-сызбаларының негізгі мақсаты – «Егер есіңе сақтау үшін үйренсең ұмытасың, ал егер түсіну үшін оқысаң – есіңе сақтайсың» деген қағидасын енгізу.

Ендеше қоғам талабына сай білім беру үшін жаңа педагогикалық технологияларды әр түрлі оқыту әдістерімен сабақтастыра жүйелеп, заманауи тиімді білім беру жүйесін жасақтай білуіміз керек.

Тірек-сызбаларды пайдалану оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, болжам жасатып, мақсат қойып, толық мазмұндық ақпарат алуға жағдай жасайды. Тірек-сызбалар – сабақ үрдісін ұтымды ұйымдастыруға көмектеседі, тақырып бойынша танымы кеңейеді, топпен және жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Тірек-сызбалар – кестелер, сызбанұсқалар, диаграммалар, модульдер, блоктар, суреттер арқылы іске асырылады. Тірек-сызбалар оқушы қиялын дамыту мен өзін-өзі талдау, қызығушылығын ояту, шығармашылығын дамытудың негізі.

Тірек-сызбаны құрудың негізгі қағидалары:

1. Тірек-сызба – оқу материалының негізгі бөліктерінің мазмұнын жинақтайтын бөліктерден тұрады;

2. Әрбір бөліктердегі теориялық материал арнайы белгілер, сызбалар, сөздер арқылы біріктіріледі;

3. Тірек-сызбалар – есте оңай сақталатындай қарапайым болуы керек.

Бұл үшін графикалық безендіруде шығармашылық ізденіс және ұшқыр ой тапқырлығы талап етіледі.

Тірек-сызбалар білім стандартында белгіленген, білім беру бағдарламаларында айқындалған талаптарды нақты жағдайларда жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тірек-сызбалар арқылы білім беру әдістемесінің негізгі ұстанымы – оқу материалдарын оқушының жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшеліктеріне байланысты ойлау әрекеттерін ойластырып, саналы да сапалы меңгерту жүзеге асырылады.

Тірек-сызбаларды пайдалану мұғалім үшін тиімді, тақтаға бормен жазып жатудың қажеттігі азаяды, барлық сабақ барысы оқушының көз алдында тұрады, оқу мазмұнын қысқаша баяндап шығу арқылы, көптеген оқушыны бағалау мүмкіндігі туады. Тірек-сызбалар білім берудің үш мақсаты – оқыту, тәрбиелеу және дамытуды орындау кезінде мынадай дидактикалық қызметтерді: үйрету, бағыттау, тексеру жүзеге асырады. Материалды ең алғашқы кіріспе сабақта қысқаша – тезистік дәріс түрінде бергеннің өзінде, сөйлесу бөлімінде көптеген ойын түрлері арқылы материалды 7 ретке дейін қайта қайталап оқып, оқушының білімінің берік болуына, оның өз бетімен көп ізденіп тырысуына, әр деңгейлік тапсырманы орындау барысында шығармашылық дағдысы қалыптасуына, оқушыларды ұжымшылдыққа, тіл коммуникативтілігінің артуына, пәнге қызығушылығының артуына көп көмегін тигізеді. Жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыстар жүргізу кезінде бір ғана сабақтың үстінде дарынды оқушымен де, орташа оқушымен де, нашар оқушымен де байланыс үздіксіз жүріп отырады. Сонымен қатар оқушылар әр сабақта бағаланып, қорытынды бөлімде олардың алдыңғы сабақтарда алған бағаларын жақсартуына мүмкіндік туады. Ең бастысы оқушы дәстүрлі сабақтағыдай бір орында тапжылмай отыру, жалығу, шаршау деген сияқты жағымсыз жақтарды басынан кешірмейді. Сабақ барысында оқушының сабаққа деген белсенділігі артып, қызығушылығы оянады. Оқушы өзін жан-жақты көрсетуге тырысады, себебі әр сабақ сайын бағаланғысы келеді. Оқушыларға сапалы білім беру, оқу бағдарламасындағы білімді қамту мен кеңейту жүйесін жүзеге асырудың тиімді жолы – тірек-сызбаларды пайдалану қажет.

Оқушының жан-жақты білімді болуы – мұғалім күнделікті сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануына байланысты. Кез келген оқушының бойында пәнге

деген қызығушылықты арттыруда тірек-сызбаларды пайдаланудың тиімділігі жоғарыда көрсетілгендей зор, олар оқушыға теориялық білімді жүйелі меңгертуге қол жеткізеді.

Тірек-сызбасына ғылыми анықтама берсек білім алуда оны меңгеруге, есте сақтауда, талдауда білімнің көзі ретінде пайдаланатын сызба құрал .

Тірек-сызбалары оқу материалын тұжырымдап жүйелеуге, оқушылардың білім деңгейіне орай, даралық ерекшеліктеріне сай, олардың әр түрлі әрекетін ұйымдастыруға жағдай туғызады.

Тірек-сызбаларды қолданудың негізгі ерекшеліктері:

- үнемі қайталау;
- міндетті, кезеңдік бақылау жұмысы кезінде туындаған қиыншылықты жою;
- жеке бағадарлы қарым-қатынасқа ықпал;
- берілген технологияны барлық типті сабақтарға, оның әр түрлі кезеңдеріне қолдану мүмкіншілігінің жоғарылығы;
- дәріс материалдары қысқарған түрде беріледі;
- оқу бағдарламасындағы бірнеше тақырыпты қамтып, блоктау әдісі арқылы берілу мүмкіндігі туады.

Тірек-сызбаларды пайдалана отырып, бірнеше көрнекі сабақ өткізуге болады. Қай сабақта болмасын – оқушы шығармашылығын дамыту, алға жетелеу, нәтижеге бағыттау негізгі мақсат болып табылады.

Тірек-сызбалар оқушының мынадай мәселелерге көңіл аударуын қажет етеді:

1. Тірек-сызбаны мұқият оқып шығу. Егер түсініксіз сұрақтар кездесіп қалса, оқулықтағы параграфты оқу;
2. Тірек-сызда берілген материалды жадында жақсы сақтап меңгеру үшін өзінің дәптеріне заңдар мен олардың математикалық өрнегін, негізгі формулалар мен теңдеулерді, заңдылықтарды жазып алу;
3. Көру және жазу арқылы өзінің есте сақтау қабілетінің артуына көп ықпал болатынына назар аудару керек.

Әрбір сабақ оқу үрдісінің негізгі бөлігі. Тірек-сызбаларды пайдалану арқылы өткізілетін сабақ нәтижесінің негізгі шарттары:

- дұрыс пайдаланылған уақыт;
- оқушының өзіндік жұмысының үлесін арттыру;
- әрбір сабақтың, тақырыптың мазмұндық өрісін кеңейту;
- әрбір тақырыпқа арналған тірек-сызбаларды біріктіріп, блоктауға болады.

Бір жүйедегі оқу материалын бірнеше сабақтарда тұтас қарастыру оқушының тақырыпты толық зерттеуін қаматамысыз етеді.

Тірек-сызбаларды біріктіру арқылы блоктап оқыту жүйесін жүзеге асыру барысында, тірек-сызбаларды пайдалануда әрбір оқушы жеке тұлға ретінде үлес қосып, топтық білімге араласады.

Тірек-сызбалар оқу материалын оңай меңгеруге, ұзақ есте сақтауға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде мұғалімнің де, оқушының да жасампаздығы артып, жаңашылдыққа бет бұрады.

Тірек-сызбаларды жүйелі пайдалану – пәннің ерекшелігін ескеріп, тақырыптағы негізгі ұғымдарды меңгеріп, ойлау қабілетін дамытып, оқу материалын тез меңгеріп, үнемделген уақытты оның іскерлік мақсатына жұмсауына мүмкіндік береді.

Тірек-сызбалары – көптеген мұғалімдер үшін онтайлы оқыту құралы. Барлық педагогикалық әдіс-тәсілдер оқушының танымдық әрекетін қалыптастыруға, оқу материалын ой елегінен өткізіп, өңдеуге, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуіне, тиянақтауына бағытталуы керек.

Тірек-сызбаларын қолданғанда жұмыс уақыты үнемделеді. Үнемделген уақыт жаттығулар орындауға, қиын тапсырмаларды орындауға жаттығуға, өткен тақырып көлемінде оқушылар білімін тексеруге қолданылады. В.И. Шаталов жүйесінің жетістігі – тақырыпты бірнеше мәрте қайталай отырып, қол жеткізетін білімнің мықтылығына талпыныс, білім мен білік үшін нақты бақылау, оқушының жеке басына құрметпен қарау.

Тірек-сызбаларды қолдану теориялық материал мен аудиториялық жұмыстың уақытын қысқартады, баяу оқып үйренетін оқушыларды жалпы қарқыннан қалмауға мүмкіндік береді. Тірек-сызбалар сыныпта және үйде оқушылардың оқу материалын меңгеруі үшін өз бетімен жұмысын анықтайтын тестілермен, өзін-өзі тексеруге арналған сұрақ жүйелерімен қоса жүреді.

Тірек-сызбаларды қолданып оқыту барысында оқушы тақырыпты жақсы терең меңгереді, мұғаліммен бірігіп талдайды, материалды жақсы есте сақтайды.

Тірек-сызбаларды пайдаланған уақытта өткен тақырыпқа нақты жауап беруге, алған білімді белгілі бір жүйеге көшіруге мүмкіндік туады. Оқушылар тірек-сызбалар бойынша тақырыптың мәнін ашып жүйелі түрде әңгімелеп, тақырыпты толық меңгергенін дәлелдейді. Оқушылар топпен және жұппен жұмыс жасауға дағдыланады, тақырыпты жүйелі меңгереді. Оқушының қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады. Сонымен сабақтың қай түрі болмасын тірек-сызбаларын қолдану тиімді. Жаңа сабақты түсіндіру барысында тірек-сызбалар таптырмас көмекші құрал. Тірек-сызбаларды пайдаланғанда оқушы тақырыпты жақсы терең меңгереді, мұғаліммен бірігіп талдайды, материалды жақсы есте сақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шаталов В.Ф. Педагогическая проза М., Просвещение, 1980.
2. Шаталов В.Ф. Точка опоры. М., Педагогика, 1987.
3. Шаталов В.Ф. Эксперимент продолжается. М., Педагогика, 1989.
4. Щуркова Н.В. Педагогическая технология как учебная дисциплина, Педагогика, 1993, N 2, с.66-70.
5. Щуркова Н. В. и др. Новые технологии воспитательного процесса. М.1994.

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кабаева Эленора Зкирьяевна

География пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Алматы автомеханикалық колледжі

Кілтті сөздер: инновациялық технология, жасанды интеллект, заманауи ұстаз, визуализация (зерделеу)

Ключевые слова: инновационная технология, искусственный интеллект, цифровой педагог, визуализация

Keywords: innovative technology, artificial intelligence, digital teacher, visualization

Аңдатпа: ХХІ ғасырдағы білім беру стратегиясын жүзеге асыру негізінде, «Ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасын ұстана отырып, цифрлық білімнің заман талабы екендігін ескеріп, ақпараттандыру ғасырынан қалыс қалмай, өз білім, білік, дағдымызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман болуға барынша жағдай жасауымыз керек.

Аннотация: Основываясь на реализации образовательной стратегии ХХІ века, следуя принципу «Обучение на протяжении всей жизни», принимая во внимание тот факт, что цифровое образование является потребностью дня, мы не должны оставаться в век информации, мы должны формировать свои знания, умения и навыки и создавать наилучшие условия для того чтобы стать конкурентоспособными специалистами.

Annotation: Based on the implementation of the educational strategy of the 21st century, following the principle of «Lifelong learning», taking into account the fact that digital education is the need of the day, we must not lag behind in the information age we must build our knowledge, skills abilities and create the best conditions for becoming competitive specialists.


Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай пайдалану, білім алушылардың шығармашылық сапа қасиеттерін дамытып, интеллектуалдық дағдыларын арттыру мақсатында пайдалануға негізделеді. Қазіргі уақытта білім беру саласында заман талабына сай ұстаз болу үшін оқытудың инновациялық технологияларын игеру маңызды. Оқытудың жаңа технологиясының қалыптасуында ақпараттық технологияның қарқынды дамуының рөлі ерекше [1. 248-бет].

Технология сөзі -гректің «шеберлік, өнер» және «заң, ғылым» сөздерінен шыққан. Инновациялық технология- білім сапасын арттыру кепілі. Географияны оқытуда инновациялық технологиялардың маңызы- студенттердің географиялық талдау жасауға, сыни түрғыдан ойлауына, жаратылыстану–математикалық дағдыға және функционалдық сауаттылыққа қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі білім беру жүйесіндегі мәселелердің бірі- география сабағында жаңа инновациялық технологияларды енгізу болып табылады [2].

География пәні- өзіндік ерекшелігі бар әрбір студентті қызықтыра білетін, тылсым таңғажайып сырларға толы ғылым. География пәнінің тағы бір ерекшелігі өздігінен ізденіп білім дағдысын толықтыруға, қосымша мәліметтер жинақтауға, білім алушылардың сөзжұмбақтар құрастыруға, инернет жүйесін қолдануға, визуализациялауға мүмкіндік береді [3].

Classroomscreen- платформасы білім алушыларды топқа бөлуге арналған таптырмас платформа. Осы платформа арқылы білім алушыларды түгендеп, әртүрлі топтарға біріктіруге болады.

Wordwall- технологиясы арқылы мұғалімдер жаңа сабақты құрастырады. Білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін оқу ресурсы ретінде білім алушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Әртүрлі тапсырмаларды құрастыру арқылы мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізеді. Викториналық сұрақтар, тест тапсырмалары, сәйкестендіру жаттығулары, ментальды карта, интеллект карта құрастыру т.б тапсырмалар жасау арқылы білім алушының ізденуін, оқуға деген мотивациясын жетілдіреді.




1-Сурет. «Еске түсіру» әдісі арқылы «Wordwall» платформасында алдыңғы біліммен байланыс орнату.

Renderforest- бұл анимациялар, видеороликтер, логотиптер және веб- сайттар жасауға арналаған онлайн платформа. Бұл қызмет көптеген дайын шаблондарды ұсынады, соның арқасында кез-келген адам сапалы мультимедиялық контентті оңай құра алады. Осы платформа бойынша жаңа сабақты бастау.


Canva– графикалық дизайнға, әлеуметтік желілерге, веб-сайттар, презентация, видео, баннер, карточка, логотип, документ, жарнамалар жасауға арналған платформа. Әртүрлі пішіндерде соның ішінде PDF форматында нәтижелерді сақтау және экспорттау мүмкіндігі бар. Канва география пәнінде жоба жасауда жақсы мүмкіндік береді.

Google Earth - негізгі технологиясын Intrinsic Graphics компаниясы әзірлеген. Ол кезде компания ең алдымен 3D ойындарына арналған бағдарламалық жасақтама кітапханаларын әзірлеумен айналысты. Өздерінің 3D бағдарламалық жасақтамасын көрсету үшін виртуалды айналмалы глобус жасады. Бұл бағдарлама арқылы виртуальді визауализация (зерделеу) жасауға болады.



2-Сурет. Кез- келген нысанға визуализация жасау (зерделеу).

Gamma –бұл кәсіби пайдалануға арналған презентацияларды, веб-сайттарды және құжаттарды жасау үшін жасанды интеллектті пайдаланатын құрал. Негізен презентация жасауда керемет құралдардың бірегейі. Презентацияны 1 минутқа жетпей жасайды. Уақытты үнемдеуге қажетті құралдардың бірі.




3-Сурет. Осы жасанды интеллектпен презентация жасау.

Gemini- Google іздеу жүйесінде пайдаланушы сұрақтарына жауап беруге арналған Bard чат-бот. Бұл негізінен тест тапсырмаларын құрастыруға арналған онлайн платформа.

Mentimeter- кері байланыс жасауға арналған платформа. Бағдарламаның визуализациясы мен интерактивтілігі туралы студенттердің оң пікірлері және оның білім беру үрдісіндегі құндылығын растайды.


Settera – викториналық ойын бойынша ең үздік картографиялық сайт. Дүниежүзінің саяси картасында елдерді табу, туулары арқылы мемлекеттерді іздеу, қалаларды көрумен білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бұл ойынның нәтижесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасады.



4-Сурет. Сеттера онлайн платформасымен сабақты ойын арқылы бекіту

Chat GPT- жасанды интеллект генераторларымен құрылған чат-бот. Бұл платформа пән аумағында барлық сұрақтарға жауап береді. Тест тапсырмаларын құрастыруда, әсіресе сабақ жоспарын жасауда ерекше маңызға ие. Бұл көптілді платформа ұстаз үшін көмекші құралдардың бірі десек артық айтқаным емес.

Padlet тақтасы- кез-келген курста көптеген жолдармен тиімді пайдалануға болады. Ең танымалдары тақырып немесе жоба бойынша миға шабуыл жаттығуы, студент жұмыстарын жинақтауы, кері байланыс жинау, сергіту сәті, пікірталас, постер және презентациялар жасау.



5-Сурет. Падлет тақтасында білім алушылардың кері байланыс беру сәті

Қорыта келгенде жалпы география пәні бойынша инновациялық технологиялар, нейрожүйелер, жасанды интеллект платформаларын пайдалану өзекті маңызға ие болып отыр. Биыл елімізде республикалық тамыз конференциясының тақырыбы «Digital Kazakhstan» атты ерекше онлайн форматта болып өтті. Сондықтан заманауи ұстаз, цифрлы ұстаз және смарт ұстаз болу біздің басты міндет.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Жанатбекова Н.Ж.,Борибекова Ф. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:Оқу құралы.Алматы: CyberSmith, 2019.-248б.

2. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы. -Нұр-Сұлтан, 2016//www.akorda.kz/

3. Веб сайттар:

- <https://classroomscreen.com/app/screen/w/9>
- <https://wordwall.net/ru/resource/59157986>
- <https://www.renderforest.com/home/main/for-you>
- <https://www.google.ru/intl/ru/earth/>
- <https://gemini.google.com/app/bbafb7f8bfb04b1a?hl=ru>
- <https://www.mentimeter.com/app/home>
- <https://www.canva.com/projects>
- <https://gamma.app/docs/-t0tzpuhz7lwy7rg?mode=doc>
- <https://www.geoguessr.com/vgp/3016>
- <https://chatgpt.com/c/67497387-a2ec-8008-8b8d-eb8b746c3bd9>
- <https://padlet.com/ellazakarya2023/padlet-p4gwe15hm68nmali>

ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАН – ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮРІ

Кабылбекова Молдр Ержановна

Өндірістік оқыту шебері, педагогикалық ғылымдарының магистрі

Алматы технологиялық колледжі

Кілтті сөздер: *worldSkills, емтихан, құзыреттілік, skills Passport, стандарт, кәсіби бағдарлау, құзыреттіліктің техникалық сипаттамасы, инфрақұрылымдық парақ, бағалау критерийлері.*

Ключевые слова: *worldSkills, экзамен, компетентность, Skills Passport, стандарт, профориентация, техническое описание компетенций, инфраструктурный лист, критерии оценки.*

Keywords: *worldSkills, exam, competence, Skills Passport, standard, career guidance, technical description of competencies, infrastructure sheet, assessment criteria.*

Аңдатпа: *Жастарды кәсіби бағдарлауға және кәсіби ынталандыруға бағытталған көптеген өзекті жобалар бар: соның ішінде студенттер мен түлектердің практикалық дағдыларын дербес бағалауға мүмкіндік беретін демонстрациялық емтихан. Демонстрациялық емтиханды өткізудің мақсаты - орта кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелерінің WorldSkills стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтау. Демонстрациялық емтихан өткізу үшін: бағалау құжаттамасының жиынтығы (коды), құзыреттіліктің техникалық сипаттамасы, инфрақұрылымдық парақ, бағалау критерийлері.*

Аннотация: *Существует множество актуальных проектов, направленных на профессиональную ориентацию и профессиональную мотивацию молодежи: в том числе демонстрационный экзамен, позволяющий самостоятельно оценить практические навыки студентов и выпускников. Цель проведения демонстрационного экзамена-определение соответствия результатов освоения образовательных программ среднего профессионального образования требованиям стандартов WorldSkills. Для проведения демонстрационного экзамена: комплект (код) оценочной документации, техническое описание компетенции, инфраструктурный лист, критерии оценки.*

Annotation: *There are many relevant projects aimed at professional orientation and professional motivation of young people: including a demonstration exam that allows you to independently assess the practical skills of students and graduates. The purpose of the demonstration exam is to determine whether the results of mastering educational programs of secondary vocational education meet the requirements of WorldSkills standards. To conduct a demonstration exam: a set (code) of assessment documentation, a technical description of competence, an infrastructure sheet, assessment criteria.*

Ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында студенттердің практикалық дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық емтихан түрінде WorldSkills тәсілі

бойынша студенттерді қорытынды бағалаудың жаңа жүйесін енгізу мәселесіне де назар аударылады. Демонстрациялық емтихан жаңа білім беру технологиялары мен оқыту әдістерін іздеуді ынталандырады және білікті мамандардың көбеюіне негіз болады.

Демонстрациялық емтихан WorldSkills Kazakhstan талаптарына сәйкес нақты қызметтерді немесе өндірістік процестерді модельдеу жағдайында білім, білік және практикалық дағдылар деңгейін айқындау мақсатында өткізіледі.

Бағалау құжаттамасының жиынтығы (коды) - құжаттар топтамасы, демонстрациялық емтиханды тиісінше өткізуді қамтамасыз ететін, оған мыналар кіреді: құзыреттіліктің техникалық сипаттамасы, инфрақұрылымдық парақ, бағалау критерийлері, емтихан тапсырмалары.

Жастарды кәсіби бағдарлауға және кәсіби ынталандыруға бағытталған көптеген өзекті жобалар пайда болды: бұл студенттер мен түлектердің практикалық дағдыларын дербес бағалауға мүмкіндік беретін демонстрациялық емтихан. Демонстрациялық емтиханды өткізудің мақсаты - орта кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелерінің WorldSkills стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтау. Демонстрациялық емтихан - орта кәсіптік білім берудің негізгі кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша немесе олардың бір бөлігі бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттау немесе аралық аттестаттау кезіндегі аттестаттау сынағының түрі, ол түлектердің кәсіби қызметінің практикалық мәселелерін шешу үшін нақты өндірістік жағдайларды модельдеуді қамтамасыз етеді. Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін колледж директоры жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық шығарады, демонстрациялық емтихан тапсырылатын топтар мен біліктіліктер анықталды. Арнайы пән оқытушыларымен, өндірістік оқыту шеберлерімен бағалау құжаттамасы әзірленіп, әлеуметтік серіктестермен келісілді. Емтиханның модульдері мен бағалау критерийлері WorldSkills чемпионатының тапсырма модульдеріне сәйкес келеді. Демонстрациялық емтихан студенттерге игерілген кәсіби құзыреттіліктерін көрсетуге және болашақ кәсіби қызметке дайындық деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді.

Техникалық сипаттама - атауды анықтайтын құжат, WorldSkills стандарттарының сипаттамасы немесе салалық кәсіби стандарттар, бағалау стратегиясы, емтихан тапсырмасына қойылатын негізгі талаптар, емтихан схемасы алаңдар, материалдар мен жабдықтардың тізбесі, еңбекті қорғауға қойылатын талаптар және қауіпсіздік.

Инфрақұрылым парағы - жабдықтар, құралдар тізімі, шығын материалдары, жиһаз, кеңсе керек-жарақтары және т. б. демонстрациялық емтихан өткізу үшін қажетті пәндер.

Инфрақұрылымдық параққа демонстрациялық емтихандағы тапсырманы орындау үшін қажетті барлық инфрақұрылым, жабдықтар мен керек-жарақтар кіреді. Инфрақұрылым парағында осы жабдықтың мысалы және аналогтарды сатып

алу мүмкіндігі болған жағдайда оның нақты және түсінікті сипаттамалары болуы керек.

Әр базалық учаскеде демонстрациялық емтиханды бағалау үшін емтихан комиссиялары құрылады. Емтихан комиссиясының құрамы білім беру ұйымы директорының бұйрығымен бекітіледі. Жабдықтың техникалық жай-күйіне және оның жұмысына, сараптама алаңының инфрақұрылымының жұмысына, сондай-ақ емтихан өткізуге қатысқан барлық тұлғалардың сақталуына жауапты болатын ОӘК демонстрациялық емтихан кезеңіне Техникалық сарапшы тағайындалады. Техникалық сарапшы емтихан тапсырмаларын бағалауға қатыспайды.

Демонстрациялық емтиханның бағалау шарттары:

➤ Егер демонстрациялық емтихан кезінде қатысушы өзін нашар сезінсе, онда тапсырманы орындау уақыты тоқтатылады, медициналық қызметкер немесе жедел жәрдем шақырылады, Бас сарапшы шақырылады. Қатысушы одан әрі оқудан шеттетілген жағдайда емтиханға ауруына немесе жазатайым оқиғасына байланысты қатысу, оған кез келген орындалған жұмыс үшін ұпайлар беріледі.

➤ Дәлелді себептермен тапсырмаларды орындауға кешігіп келген жағдайда қатысушыға рұқсат етіледі, бас сарапшының шешімі бойынша тапсырмаларды орындауға уақыт қосылады/қосылмайды.

Тиісті құзырет бойынша демонстрациялық емтиханның баллмен көрсетілген нәтижелері электронды түрде өңделеді. EDUWSK жүйесі және электронды құжатқа - WorldSkills Ұлттық қозғалыс операторы нысанын белгілейтін дағды төлқұжаты болып қалыптастырылады.

WorldSkills Kazakhstan стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан нәтижелері бойынша барлық емтихан тапсырушылар дағдылар паспортын алады.

Skills Passport – WorldSkills Kazakhstan стандарттары бойынша мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде EDUWSK жүйесіне әрбір қатысушының жеке профилінде демонстрациялық емтихан нәтижесінде жасалған құжат.

Мемлекеттік, орыс тілінде жасалған құзіреттілік паспорты мен ағылшын тіліндегі дағдылар паспорты баламалы болып табылады. Берілген дағдылар паспорттарын тіркеуді WorldSkills Ұлттық қозғалысының операторы берілген тіркеу нөміріне сәйкес электрондық тізілімде жүзеге асырады. WorldSkills Kazakhstan стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан нәтижелері бойынша 60 және одан да көп балл жинаған емтихан алушылар құзыреттілік паспортын (Skills Passport) алады.

Осы бағалау материалдарында қамтылған бағалау құжаттарынан демонстрациялық емтихан өткізу туралы шешім қабылдаған ұйым (бұдан әрі - ұйым) бұл туралы Одаққа сараптама жүргізілетін күнге дейін үш айдан кешіктірмей хабарлайды.

Демонстрациялық емтиханға дайындықты ұйымдастыру үшін материалдар ретінде таңдай отырып, ұйым келіседі:

а) демонстрациялық емтиханға тапсырманың деңгейі мен күрделілігі, оның ішінде ең жоғары балл;

б) демонстрациялық емтиханға арналған жабдыққа, материалдарға және материалдарға қойылатын талаптар;

в) демонстрациялық емтихан шеңберінде бағаланатын білім, білік және дағдылар тізбесі;

г) тапсырмалардың орындалуын бағалау үшін сараптамалық топтардың құрамына қойылатын талаптар.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Ковалев Н.И. Технология приготовления пицци –М, 2000
2. Кухня народов мира.-М, 2000
3. Комарова Т.А. Казахская кухня –А., 1999
4. Татарская Л.Л. Сборник дидактических материалов по курсу «Кулинария»-М.,1992
5. Сборник рецептур блюд и кулинарных изделий –М, 1999
6. www.eduwsk.worldskills.kz

ЖАЛПЫ ПӘНАРАЛЫҚ ӘДІС ПЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ ТИІМДІЛІГІ.

Каскенова Айнагуль Ахметқызы

Тарих және география пәндер оқытушысы

Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжі

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, машиналық оқыту, нейрондық желілер, робототехника, ақпараттық технологиялар, құрама интеллект, этикалық мәселелер.

Ключевые слова: Искусственный интеллект, машинное обучение, нейронные сети, робототехника, информационные технологии, комплексный интеллект, этические вопросы.

Klyuchevyye slova: Iskusstvennyy intellekt, mashinnoye obucheniye, neyronnyye seti, robototekhnika, informatsionnyye tekhnologii, kompleksnyy intellekt, eticheskiye voprosy.

Андамна: Бұл мақалада жасанды интеллекттің қазіргі даму деңгейі мен оның өмірдің түрлі салаларындағы қолданылуы зерттеледі. Авторлар ЖИ жүйелерінің білімді өңдеу, шешім қабылдау және автоматтандырылған процестердегі рөліне назар аударады. Мақалада ЖИ технологияларының мүмкіндіктері мен кемшіліктері талқыланып, болашақтағы даму бағыты қарастырылады. Сонымен қатар, ЖИ-дің этикалық мәселелері мен оның адамзат қоғамына әсері туралы пікірлер ұсынылады.

Аннотация: В данной статье рассматривается современный уровень развития искусственного интеллекта и его использование в различных сферах жизни. Авторы акцентируют внимание на роли систем искусственного

интеллекта в обработке знаний, принятии решений и автоматизированных процессах. В статье рассматриваются возможности и недостатки технологий совместного осуществления и рассматриваются направления дальнейшего развития. Кроме того, представлены комментарии по этическим проблемам ИИ и его влиянию на человеческое общество.

***Annotation:** V dannoy stat'ye rassmatrivayetsya sovremennyy uroven' razvitiya iskusstvennogo intellekta i yego ispol'zovaniye v razlichnykh sferakh zhizni. Avtory aktsentiruyut vnimaniye na roli sistem iskusstvennogo intellekta v obrabotke znaniy, prinyatii resheniy i avtomatizirovannykh protsessakh. V stat'ye rassmatrivayutsya vozmozhnosti i nedostatki tekhnologiy sovmestnogo osushchestvleniya i rassmatrivayutsya napravleniya dal'neyshego razvitiya. Krome togo, predstavleny kommentarii po eticheskim problemam II i yego vliyaniyu na chelovecheskoye obshchestvo.*

Функционалдық сауаттылықты тарих сабағында қалыптастыру үшін оқушыларды тарихты тек жаттап қана қоймай, оны қазіргі заманмен байланыстырып, аналитикалық түрде қарастыруға үйрету маңызды. Бұл әдіс-тәсілдер оқушылардың тарихи білімдерін өмірде қолдануға мүмкіндік береді, сондай-ақ оларды ақпаратты дұрыс бағалап, шешім қабылдауға үйретеді.

Бірнеше әдіс-тәсілдерді атап айтсам, Функционалдық сауаттылық – бұл адамның күнделікті өмірде қажетті ақпаратты алу, өңдеу және оны тиімді пайдалану дағдылары мен қабілеттері.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда жасанды интеллектіні қолдану тиімді, себебі ол оқушылар мен пайдаланушыларға ақпаратты жылдам іздеуге, өңдеуге, дұрыс шешімдер қабылдауға, жеке оқу тәжірибесін жақсартуға және тілдік дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді

Жасанды интеллекттің артықшылығы – оның жеке қажеттіліктерге бейімделуі, оқу процесін жеңілдетіп, әрі тиімді ете алатындығы.

Дегенмен, оны қолдануда этикалық мәселелер мен жауапкершілік талаптары да ескеріліп, дұрыс бағытта пайдаланылуы тиіс. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда жасанды интеллектіні қолдану өте тиімді болуы мүмкін.

Себебі ЖИ көптеген дағдыларды дамытуда маңызды құрал ретінде жұмыс істей алады, әсіресе ақпаратты өңдеу, талдау, шешім қабылдау және жаңа білімді алу процестерінде. Мұнда жасанды интеллектінің функционалдық сауаттылықты дамытуға қалай көмектесетінін бірнеше аспектіден қарастырайық.

Ақпаратты тиімді іздеу және өңдеу.

Функционалдық сауаттылықтың маңызды аспектілерінің бірі – ақпаратты табу, оны бағалау және қолдану дағдылары. Жасанды интеллект осы процесті жеңілдетеді.

Ақпаратты іздеу жүйелері ЖИ негізіндегі іздеу жүйелері пайдаланушыға нақты сұраныс бойынша қажетті ақпаратты жылдам табуға көмектеседі. Сонымен қатар, жасанды интеллект мәтіндерді, деректерді және құжаттарды тез іздеп, маңызды мәліметтерді бөліп көрсете алады.

Деректерді сұрыптау мен талдау ЖИ үлкен көлемдегі деректерді талдап, ең маңызды ақпаратты анықтауға мүмкіндік береді, бұл оқушыларға немесе пайдаланушыларға дұрыс шешімдер қабылдауға жәрдемдеседі.

Деректерді талдау және интерпретациялау

Функционалдық сауаттылық тек ақпаратты табу ғана емес, сонымен қатар оны дұрыс талдай алу және түсінік жасау қабілеттерін де қамтиды.

Автоматтандырылған талдау: ЖИ алгоритмдері күрделі ақпаратты өңдеп, оны визуализациялау арқылы оқушыларға немесе пайдаланушыларға деректерді түсінікті түрде ұсына алады (мысалы, графиктер, диаграммалар, карталар).

Болжам жасау. ЖИ өткен деректер негізінде болашақты болжау мүмкіндіктері береді. Бұл, әсіресе, ғылыми зерттеулер мен әлеуметтік мәселелерді шешу кезінде пайдалы болуы мүмкін.

Қателіктерді түзету және кері байланыс беру.

Функционалдық сауаттылықта қателіктерді анықтау және оларды түзету маңызды дағды болып табылады. Жасанды интеллект осы процесті оңтайландыра алады.

Қателерді автоматты түрде анықтау. ЖИ қолданушыларының қателерін тез анықтап, оларға түсініктеме бере алады. Мысалы, жазбаша жұмыстарды тексергенде немесе математикалық есептерді шешкенде, ЖИ қателіктерді көрсетіп, дұрыстау жолдарын ұсына алады.

Кері байланыс беру. ЖИ оқушының немесе пайдаланушының әрекеттерін бақылап, оларды жақсарту үшін арнайы кері байланыс жүйесін ұсына алады. Жеке оқыту және бейімделу

Функционалдық сауаттылыққа қатысты әр адамның дағдылары мен білім деңгейі әртүрлі болады. Жасанды интеллект осы ерекшеліктерді ескере отырып, жеке оқу жолдарын ұсыну мүмкіндігін береді:

Жеке оқыту бағдарламалары. ЖИ оқушының деңгейіне сәйкес материалды ұсына отырып, оның қажеттіліктеріне қарай бейімделеді. Оқушының алдыңғы нәтижелеріне негізделген тапсырмаларды ұсыну арқылы жеке оқу тәжірибесін жақсартуға болады.

Адаптивті оқу жүйелері Жасанды интеллекттің көмегімен оқушыларға оқу материалдарын олардың жеке ерекшеліктеріне қарай ұсынуға болады. Мысалы, егер оқушы бір тақырыпты жақсы меңгерген болса, оған күрделірек тапсырмалар ұсынылады. Шешім қабылдауды жақсарту

Функционалдық сауаттылық тек ақпаратты жинаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар оны дұрыс шешім қабылдауға пайдалану дағдыларын қамтиды. Жасанды интеллект шешім қабылдау процесін қолдай алады:

Деректерге негізделген шешімдер: ЖИ әртүрлі деректерді талдай отырып, қолданушыға дұрыс және негізделген шешім қабылдауға көмектеседі. Мысалы, бизнес немесе саясат саласында ЖИ дұрыс шешімдерді таңдау үшін маңызды ақпаратты бөліп көрсете алады. Алгоритмдер мен модельдер Жасанды интеллект түрлі жағдайларда қолданушыға ұсыныс жасап, оларды деректер мен нәтижелер

бойынша шешім қабылдауға бағыттай алады.Тілдік дағдыларды дамыту. Функционалдық сауаттылыққа тілдік дағдылар да жатады, және жасанды интеллект бұл салада да көмектесе алады.Тілдерді үйрету.

ЖИ негізіндегі қосымшалар мен бағдарламалар (мысалы, Duolingo) адамдарға тіл үйренуге көмектеседі, сонымен қатар дұрыс жазу мен сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Текст талдау ЖИ мәтіндер мен құжаттарды талдай отырып, тілдік қателерді анықтап, оларды дұрыстауға көмек көрсетеді. Жаңа білім мен дағдыларды үйрену. Жасанды интеллект оқушылар мен пайдаланушыларға жаңа білім мен дағдыларды игеруге ықпал етуі мүмкін. Интерактивті оқу құралдары ЖИ негізіндегі құралдар оқушыларды теориялық білімді практикамен байланыстырып, оларды нақты әлемде қолдануға үйретеді. Моделдеу және симуляциялар Жасанды интеллекттің көмегімен түрлі әлеуметтік немесе ғылыми құбылыстарды моделдеу және оқу процестерін практикалық тұрғыдан үйрену мүмкіндігі артады.

Тарих пәнінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдануға болады. Міне, солардың кейбірі. Интерактивті карталар мен тарих тақырыптары бойынша мультимедиялық презентациялар жасау. Тарихи деректерді цифрлық түрде өңдеу. Тарихи мәліметтерді жинап, оларды сандық түрде талдау (мысалы, статистикалық мәліметтерді графиктер мен диаграммалар түрінде көрсету).Технологияларды пайдалану

Цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға көмектеседі. Мысалы, тарихи деректерді жинау, оларды сандық фо Жеке және топтық тапсырмалар: Оқушыларға өздерінің деңгейіне сәйкес тапсырмалар беру арқылы оларды әртүрлі қиындықтағы мәселелермен таныстыру. Кері байланыс беру Оқушыларға өз жұмыстарының нәтижелері мен қателіктері туралы кері байланыс беру арқылы оларды өз бетінше ізденуге ынталандыру.

Форматта өңдеу және түсініктемелерді визуализациялау Тарихи рөлдер ойыны . Оқушылар белгілі бір тарихи тұлға немесе топтың рөлін орындап, сол кезеңнің жағдайларын, шешімдерін және әрекеттерін талдайды. Симуляциялар: Тарихи жағдайларды симуляциялау арқылы оқушылардың шешім қабылдау дағдыларын дамыту. Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы кезінде не болған болар еді?» деген сұраққа жауап беру.Оқыту мен бағалаудың дифференциалды әдістері. Тарих сабағында оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, тапсырмалар мен бағалау критерийлерін әртүрлі деңгейде ұсыну маңызды.Интернет-ресурстармен жұмыс: Оқушылар интернеттен тарихи ақпарат жинап, оны тексеріп, салыстыру дағдыларын меңгереді. Кесте, диаграмма жасау. Тарихи процестер мен оқиғаларды кестелер мен диаграммалар түрінде визуализациялау.

Бұл әдіс ақпаратты жүйелеуге және оны тиімді талдауға көмектеседі.Оқиғалардың себеп-салдарын анықтау.Тарихи оқиғалардың себептерін түсіну, олардың салдарын болжамдау және уақыт бойынша байланыстарды көрсету — функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі жолы. Пәнаралық әдіспен байланысы. Пәнаралық әдіс оқушыларға бірнеше пәндерді біріктіріп, функционалдық сауаттылықтың түрлі компоненттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Мысалы, тарих пен географияны бірлесіп оқыту оқушыларға табиғат, қоғам және адам арасындағы өзара байланысты түсінуге көмектеседі.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда пәнаралық әдістің маңызы зор. Оқушыларға теориялық білімді өмірде қолдануға үйрету, олардың жеке өмірінде кездесетін мәселелерді шешу үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Пәнаралық әдіс — оқушылардың белгілі бір пәндерге байланысты білімін басқа пәндермен байланыста қолдануға мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, себебі әртүрлі пәндердің теориялық білімдерін біртұтас жүйеде қарастыруға мүмкіндік береді.

Тарих пен география пәндерін пәнаралық әдіспен оқыту арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту – оқушылардың тек білімін ғана емес, сонымен қатар өмірде қолдану дағдыларын да жетілдіру. Функционалдық сауаттылық — оқушылардың алған білімін өмірде қолдана білу қабілеті, яғни оларды тек пәндер бойынша теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар осы білімдерді практикалық жағынан қолдана білуге үйрету.

Қолданылған әдебиеттер.

1. [OECD (2013). OECD Skills Outlook 2013: First Results from the Survey of Adult Skills. OECD Publishing]
2. [Russell, S., & Norvig, P. [2016]. Artificial Intelligence: A Modern Approach. 3rd Edition. Pearson.]
3. [McCarthy, J., Minsky, M., Papert, S., & Shannon, C. 2006. Artificial Intelligence: A New Synthesis. Morgan Kaufmann].
4. [Goodfellow, I., Bengio, Y., & Courville, A. 2016. Deep Learning. MIT Press.]
5. [Bishop, C. M. 2006. Pattern Recognition and Machine Learning. Springer.]
6. [Siciliano, B., & Khatib, O. 2016 Springer Handbook of Robotics. Springer.]
7. [Craig, J. J. 2005 Introduction to Robotics: Mechanics and Control. Pearson.]
8. [Binns, R. 2018 The Ethics of Artificial Intelligence. Springer.]
9. [Bryson, J. J. 2018 The Ethics of AI and Robotics. The Cambridge Handbook of Artificial Intelligence. Cambridge University Press.].

ОҚЫТУДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯҢЫҚ ӘДІСТЕР МЕН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Касенова Лаура Алмахуновна

арнайы пәндер оқытушы, ғылым магистры, педагог-модератор

Алматы құрылыс және менеджмент колледжі

***Кілтті сөздер:** инновациялық технологиялар, инновациялық әдістер, ақпараттық технология, интерактивті тақта, жасанды интеллект.*

Ключевые слова: инновационные технологии, инновационные методы, информационные технологии, интерактивная доска, искусственный интеллект.

Keywords: innovative technologies, innovative methods, information technology, interactive whiteboard, artificial intelligence.

Аңдатпа: Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды, өзекті мәселелердің бірі бұл оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру екені баршаға белгілі. Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың сапасын арттыру мақсатында инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялардың қолданылуы ерекше маңызға ие. Қоғамның ақпараттық қоғамға айналуы, ғаламдық бәсекеге қабілеттілікке талпыну және білім беру саласында жаңа тәсілдерді енгізу қажеттілігі оқу үрдісіне елеулі өзгерістер енгізуде.

Аннотация: Одной из важнейших и актуальных проблем современной системы образования является внедрение новых инновационных технологий в образовательный процесс, а также информатизация образования, что известно каждому. В современной образовательной системе использование инновационных методов и информационных технологий играет особую роль в повышении качества обучения. Преобразование общества в информационное, стремление к глобальной конкурентоспособности и необходимость внедрения новых подходов в сферу образования вносят значительные изменения в учебный процесс.

Annotation: One of the most important and relevant issues in the modern education system is the introduction of new innovative technologies into the educational process, as well as the informatization of education, which is widely recognized. In today's educational system, the use of innovative methods and information technologies plays a key role in improving the quality of learning. The transformation of society into an information-based one, the drive for global competitiveness, and the need to implement new approaches in the field of education are bringing significant changes to the educational process.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды, өзекті мәселелердің бірі бұл оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру екені баршаға белгілі. Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың сапасын арттыру мақсатында инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялардың қолданылуы ерекше маңызға ие. Қоғамның ақпараттық қоғамға айналуы, ғаламдық бәсекеге қабілеттілікке талпыну және білім беру саласында жаңа тәсілдерді енгізу қажеттілігі оқу үрдісіне елеулі өзгерістер енгізуде.

Инновациялық әдістердің мәні мен маңызы. Инновациялық әдістер деп жаңа идеяларды, техникаларды және тәсілдерді қолдану арқылы оқыту мен оқу үрдісін жетілдіруге бағытталған әдіс-тәсілдерді айтамыз. Олар білім беру процесінің нәтижелілігін арттыру, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың білімге деген қызығушылығын қалыптастыру мақсатында қолданылады. [1, с.57]

Қазіргі кезде білім беруде қолданылатын инновациялық әдістердің арасында:

• *Жобалық әдіс:* Білім алушылар нақты мәселелерді шешу барысында шығармашылық қабілеттерін дамытып, өз бетімен жұмыс істей алады.

• *Дебаттық әдіс:* Білім алушылар өз ойларын дәлелдеп, пікірталастарға қатыса отырып, сыни ойлау дағдыларын жетілдіреді.

• Ойын технологиялары: Оқу материалын қызықты әрі оңай меңгеру үшін ойын элементтерін қолдану.

• *Кейс-стадий әдісі:* Нақты өмірден алынған мысалдар негізінде білім алушылар мәселені талдап, шешімдер қабылдауға үйренеді.

Бұл әдістер білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға, топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ практикалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді. [2,с.48]

Ақпараттық технологиялардың білім беру саласындағы рөлі. Ақпараттық технологиялар қазіргі білім беру жүйесіне кеңінен енуде. Интернет ресурстары, цифрлық білім платформалары, оқу бағдарламалары және мультимедиялық құралдар білім алушылардың оқу процесін жеңілдетіп, қызықты етеді. [3,с.55]

• *Электрондық оқулықтар мен онлайн курстар:* Бұл құралдар оқу материалдарын оқушыларға ыңғайлы форматта ұсынуға мүмкіндік береді. Онлайн курстар оқытудың уақытын және орнын шектемейді, бұл әсіресе қашықтан оқыту кезінде маңызды.

• *Интерактивті тақталар:* Сабак барысында мұғалімдер мен білім алушылар арасында тікелей байланыс орнату үшін қолданылады. Бұл құрылғылар оқыту үрдісін жандандырып, визуализацияны тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

• *Білім беру бағдарламалары мен қосымшалар:* Жанашыл технологиялар білім алушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесіне белсенді түрде араласуға көмектеседі. Мысалы, түрлі пәндер бойынша қолданылатын қосымшалар оқушыларға әртүрлі тапсырмаларды орындауға, өз бетімен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. [4,с.73]

• *Қашықтан оқыту жүйелері:* Онлайн білім беру платформалары арқылы қашықтан оқыту курстары, семинарлар мен вебинарлар ұйымдастырылады.

Бұл жүйе білім алушылар мен мұғалімдер үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. [4,с.81]

Жаңа әдістер мен технологиялардың білім сапасына әсері. Жаңа инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар оқыту сапасын арттырып, оқу процесінің барлық қатысушыларының, яғни білім алушылар мен мұғалімдердің белсенділігін көтеруге мүмкіндік береді. Мұндай әдістер оқу материалының терең және түсінікті меңгерілуіне ықпал етеді, білім алушылардың өздігінен жұмыс жасауына және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. [5,с.36]

Білім беру саласында ақпараттық технологиялардың тиімді қолданылуы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға да ықпал етеді. Олар инновациялық әдістер мен жаңа технологияларды меңгеру арқылы білім алушылардың қажетті дағдыларын қалыптастыруда тиімді әдістерді қолдана алады. [6,с.74]

Болашаққа көзқарас. Білім беру жүйесінде инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану әлі де дамуды қажет етеді. Алдағы уақытта оқу процесінде виртуалды және қосымша шындық технологияларын қолдану, жасанды интеллектті пайдалану арқылы оқытуды жеке дараландыру, сондай-ақ білім алушылардың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру құралдарын жасау маңызды міндеттер болып табылады. [7,с.94]

Қорыта айтқанда, оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану білім сапасын жақсартуға, оқушылардың мотивациясын арттыруға және олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл үрдістер білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, оны заманауи талаптарға сай жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасының Қазақстан халқына жолдауы. 14.12.2012 ж. // Егемен Қазақстан газеті. 23 ноябрь 2013 жыл.
2. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
4. М. Құбашева... Жаңа ақпараттық технологиялармен оқыту.// Информатика негіздері. 2010 - №5. - 6 б.
5. Р. Көбенғалиева Білім беруде ақпараттық технологияны насихаттау //Информатика негіздері. - 2012- №5. - Б. 9-10.
6. Қалиева Г. Жаңа технологиялардың тиімділігі //, Қазақстан мектебі журналы. - 2010. - № 2. - Б. 2732.
7. Исаков К.Т., Давыдов В.В., Рубцов В.В., Психологические основы организации учебной деятельности, опосредованной использованием компьютерных систем // Психологическая наука и образование. - 2010. - № 2.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

Сактапова Жадыра Кыпшакбаевна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндер оқытушысы
Алматы көпсалалы колледжі

Түйінді сөздер: *инновация, технология, мультимедия, білім алушы*

Ключевые слова: *инновации, технологии, мультимедиа, обучающийся*

Key words: *innovation, technology, multimedia, student*

Аңдатпа: *Жаңа ғасыр толассыз ақпараттың үздіксіз ағынына жылдам ілесуі қажеттілігін туындатқандықтан барша адамзатқа компьютерлік сауаттылықтың болуын талап етуде. Білім берудің негізгі мақсаты – білім*

мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігін мұқият қарастырытын дәуір. Бүгінгі қоғамдағы демократиялық бастамалардың барлығы педагогтер арқылы жүзеге асады. Педагог – қоғам айнасы.

Аннотация: *Новый век требует, чтобы все человечество обладало компьютерной грамотностью, поскольку это порождает необходимость быстрого сопровождения непрерывного потока непрерывной информации. Основная цель образования заключается в том, чтобы наряду с обновлением содержания образования повысить эффективность использования различных методов и средств обучения. Большую роль в реализации этой цели играет метод использования информационных технологий. XXI век-это эпоха информационного общества, эпоха технологической культуры, эпоха пристального внимания к окружающему миру, здоровью человека, профессиональной культуре. Все демократические инициативы в современном обществе реализуются педагогами. Педагог-зеркало общества.*

Annotation: *The new century requires all mankind to be computer literate, as it requires the need to quickly keep up with the continuous flow of information. The main goal of education is not only to update the content of education, but also to increase the effectiveness of using methods and various means of Education. The method of using information technology plays a huge role in the implementation of this goal. The XXI century is the era of the information society, the era of technological culture, the era of careful consideration of the surrounding world, human health, professional culture. All democratic initiatives in today's society are implemented through teachers. The teacher is a mirror of society.*

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде инновациялық технологияларды ұтымды пайдалану арқылы білім алушыларға қазақ тілі мен әдебиетінен білім, білік және дағды беріп қана қоймай, сонымен қатар қазақ тілінде сөйлейтін, ойлайтын, жаңаша өмір жағдайына бейімделген, парасатты және рухани өмір ағымында өзіндік жетілген студенттің жеке тұлғасын дамыту.

Инновация - жаңалыққа талпыну- бұл сән немесе еліктеушілік емес, қатал шындық - өмір қажеттілігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Үйретілген тілдік материалдарға, жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, бұрынғыға қарағанда күрделеніп, тілді үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріліп жатқаны да белгілі.

Қазір әдістеме ғылымында оқытудың жаңа технологиясы деген ұғым кеңінен қолдануда. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Екеуінің де мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдары.

Инновация – дегеніміз, білім, тәрбие жұмысына жаңалық енгізу, яғни, жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған. Бүгінгі таңда біздің міндетіміз – білім алушыны жеке тұлға ретінде дамыту үшін, жұмысымызды жаңашаландыру – жаңа технологияны енгізу. Бұл ұғым біздің өмірімізге берік еніп келеді, дегенмен оның мән-мағынасы туралы пікірлер сан алуан.

Технология грек сөзі, түсіндірмелі сөздікте бұл – қандай да болсын жаңа істегі шеберлік, өнерпаздық, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Технология инновациялық іс-әрекет оқытудың жаңа формалары, амалдарынан іздене отырып, белгілі бір уақытта алдыға нақты, тұжырымды мақсат қоя отырып, жоғарғы нәтижеге жетуді талап етеді. Жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттерінен ізденуді, яғни, білім мен тәрбиеде ғылымның нәтижеге қол жеткізуі, жаңа ізденістерді оңтайлы пайдалану, сол арқылы жоғарғы көрсеткіштерге жету деген сөз. Жоғарғы көрсеткіш білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізу. Осы мақсатта жұмыс істеу бүгінгі күн педагогтарының көкейкесті мәселесі. Олай болса, бүгінгі күні тіл тағдырына тек- сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де көңіл бөліп, «тіл тағдыры- ел тағдыры» деген мақалдың мәніне шың үңілсек, оны оқыту дәрежесі де бізді ойландыруы тиіс. Оқытушы сабақ беруде өз шеберліктерін шыңдап, дамыту үшін жаңа оқу технологиясының алуан түрлерін меңгеріп, оны өзінің күнделікті сабағында қолданып отыруы қажет.

Оқу процесіндегі негізгі инновациялық технологиялар:

1. Кейс-технология
2. WEB технолоия
3. Коммуникациялық технология
4. Ақпараттық технология
5. Инерактивтік әдіс технологиясы
6. Мультимедиа технологиясы
7. Телекоммуникация немесе электронды оқыту технологиясы

Бүгінгі таңда мультимедиалық үйретуші бағдарламалар, электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторларының бірі болып саналады. Себебі, компьютерді басқа құралдармен салыстырғанда оның басымдылығы жоғары: әр түрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындай алады; бейнелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы; дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі. Психологтардың пайымдауынша, сабақта әр түрлі компьютерлік технологияларды пайдалану студенттердің қызығушылығын арттырады және өз қабілетіне сенімділігін тудырады. Ғалым Қарлығаш Қадашқызы Қадашева былай дейді: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады. Бірақ оқытудың жаңа техникалық және электронды құралдарын тиімді пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты».

«Мультимедиа» латын тілінен аударғанда «көп орта» дегенді білдіреді. Мультимедиа - толық зерттелмеген оқытудың өте қиын технологиялық құралы. Мультимедиялық технологиялар оқытудың дәстүрлі қағидаларымен сабақтастықта болу керек. Мультимедиа – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарды пайдаланып интерактивті бағдарламамен қамтамасыз ету, мәтінді, дыбысты, бейнені біріктіріп пайдалану. Бүгінгі таңда мультимедиаға ұсынылған жаңа аудиовизуалдық техникалық құралдар әдістемеші қазақ тілі мұғалімдерінің тілді оқытуға жаңаша қарауын және өз әдістерінің жетілдіруін талап етеді. Қазір қазақ тілін оқытушылардың қарамағында компьютерлік техниканы қолдануға негізделген ОТҚ бірнеше түрі бар. Оқытушы қазақ тілі сабағында компьютерлік презентацияларды, дыбыс және бейне материалдарды, слайдтарды, қарапайым және күрделі анимациялы графикалақ объектілерді пайдалана алады. Мультимедиялық құралдар мұғалімнің сабақтағы әрбір білім алушыға ақпаратты тиімді жеткізуіне көмектеседі. Мультимедиялық құралдар әр түрлі бағытта оқытуды және сабақ беруді өзгертуі мүмкін. Сабақта мультимедиялық құралдарды қолданудың келесі түрлері бар,оның бірі: мультимедиялық құралдармен жұмыс істеу. Бұл тәсіл сабақты түрлендіруге мүмкіндік береді: иллюстрация, аудио, бейнематериал арқылы; компьютерлік презентация қолданумен өткізілетін сабақтар.(Бұған жаңа материалды түсіндіру, қорыту, жинақтау сабағы, дәріс-сабағы, ғылыми конференция сабағы кіреді); жоба қорғау сабақтары (білім алушылардың шығармашылық потенциалын іске асыру тәсілі); компьютерлік қадағалаумен өткізілетін сабақтар сабақтың әр түрлі кезеңінде білім алушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда: тақырыпты оқып үйретеді; дұрыс сөйлеуге үйретеді; ережелерді сызбалар арқылы түсіндіріп, білім алушылардың есінде сақтауға көмектеседі; аудио таспадағы өлеңдерді, электронды оқулықтарды компьютер арқылы енгізіп, тақырыпты ашуға, білім алушыға жеткізуге көп көмектеседі; әрбір білім алушы таңдалған тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, тестілер шешіп, семантикалық карталар және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Мультимедиялық құралдарын қазақ тілі мен әдебиеті сабағына енгізгенде мынадай нәтижелерді көруге болады: пәнге деген қызығушылық, сабақта білім алушылардың өз оқу үрдісіне әр білім алушының белсенді қатысуын қамтамасыз ету; білім алушылардың танымдық шығармашылық деңгейін арттыру. Компьютерлік және мультимедиялық технологияларды пайдалану сабақты қызықты және білім алушылардың мотивациясын жоғарылатады. Қазақ тілі мен әдебиет сабағында қазіргі заманғы иллюстрацияларды көрсету, оларды пайдалану және жазбаларды тыңдауға зор мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мультимедиялық құралдарды пайдалануда пәннің ерекшелігін естен шығармау керек. Яғни, әдеби тілдік норманы меңгерту мен жаратылыс бағытындағы пәндерді оқытудың әдістемесіндегі айырмашылықтар назарда болуы тиіс. Сабақта қойылатын

мақсаттар мен орындалатын қолданыс жаттығуларының мазмұны бір-біріне сәйкес келуі маңызды. Сондықтан мультимедиялық құралдардың мүмкіндіктерін қазақ тілі пәнінің мазмұндық, құрылымдық талаптарына сәйкес ұйымдастыру қарастырылады. Қазірде оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде оқуға мотивация беріп отыру өте маңызды болып отыр. Білім алушының зейіні көп тұрақтамайтындықтан сабақтағы әрбір этапта бұл сақталуы тиіс оқытудың қажетті құрамды бөлігіне айналуға. Себебі білім алушының дайындығы сабақ үдерісіндегі мұғалімнің ұсынған оқу міндеттерімен сәйкес келмесе, білім алушының белсенділігі де қызығушылығы да бірден төмендейді. Сондықтан оқу мақсаттарын қоюда мұғалім білімгерлердің деңгейін ескерген жөн. Мұғалім мультимедиялық құралдарды қолдану барысында оқу мақсаттарын нақты қою арқылы білім алушыларда белгілі дағдыны қалыптастырып отырады. Білім алушы компьютермен жұмысты бастағаннан одан не талап етіліп жатқанын білуі тиіс. Оқыту міндеттері сабақ барысында анықталады. Білім алушы компьютердің сыртқы дизайнына немесе суреттеріне қызықпауы керек, ол оқу мақсатын дұрыс түсініп, оны орындаудағы талаптарды қабылдап, өзінің іскерлік практикалық дағдысын қалыптастыратын деңгейге жетуі басты назарда болады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мультимедиялық құралдарды қолдануға негізделген интерактивті тақтада жұмыс жаттығуларын жеңілден күрделіге қарай ұстанымы негізінде ұсынылады. Тапсырмаларды білім алушылардың деңгейлеріне қарай топтастыру қажет: Kahoot, Flippiti.net, Тест, Сауалнама, Quizlet, жалпы тақырыптық тапсырмалар мен жаттығулар. Тапсырмаларды әдеттегі қалыптан гөрі интерактивті тақтадан көрсету анағұрлым көбірек нәтижеге жеткізетіні аңғарылды. Эксперимент тәсілдері арқылы анықталған көрсеткіштер жалпы, білім алушылардың білім деңгейлеріне қазақ тілін қабылдауына қарай мультимедиялық құралдарды талғап қолдануды ұсынады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында білім алушылар тест сұрақтарын мультимедиялық құралдар арқылы шешуге көбірек қызығатыны анықталды. Бұлардың қайсысы болмасын, білім алушының зиятына әсер ететін, оқутанымын кеңейтетін үдерістер. «Басқа техникалық оқыту құралдарына қарағанда компьютерлік оқыту бағдарламаларының интерактивтілігі, яғни білім алушының сұрақтары мен іс-әрекетіне дереу жауап беру мүмкіндігі бар екендігі, оның үстіне мәселені анықтай түсуге, мәліметтерді беруге, білім алушыға ақпаратты ұсына алатындығында»[2,26].

Жас ұрпаққа сапалы білім беру үшін әрбір оқытушы үнемі ізденуі, өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Осыған орай мен де қазақ тілі мен әдебиеті пәнін жаңартылған бағдарлама негізінде үйрету курстарынан өттім. Енді әрбір сабағымды қызықты әрі мазмұнды ұйымдастыру үшін жан-жақты ізденудемін. Іздену барысында оқытудың жаңартылған модульдерін іске асыру мақсатында бейнебаяндар, көрсетілімдер мен талдау әдістерін практикалық түрде қолдана отырып, білім алушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне деген қызығушылықтарын арттырамын. Әр сабаққа теорияны практикамен ұштастырып, жаңартылған білім беру бағдарламасында ұсынылған модульдерді пайдаланамын.

Өз сабақтарымда тақырыптарға байланысты топтық, жұптық, жеке жұмыс түрлерін пайдаланамын. Сабақтарда бірлескен топтық жұмыс жасаудың маңызы зор. Себебі білім алушылар әртүрлі сұрақтарды бір-бірімен талқылап, тартысып сабақтың қызықты өтуіне өз үлесін қосады және виртуалды көрсетілімдерді тындай отырып, сабақты бір-бірлеріне түсіндіру арқылы өзара ынтымақтастық нығаяды. Әрбір сабағымда тақырыпқа сай түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Мен өзімнің сабағымда көбінесе білім алушыларға Kahoot, Flippiti.net, Тест тапсырмаларын ұсынамын. Өз сабағымда студенттерді әртүрлі тәсілдермен топқа бөлемін, мысалы: «Пазл» әдісі арқылы екі топқа бөлемін, топқа бөлінген соң, жаңа тақырыпты түсіндірмес бұрын үйге берген тапсырманы өзектендіру үшін өтілген тақырып бойынша сұрақтар қойып, білім алушыларға Flippiti.net викторинасын мультимедиялық технолология арқылы интербелсенді тақтадағы сұрақтарға жауап береді. «Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі арқылы студенттер берілген сөздер мен сөз тіркестерін жазып, өз ойларын спикерлер тақтаға шығып сөйлейді. «Ой қозғау» әдісі бойынша «Жаңа тақырып бойынша қандай тың мәліметтер білдіңдер?» - деген сұрақты өйіп ой қозғаам, студенттер ойланады, әрқайсысы өз ойларымен бөліседі, ой-өрістерін кеңейіп дамиды. Мәтінмен жұмыс кезінде, мәтінді талқылау үшін «Бір миут» әдісін пайдаландым. Жаңа сабақты бекіту барысында Flippiti.net бағдарламасына тағы да сұрақтар қойып бекітемін. Мысалы: «Абай мен Лермонтов» тақырыбын өткенде, үй тапсырмасын өзектендіруге, сабақтың ортасында және сабақты қорытындылау кезінде Flippiti.net бағдарламасын қолдандым. Топтағы білім алушылар 2 топқа бөлініп өздерінің сабақтан алған білімдерін жарыса шындап, қорытындылады. Рефлексияға «Синквейн» әдісін пайдаландым. Кері байланыс кезінде «Екі жұлдыз, бір тілек» яғни сабақта ұнаған екі нәрсемен бір ұсынысын жазады. Мен келесі сабақтарымды студенттердің жазған ұсыныстарын есепке ала отырып жоспарлаймын.

Қорытындылай келе, жаңартылған білім беру бағдарламасы оқытушыларға үлкен міндет жүктейді. Сол міндетті абыроймен атқару үшін үнемі іздену, әлемдегі озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құра аламыз деген ойдамын. Біз, педагогтердің мақсаты – заман талабына сай өз бетінше ойлай алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын білімді де білікті жастарды тәрбиелеу.

Мен өз тәжірибем барысында мультимедиялық технологияларды қолданудың мынадай түйіндемесін жасадым:

- білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігін арттырады;
- ойлаудың алгоритмдік стилі дамиды, тиімді шешімдер қабылдау, вариативті әрекет ету қабілеттерін қалыптастырады;
- оқытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді;
- мұғалім артық жұмыстардан арылып, шығармашылыққа беттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. /- М., РГУ, 2019. -30б.

2. Сүлейменова Б.Б. Интерактивті тақтаның арнайы бағдарламасын пайдалану технологиясы /оқу құралы/ Ақтау: Ш.Есенин атындағы ҚМТЖИУ,2020, - 77б.
3. Тухметов Н.О. / Үштілдік интерактивті оқыту технологиясы/ 2020, -80 б

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Сманов Асетхан Арыстанович
механика магистрі, педагог-модератор
Нархоз Университетінің Экономикалық колледжі

Түйін сөздер: студент, шығармашылық ойлау қабілет, өзіндік жұмыс, шығармашылық іс-әрекет, кредиттік оқу жүйесі.

Ключевые слова: студент, творческое мышление, самостоятельная работа, творческая деятельность, кредитная система обучения.

Keywords: student, creative thinking, independent work, creative activity, credit system of education.

Аңдатпа: Мақалада студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызын көрсете отырып, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру да студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға зор мүмкіндік беретіні жайлы баяндалады. Сондай-ақ, шығармашылық ойлаудың міндеттері көрсетіледі. «Шығармашылық» ұғымының мазмұны «шығару», «іздену», «жаңаны ойлап табу» деген мағынаны білдіреді, ол жаңалық ашатын адамның әрекетінен, адамның мақсатқа бағытталған қызметіндегі ізденімпаздығы мен белсенділігінен, табандылығы мен жігерінен құралып, ақыл-ой мен сезімінің, креативтілігінің бірегейлігінен туындайды деп айтамыз. Елімізде шығармашылық ұғымын зерттеген ғалымдар қарастырып, ой пікірлерін талдайды. Яғни, өз бетімен жұмыстың маңыздысы — студенттің өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол.

Аннотация: В статье рассказывается о важности организации самостоятельной работы студентов, о том, что организация самостоятельной работы также дает большую возможность для развития творческого мышления студентов. Также обозначаются задачи творческого мышления. Содержание понятия «творчество» означает «извлечение», «поиск», «изобретение нового, которое состоит из деятельности человека, открывающего открытие, пытливости и активности, настойчивости и решительности в целенаправленной деятельности человека, уникальности ума и чувств, креативности. В нашей стране понятие эмиграции рассматривается учеными и анализируется их мнение. То есть, что важно для самостоятельной работы-это умение студента выполнять самостоятельно, повышение учебной активности, формирование творческого потенциала.

Abstract: *The article tells about the importance of organizing independent work of students, that the organization of independent work also provides a great opportunity for the development of creative thinking of students. The tasks of creative thinking are also indicated. The content of the concept of "creativity" means "extraction", "search", "invention of a new one, which consists of the activity of a person discovering a discovery, inquisitiveness and activity, perseverance and determination in purposeful human activity, uniqueness of mind and feelings, creativity. In our country, the concept of emigration is considered by scientists and their opinion is analyzed. That is, what is important for independent work is the student's ability to perform independently, increase learning activity, and form creative potential.*

Қазіргі рухани жаңғыру жағдайында бүгінгі ұрпақтың өз елінің жетістіктері мен озық үлгілерін дамытып, өзге елге паш ететіндей бәсекеге қабілетті болып өсуі үшін білімді, шығармашыл тұлға болып қалыптасуы абзал. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған «Рухани жаңғыру – болашақ бағдары» мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғым ұлттық сананың кемелдеуін білдіретіндігі айтылған. Сондай-ақ, осы мақалада Қазақстан халқының бойларында «ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалатын» бәсекеге қабілетті елдің негізін, құрайтын шығармашыл тұлға тәрбиелеу қажеттігі көрсетілген [1].

Осы тұрғыдан жас ұрпақты тәрбиелеп, дамытатын маманның өзі тәуелсіз шешімдерді қабылдауға қабілетті, жеке мамандықтарға ие және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті шығармашыл адам болуы керек. Сол себепті де қазіргі мамандар даярлайтын оқу орындарына, соның ішінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына жоғары талаптар қойылып отыр.

Сондықтанда Қазақстанда жоғары оқу жүйесінде түбегейлі реформалар енгізілуде. Соның бірі - жоғары оқу орындарына кредиттік оқыту жүйесін енгізу.

Кредиттік оқыту жүйесіне көшудегі негізгі мақсат – білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен кіріктіру және өндіріс пен нарықтық жағдайдың өзгеріп тұратын заманында кәсіби мамандардың әлемдік сұранысқа, бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік жасау болып табылады.

Кредиттік оқу жүйесіндегі студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың студенттер үшін ерекше бір маңызы – болашақ мамандар, білімнің әр түрлі аймағынан ақпаратты қолдана отырып, нақтылы тәжірибелік мәселелердің шешуін тауып үйренулеріне әсерін тигізеді. Ол дегеніміз студенттердің шығармашылық ойлауын зор септігін тигізеді.

Жоғары кәсіби білім берудің негізгі міндеті – болашақ мамандардың өз бетімен жұмыс істеу білігін мақсатты түрде, бірізділікпен дамыту керек. Сонымен қатар үйрене білу біліктілігі мен жаңа білімді шығармашылықпен қолдана білу дағдылары да қалыптасуы тиіс. Бұл мәселені жан-жақты ойластырылған студенттердің өзіндік, танымдық қызметтерін ұйымдастырудың формасы ретіндегі студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) арқылы шешуге болады.

Студенттің өзіндік жұмысы дегеніміз – олардың интеллектуалды, жігерлі және кәсіптік қасиеттерін дамытатын, оқу бағдарламасында қарастырылған, оқу материалының мазмұны мен керекті көлемін игерудегі оқу жұмысының жан-жақты түрлері [2].

Нақтырақ айтқанда, өздігінен орындайтын жұмыстың мақсаты – студент алған білімін жан-жақты қарастырып дамыта білуіне, ізденіске ұмтылуына, өзінің алдына қойған мақсатына жету үшін алған ақпаратты қолдана білуіне себеп болуға негізделген.

Өзіндік жұмыстарды жүзеге асырудың кезеңдері:

1-кезең. Осы тақырыпты немесе белгіленген мазмұнды игеру мотиві. Өздігінен ойлану, ізденіс, өздігінен саналы түрде дербес әрекет етуге бетбұрыс жасау. Негізгі тірек түсініктерді айқындап, теориялық тұрғыдағы педагогикалық, психологиялық, әдістемелік еңбектерді жинақтау.

2-кезең. Ой қозғау, ойлану, ой операцияларын дамыту, оны іске асырудың жолдарын қарастыру. Әдебиеттерге талдау жасай білуге жаттықтыру, қысқаша аннотациялау, ойды жүйелеп конспектілеу, дерек көздеріндегі мәліметтерді жинақтау, қорыту. Теориялық алған білімдерін тәжірибеде жүзеге асыру жолдарын қарастыру. Өздігінен іздену нәтижесінде шығармашылық мүмкіндіктерін аша түсу, өз ойын жазбаша қағаз бетіне түсіре білуге дағдылану және ауызша айтып жеткізе білуге үйрену.

3-кезең. Ой қорыту. Жұмысты жүйелі жүргізіп, белгілі нәтижеге қол жеткізуге бағыттау. Ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, материалдың мазмұнын ашып, мәнін түсінуге жетелеу.

Өздік жұмыстарға ұсынылатын тақырыптар тартымды, әрі өткен материалдарды тиянақтап бекітуге, мазмұнды кеңейтуге бағытталғаны тиімді болмақ. Студенттердің өзіндік жұмыстары нәтижелі болуы, тапсырмаларды жүйелі және кешенді түрінде берілуіне байланысты.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамыту үдерісі үнемі шығармашылық білім берудің келесідей барлық міндеттерін шешуге мүмкіндік береді:

- әртүрлі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы оқу үдерісін ұйымдастыру;
- оқу-тәрбие үдерісін жобалау, жүзеге асыру және түзету;
- оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнын сараптау;
- оқу үдерісінде авторлық эксперименттік оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және енгізу.

Шығармашылық проблемасы ықылым заманнан бері күні бүгінге дейін зерттеліп келеді. Ғылыми еңбектерде шығармашылық мазмұнына қарай, *төрт бағытта қарастырылған*:

– *тәңірлік құбылыс* (Аристотель, Платон, әл-Фараби, А.Ясауи және т.б.);

- *санадан тыс жүретін интуитивтік үдеріс* (А.Бергсон, Н.А.Бердяев, Б.А.Лезин, Ф.Шеллинг, А.Шопенгауэр және т.б.);
- *әрекет* (С.Т.Шацкий, Л.И.Божович, және т.б.);
- *жеке тұлғаны қалыптастыру құралы* (Ш.Т.Таубаева, Қ.Ж.Бұзаубақова, Р.С.Омарова, және т.б.).

Шығармашылыққа көзқарастар қазақстандық ғалымдар еңбектерінде де көрініс тапқан (Ж.Ы.Намазбаева, Ш.Таубаева, Р.С.Омарова, Қ.Ж.Бұзаубақова, Б.А.Тұрғынбаева) . Ғалымдар шығармашылық пен еркіндіктің диалектикалық түсінігінің қалыптасу деңгейін қарастыра отырып, шығармашылық үдерістің әлеуметтік қатынастармен байланысын көрсетеді және шығармашылықты адамның рухани мәдениетін дамыту шарты ретінде талдайды. Олар *шығармашылықты* – адамның белсенділігі мен дербестігінің және қиял-ойын іске асырудың жоғары формасы деп, оның маңызды ой-тұжырымның бірізділігі негізінде логикалық жүйенің және интуициялық сезімнің, оралымды, логикалық ойлаудың ерекше тәсілдерінің іске асуы болып табылатындығына тоқталған [3].

Сонымен, «шығармашылық» ұғымын талдау нәтижесінде біз, төмендегідей қорытындыға келдік. Шығармашылықты тек еңбек және құрастырмалы-көркем білім дағдыларды үйрететін пән ретінде қарастырмай, ойларды, түйсіктік іс-әрекетті қалыптастыратын пән ретінде қарастыру керек. Оған берілген анықтамалар сан қилы, сондықтан да шығармашылық анықтамалары күрделі талдауды қажет етеді. Оларды талдай келе барлығына ортақ болатын бір белгіні анықтауға болады, ол әйтеуір бір жаңаның, ерекшеліктің жасалуы.

Шығармашылық - өте күрделі психологиялық үдеріс. Ол тек адамға ғана тән іс-әрекет. Демек, оны төмендегідей ерекшеліктермен сипатталатын адам әрекеті деуге болады: шығармашылықтағы қарама-қайшылықтардың болуы; әлеуметтік және жеке адамға деген мәннің болуы; шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы; шығармашылық тұлғаның жекелік қасиеттерінің болуы; нәтиженің жаңалығы, сонылығы [4].

Шығармашылық іс-әрекетте танымдық үдеріске, соның ішінде сезімдік (сезіну, елестету, қабылдау) және рационалдылық (ұғымдар, пайымдаулар, ой қорытулар) таным деңгейлеріне ерекше орын беріледі.

Адамның шығармашылық іс-әрекетті орындау нәтижесіне «ес», «ойлау», «елестету» ұғымдары ерекше әсер етеді.

«... Ес болса ғана адам білімді бола алады, ес болса ғана адам дұрыс ойлай алады. Ес неғұрлым мол, бай болса, ой да терең болады. Терең ойлы адамдардың аса есті болғандығы бізге тарихтан белгілі. Балада ес болмаса, оған ешбір нәрсе үйрету мүмкін емес. Сондықтан тәрбиеші баланың есті болуына аса көп күш жұмсау керек.» - дейді М.Жұмабаев: [6] Оның пікірінше есті өркендету үшін төмендегі шарттардың орындалуы керек:

1) *әсердің күштілігі.* Қатты дауыспен анық ұқтырылған сабақ баланың есінен шықпайды. Мұғалім сабақ бергенде өзі есіней түсіп, ыңылдап тұрса, шәкіртте құмарлық болмайды.

2) сыртқы сезімдердің көбінің қатынасуы. Бір затпен танысқанда сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Мысалы, бір заттың түрін де көрсет, дыбысын да естірт, ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз, сипат, суретін салғыз.

3) жаңа білімді бұрынғы біліммен байлау. Бір нәрсенің еске тез алынуы, әрі естен тез шықпауы үшін, ол нәрсенің бұрын есте бар нәрсеге байлануы шарт.

4) пысықтау. Бала жаңа білімді неғұрлым көп пысықтаса, есінде сонша берік болып қалады.

Бұрын қабылданған объектілердің бейнелерін адекватты қайта жаңғыртуды қамтамасыз ететін жақсы дамыған *ес* шығармашылық іс-әрекеттің қажетті шарттарының бірі болып табылады.

Шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің құрылымын нақтылай келе, В.А.Кан-Калик және Н.Д.Никандров оны жүзеге асыру кезеңдерінде келесі сатыларды анықтайды:

1) педагогикалық проблеманы шешуге бағытталған педагогикалық мақсаттың пайда болуы; 2) мақсатты дамыту; 3) педагогикалық мақсаттың іс-әрекетте, адамдармен қарым-қатынаста іске асуы; 4) шығармашылық нәтижелерін талдау және бағалау [7].

А.М.Матюшкин шығармашылық мәселені қарастырған көрнекті зерттеушілердің (Дж.Берлайн, А.В.Брушлинский, Э.А.Голубева, А.В.Запорожец, В.А.Крутецкий, Т.В.Кудрявцев, Н.С.Лейтес, Н.Н.Подъяков, Я.Л.Пономарев, И.В.Равич-Щербо, В.М.Русалов, Б.М.Теплов, т.б.) жұмысына сүйене отырып, шығармашылық іс-әрекеттің келесідей құрамдас бөліктерін анықтайды:

- іс-әрекеттің басымдық мотиві ретінде танымдық мотивацияны ынталандыру;

- мәселелерді қалыптастыру және шешу кезінде жаңадан көрініс тапқан зерттеушілік шығармашылық белсенділік;

- түпнұсқа шешімдерге қол жеткізу мүмкіндігі;

- болжау және алдын-ала болжау мүмкіндігі;

- жоғары эстетикалық, моральдық және интеллектуалдық бағалауды қамтамасыз ететін мінсіз стандарттарды құру қабілеті.

Шығармашылық ұғымын талдай келе, өз бетімен жұмыстың маңыздысы — студенттің өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында Р.Сүлейменов өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». Шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, шығармашылық ойлауына тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Қорытындылай келе, заманауи және әлемдік деңгейдегі қарама-қайшылықтарды, білім берудің жаңа ұлттық моделі деңгейінде өзекті мәселелерді шешуде студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін дамыту айрықша талапқа ие. Өйткені, ғасырдан ғасырға өз мәнін жоғалтпай, қай уақытта да заманның әлеуметтік және рухани талаптарынан туындаған көкейкесті мәселені көтеретін, өнер туындысы көркем құбылыстар мен түрлі ағымдар туралы мағлұматтар беріп, олардың ішкі бірлігі мен үндестігін сақтап, оқушының теориялық танымын тереңдетуге септігін тигізеді. Шығармашылықтың күрделі негізін түсінуде, оның озық тәжірибесін зерттеуде студенттерге білім берудің жаңаша әдістемесін ұсыну қажеттігі де осыдан туындайды. Шығармашылық қабілеттердің дамуы бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуының негізі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру – болашақ бағдары» мақаласы - Астана, 2017. - 12 сәуір.

2 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы Алматы, 2009.

3 Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Алем, 2000. – 381 с.

4 Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. Дисс п.ғ.д.:17.07.06.-Алматы, 2006. – 289 б.

5 Гиргинов Г. Наука и творчество. – М., 1974. – 286 с.

6 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 1989. – 48 б.

7 Канн-Калик В.А. Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М., 1990. – 250с.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО КВЕСТА В ТЕХНОЛОГИИ ЭДЬЮТЕЙНМЕНТА

Турусбекова Арайлым Серикболовна
преподаватель специальных дисциплин
Колледж индустрии туризма и гостеприимства

Түйін сөздер: оқу квесті, білім беру, «тірі квест», шығармашылық белсенділік, шығармашылық, технология.

Ключевые слова: образовательный квест, эдьютейнмент, «живой квест», творческая активность, креативность, технология.

Key words: educational quest, edutainment, «live quest», creative activity, creativity, technology.

Аннотация: Мақалада қазіргі оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытудағы оқу квестердің мүмкіндіктері көрсетілген. Бұл мақаланың мақсаты оқу процесінде эдьютейнментті пайдалану кезінде білім беру квестін тиімділігін

бағалау болып табылады. Мақалада «эдьютейнмент», «білім беру квесті», «тірі» квест ұғымдары талқыланады. Эдьютейнмент термині ағылшынның «education» және «entertainment» сөздерінен шыққан, бұл оқу мен ойын-сауықтың синтезін білдіреді. Бұл жағдайда ойын-сауық деп оқушыға оқу-тәрбие процесінде ләззат алу үшін көмектесетін механизм түсініледі. Бұл технологияның мол тәжірибесі оқу мотивациясын дамытуда және оқу процесін қызықты әрі сапалы етуде квест мүмкіндіктерін растайды.

Аннотация: В статье показаны возможности образовательных квестов в развитии творческого мышления современных студентов. Целью данной статьи является оценка эффективности применения образовательного квеста при использовании эдьютейнмента в процессе обучения. В статье рассматриваются понятия «эдьютейнмент», «образовательный квест», «живые» квесты. Термин эдьютейнмент произошел от английских слов «education» и «entertainment», что обозначает синтез обучения и развлечения. При этом развлечение понимается как механизм, помогающий обучающемуся в образовательном процессе ради получения удовольствия. Большой опыт работы с данной технологией подтверждает возможности квеста в развитии мотивации учения, делает образовательный процесс увлекательным и качественным.

Abstract: The article shows the possibilities of educational quests in the development of creative thinking of modern students. The purpose of this article is to assess the effectiveness of the use of an educational quest when using edutainment in the learning process. The article examines the concepts of «edutainment», «educational quest», «live» quests. The term edutainment comes from the English words «education» and «entertainment», which means a synthesis of learning and entertainment. At the same time, entertainment is understood as a mechanism that helps the student in the educational process for the sake of pleasure. Extensive experience with this technology confirms the capabilities of the quest in developing motivation for learning, making the educational process exciting and high-quality.

XXI век принёс нам не только новые технологии, но и новые требования к образованию и воспитанию молодого поколения. При этом задача развития индивидуальности становится все более значимой не только для каждого человека, но и для общества в целом. В связи с этим возникла необходимость поиска новых концептуальных подходов к осмыслению педагогических процессов и разработка новых педагогических технологий. Уместно будет вспомнить, что ещё в XVI в. Мишель Монтень подчёркивал, что все, что нужно ребёнку должно достигаться его личным опытом. Каждый преподаватель стремится заинтересовать обучающихся своей учебной дисциплиной, вызвать у них интерес к предмету, побуждать к творческому поиску. Поэтому преподаватели ищут такие технологии обучения и такие формы аудиторных и внеаудиторных занятий, которые прежде всего вызывали бы у будущих специалистов высокую мотивацию к обучению. Именно такой новейшей технологией, на наш взгляд, является технология «Эдьютейнмент»

(с англ. «education» - обучение и «entertainment» - развлечение), которая получила широкое распространение в зарубежной и отечественной педагогике.

Технология эдьютейнмент трактуется как совокупность современных технических и дидактических средств обучения, которое осуществляется через развлечение. Занятия и мероприятия с использованием этой технологии могут проходить в кафе, парке, музее, офисе, галереи, клубе, где соискатели образования получают любую познавательную информацию в непринуждённой атмосфере.

Особенность технологии эдьютейнмент в педагогике и методике включает:

- обоснованность (обучение более успешное, когда студенты могут видеть пользу от полученных знаний);
- дополнительное обучение (обучение более эффективным, когда студенты могут получать знания самостоятельно);
- распределительное обучение (Distributed Learning, сеть распределенного обучения, обеспечивает широкий доступ к образовательным ресурсам многих пользователей, при котором все студенты учатся по-разному и в разные периоды времени).

Важно представить информацию так, чтобы её можно было легко усвоить.

Итак, особенностью технологии эдьютейнмент является внедрение современных форм развлечений систему традиционных организационных форм обучения.

Специфичность данной технологии обучения обуславливается наличием следующих признаков:

- акцент на восторг (важен непосредственный интерес обучающегося, который приводит к развитию новых навыков и накоплению знаний);
- акцент на развлечение (именно развлечение выступает основным мотивом, который приводит к удовлетворению, одновременно формируя устойчивый интерес к процессу обучения, снимает психологическую нагрузку от процесса образования);
- игровой подход (благодаря универсальности игры происходит эффективный процесс обучения независимо от возраста);
- акцент на современность (при использовании актуальных возможностей современных технологий, таких как видео и аудио материалы, дидактические игры, образовательные программы в мультимедийном формате и многие другие средства, даёт возможность максимально задействовать обучающихся в образовательном процессе).

Итак, эдьютейнмент - это не просто обучение и развлечение, это привлечение, обучение и интерес, которые вызываются с помощью различных средств обучения, учитывая определённые психологические потребности студентов. Изучив теорию «эдьютейнмента» как педагогическую технологию, мы начали применять её, на разных этапах занятий, а позже и во внеаудиторной работе.

Среди многочисленных средств эдьютейнмента хотелось бы выделить квесты, как один из эффективных и современных образовательных технологий.

Квест (от англ. quest - поиск) представляет увлекательную «живую» игру, в которой участники решают различные задачи, преодолевают препятствия и выполняют задания для достижения определённой цели. В образовательном контексте квесты представляют собой систему заданий и задач, которые стимулируют участников к активному обучению и взаимодействию с учебным материалом.

Основной особенностью образовательных квестов является наличие взаимодействия обучающихся, решение проблем в командном формате, интеграция различных типов деятельности (познавательных, творческих, аналитических). В рамках квеста студенты получают знания не только через теоретические лекции, но и посредством практических заданий, развивающих критическое мышление и навыки сотрудничества.

Реальные, или «живые квесты», относительно недавно стали частью современного занятия, однако уже завоевали популярность среди педагогов. «Живые» квесты несут в себе элемент соревновательности, они способны развитию аналитических способностей [1]. Рассматривая «живые» квесты как элемент эдьютеймента, отметим, что целью включения «живых» квестов в образовательный процесс является повышение мотивации обучающихся к процессу получения новых знаний и умений через изменение самого процесса их усвоения, связанного с увлекательностью, разнообразием, необычностью, новизной (квесты имеют всегда свежий сценарий).

Образовательные квесты рассматриваются нами как интеллектуально познавательный вид игр, живые квесты чаще всего классифицируют от места проведения. На основе данного признака выделяют:

- room quest (квест в комнате);
- квест в здании;
- street quest (квест на улице).

На занятиях самым распространенным является квест в комнате (аудитории). Под room quest, понимается игра, в которой обучающихся закрывают в помещении, из которого необходимо выбраться за 80-90 минут, последовательно выполняя задания. Каждое задание – это ключ к следующей точке и следующему заданию. А задания могут быть самыми разными.

На занятиях могут быть использованы линейные и нелинейные квесты. Линейные квесты предполагают выполнение всех заданий по порядку, для нелинейных квестов характерно получение всех заданий сразу, при этом, только выполнив все задания, можно получить ответ на ключевой вопрос.

Преимущества использования образовательных квестов:

- **Активное вовлечение обучающихся.** Квесты стимулируют активное участие обучающихся в учебном процессе, что способствует лучшему усвоению материала и развитию критического мышления.

- **Развитие командной работы.** Обучающиеся часто выполняют задания в группах, что способствует улучшению навыков коммуникации и взаимодействия.

• **Интерактивность.** Образовательные квесты предлагают учащимся возможность непосредственного взаимодействия с предметом обучения, а не просто пассивного восприятия информации.

• **Мотивация и вовлеченность.** Игровая форма обучения стимулирует желание решать задачи, искать решения и двигаться к цели.

Однако, несмотря на все плюсы, есть и некоторые проблемы, которые необходимо учитывать при внедрении образовательных квестов:

• **Необходимость в ресурсах:** Для разработки и проведения образовательных квестов нужны значительные ресурсы, как материальные, так и временные.

• **Сложность в адаптации:** Не все образовательные материалы могут быть адаптированы для квестов, а некоторые обучающиеся могут столкнуться с трудностями в понимании концепций.

• **Ограниченная доступность:** Не всегда есть возможность для использования таких технологий в традиционных образовательных учреждениях, особенно в регионах с ограниченным доступом к современным технологическим средствам.

Образовательные квесты являются мощным инструментом в современном образовательном процессе, особенно в рамках технологий эдьютейнмента. Они активно вовлекают студентов в процесс обучения, способствуют развитию навыков критического мышления, командной работы и позволяют применить теоретические знания на практике.

Квесты в экономике и бизнесе позволяют студентам глубже понять экономические и финансовые процессы, развить предпринимательские и финансовые навыки. Внедрение таких методов обучения в колледжи и университеты может значительно повысить качество образования и подготовить студентов к реальным вызовам на рынке труда.

Однако внедрение образовательных квестов требует учёта ряда факторов, включая доступность ресурсов и необходимость адаптации учебных материалов. В будущем, с развитием технологий и улучшением инфраструктуры, можно ожидать, что использование квестов в образовательном процессе станет ещё более массовым и эффективным.

Список использованных источников:

1. Бехалова К.И. Квест как средство взаимодействия обучающихся, педагогов и родителей // Всё для администратора школы! - 2017. - №4(64). - с. 26-31.
2. Богданова, Н. В. **Образовательные квесты как инновационная форма обучения.** Журнал «Педагогика и психология образования» - 2019. - 15(3).- с.112.
3. Буров, В. А. Эдьютейнмент и геймификация в обучении иностранному языку: сходства и различия // Вопросы методики преподавания в вузе. 2020. Т. 9. № 35
4. Сокол И.Н. Квест: метод или технология? / И.Н. Сокол // Компьютер в школе и семье. - 2014. - № 2. - с. 28-32.
5. Сокол И.Н. Классификация квестов / И.Н. Сокол // Молодой вчений. - 2014. - № 6 (09). - с. 138-140.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢАША ОҚЫТУ

Шыңғысова Айнұр Қуанышқызы
Информатика пәнінің оқытушысы
Алматы технологиялық колледжі

Кілтті сөздер: *Заман талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс істеу. Жаңа бағдарламалар, қызықты анимациялық, географикалық жобаларды дамыту.*

Ключевые слова: *Работа с новыми современными технологиями. Новые программы, Развитие интересных анимационных, географических проектов.*

Keywords: *Working with new technologies that meet the requirements of the time. Development of new programs, interesting animation, geographic projects.*

Аңдатпа: *Қазіргі заман – ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңі. Бұл жағдайда информатика пәнін оқытудың маңызы ерекше. Информатика пәнін заманға сай жаңаша оқыту – оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, оларды болашақтың талаптарына сай дайындыққа бағыттау мақсатында жүргізілетін педагогикалық процесс.*

Аннотация: *Современность-период бурного развития информационных технологий. В этом случае особое значение имеет изучение информатики. Современное обучение информатике - это педагогический процесс, который проводится с целью повышения цифровой грамотности учащихся, ориентирования их на подготовку в соответствии с требованиями будущего.*

Annotation: *Modern times are a period of rapid development of Information Technologies. In this case, the teaching of computer science is of particular importance. Modern teaching of computer science is a pedagogical process carried out in order to increase the digital literacy of students, to direct them to training in accordance with the requirements of the future.*

Информатика пәні қазіргі заманғы білім берудегі ең маңызды пәндердің бірі болып табылады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты, информатика пәнін оқытудың мазмұны мен әдістері де үнемі жаңарып отыруда.

Қазіргі уақытта дүние жүзіндегі жаңа өзгерістер және оның тез таралуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарын түбегейлі өзгертіп жіберді. Қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қойып отыр: білім сапасын арттыру, әлемдік білім беру жүйесін ақпараттандыру, интернет желісін пайдалану, электрондық оқулықтар, мультимедиялық, телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, қашықтан басқару және т.б. Ол жас буынды жаңашылдыққа жетелеу деген сөз.

Жаңашылдық – білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, оқушыны заман талабына сай етіп дайындап шығару.

Информатика пәнінің білім беру жүйесіндегі орны ақпараттық орта мен қоғам мүшелерінің жаңа ақпараттық технологияларды кең қолдануға байланысты маңызды болып есептеледі және оның мазмұны үнемі жаңарып отырады.

Информатика пәні оқытушысы әрбір сабақта дидактикалық принциптерді назардан тыс қалдырмауы тиіс. Оқушы білімінің қалыптасуы қашанда оқытушының сабақты ұйымдастыра білуіне, жаңа материалды жүйелі түрде баяндауда әртүрлі әдістерді қолдана отыра жеткізілуіне байланысты.

Заманға сай жаңаша оқытудың маңызды себептері:

- **Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру:** Оқушыларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау, оларға ақпаратты іздеу, талдау, бағалау және тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

- **Шығармашылық ойлауды дамыту:** Программалау, веб-дизайн, 3D модельдеу сияқты бағдарламалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- **Проблеманы шешу қабілетін арттыру:** Әртүрлі ақпараттық технологиялар құралдарын пайдаланып, күнделікті өмірдегі мәселелерді шешуге үйрету.

- **Командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру:** Жобаларда бірлесіп жұмыс істеу арқылы оқушылардың коммуникативтік және ынтымақтастық қабілеттерін дамыту.

- **Болашақ мамандыққа дайындық:** Ақпараттық технологиялар қазіргі кезде барлық салаларда қолданылады, сондықтан информатика пәнін оқыту болашақ мамандыққа дайындық үшін негіз болып табылады.

Заманға сай жаңаша оқытудың әдістері:

- **Проектілік оқыту:** Оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін, олардың өз бетінше білім алуына ықпал ететін тиімді әдіс.

- **Оқытудың интерактивті әдістері:** Симуляциялар, виртуалды зертханалар, онлайн-оқыту платформалары сияқты интерактивті құралдарды пайдалану.

- **Проблемалық оқыту:** Оқушыларға проблемалық жағдаяттар ұсынып, олардың өз бетінше шешім табуына көмектесу.

- **Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту:** Ақпаратты бағалау, талдау және синтездеу дағдыларын қалыптастыру.

- **Креативті ойлауды дамыту:** Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмаларды беру.

Информатика пәнін оқытудағы жаңа технологиялар:

- **Онлайн-платформалар:** Moodle, Google Classroom сияқты платформалар арқылы оқытуды ұйымдастыру.

- **Бағдарламалау тілдері:** Python, Java, C++ сияқты тілдерді оқыту арқылы алгоритмдік ойлауды дамыту.

- **Робототехника:** Роботтарды құрастыру және бағдарламалау арқылы техникалық ойлауды дамыту.

- **3D басып шығару:** Үш өлшемді модельдерді жасау және басып шығару арқылы инженерлік ойлауды дамыту.

- **Виртуалды және аралас шындық:** Виртуалды ортада эксперименттер жүргізу арқылы теориялық білімдерді бекіту.

Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабақ жүргізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиямен жұмыс істеу – компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Оқушылардың ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейтіп, білім сапасының өсуіне әр оқушының қабілетіне қарай Кембридждік тәсіл арқылы оқытудың маңызы зор. Мен сабақтарымда осы тәсілді пайдалана отырып, оқытудың 7 модулін пайдалана отырып, оқушыларды топтастырып, жұптастырып, жекешелендіріп оқыту арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, өз бетінше ізденіп, еркін сөйлеулеріне көп мән бере отырып, оқытудың нәтижелі болғандығына, балалардың сабаққа деген ынтасы, белсенділігі арта түсетіндігіне көзім жетіп келеді. Әрине әр сабақта 7 модульдің бәрін пайдалану мүмкін емес. Сондықтан әр сабақтың тақырыбына қарай, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қолдануға тырысамын.

Сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін:

- Ой еңбегі мен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыра білу;

- Берілген тапсырмалардың орындалу тәсілдерін біліп, оны ұғыну;

- Қосымша материалдар арқылы білім деңгейін толықтыру;

- Ойын элементтерін пайдалану;

- Бағалау әдістерін меңгерту;

- Әр сабақта кері байланыс ұйымдастыру (Мысалы, «Екі жұлдыз, бір тілек», «Сабақтан кейінгі ой түйін», «Бүгін мен не үйрендім?» «Өзара әсер», смайликтер салу арқылы көңіл күйлерін көресту).

Оқушыларды өздеріне бағалату әдісі әр оқушының дамуын қадағалайтын педагогикалық мониторинг құруға мүмкіндік беретін болғандықтан,

сабақтарымдағы бағалау бөліміне көп көңіл бөлемін. Ол үшін сабақтың соңында жиналған ұпайларына сәйкес әр оқушы өзінің бағаларын алып шығады. Бағалау әдістеріне мына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Оқулықтағы материал бойынша сұрақтарға жауап алу әдісі. Бұл сұрақтарға оқушылар нақты түрде дұрыс жауаптарын жазулары тиіс.

- Өтілген материалдар бойынша тест алу әдісі. Бұл тест сұрақтарына оқушылар дұрыс жауаптарын көрсетіп қоюлары тиіс.

- Оқушылардың ойлау логикасын қалыптастыруға арналған әдістер. Мұнда сөзжұмбақтар, ребус, бесжолды өлең құрастыру, автор орындығы, реферат жазу, топтастыру беріледі, яғни өтілген материалдарға арналып жасалынады.

Жоғарда айтылғандарды қорыта келе, мынадай тұжырымдама жасауға болады:

- Информатика пәнін заманға сай жаңаша оқыту оқушылардың болашақта сәтті болуы үшін өте маңызды. Жаңа технологияларды пайдаланып, оқу процесін

қызықты және тиімді ету арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға болады.

• Оқытушы мен оқушының шығармашылық жұмыстарының ғылыми деңгейін қалыптастыруда, жаңа құндылықтар, ізденістер жасау. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады.

• информатиканы заманға сай жаңаша оқыту – бұл оқушыларды болашаққа дайындаудың маңызды кезеңі. Жаңа технологияларды пайдалану, оқушылардың белсенділігін арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – бұл заман талабы.

Қазіргі информатика-бұл техникалық дағдылардың жиынтығы ғана емес, бұл ХХІ ғасырдағы сәттіліктің кілті. Ұстаздардың міндеті - оқушыларды цифрлық қоғамда өмір сүруге дайындау, олардың сыни ойлауын, шығармашылығы мен бейімделу қабілетін дамыту.

Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем.

Пайдаланылған деректемелердің тізімі:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру//Информатика негіздері.2006ж, №3
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы- Алматы. «Білім баспасы», 1998ж.
3. «Информатика негіздері» журналы, №1, 2010 ж.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. «Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі» Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010ж.

ИННОВАЦИОННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

Кусаинова Жанар Аллабергеновна

преподаватель специальных дисциплин, магистр экономических наук

Экономический колледж Университета Нархоз

Кілт сөздер: оқыту әдістері, оқытушының кәсіби құзыреттілігі, инновациялық жұмыс, кәсіби өсу, адамның еңбек қызметі, Педагогикалық орта, Қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытушының кәсібилігі, жан-жақты дамыған тұлға, әлеуметтік бейімделу, пікір алмасу, жеке қасиеттер.

Ключевые слова: методы обучения, профессиональная компетентность преподавателя, инновационная работа, профессиональный рост, трудовая деятельность человека, педагогическая среда, современная система образования, профессионализм преподавателя, всесторонне развитая личность, социальная адаптация, обмен мнениями, личностные качества.

Key words: *teaching methods, professional competence of a teacher, innovative work, professional growth, human labor activity, pedagogical environment, modern education system, teacher professionalism, comprehensively developed personality, social adaptation, exchange of opinions, personal qualities.*

Андамна: *Қазіргі педагог маңызды педагогикалық күш-жігерді қажет ететін міндеттерді шешуге арналған. Оқытудың жаңа формалары мен әдістерін игеру оқытушының кәсіби құзыреттілігімен және инновациялық жұмыс әдістерімен тығыз байланысты. Соңғы жылдары оқытушының кәсіби өсуі біздің еліміздегі білім беруді дамытудың ең өзекті тақырыптарының біріне айналды. Бұл, ең алдымен, нарықтық экономика жағдайында адамның еңбек қызметінің барлық салаларында мамандарды кәсіби даярлауға қойылатын талаптардың артуына байланысты.*

Аннотация: *Современный педагог призван решать задачи, которые так остро нуждаются в педагогическом аспекте. Проникновение новых форм и методов обучения неразрывно связано с профессиональной компетентностью преподавателя и методами инновационной работы. В последнее время профессиональный рост преподавателя стал одной из самых актуальных тем развития образования в нашей стране. Это связано, прежде всего, с повышением требований к профессиональной подготовке педагогической деятельности человека в условиях рыночной экономики.*

Annotation: *A modern teacher is called upon to solve problems that require significant pedagogical efforts. The development of new forms and methods of teaching is inextricably linked with the professional competence of the teacher and the methods of innovative work. In recent years, the professional growth of a teacher has become one of the most relevant topics of education development in our country. This is primarily due to the increased requirements for the professional training of specialists in all areas of human labor activity in a market economy.*

Технология – это обозначает науку, знание, учение и совокупность приемов, применяемых в каком-либо деле, мастерстве, искусстве. Это структура деятельности преподавателя, в которой все поступки, входящие в нее, представлены определенным смыслом и величиим, а выполнение предполагает достижение желаемого результата и носит предсказуемый характер.

Сегодня в особенностях социально-экономических преобразований, а также в процессе интеграции, взаимной адаптации и национальных экономических систем важна модернизация системы высшего образования, а также системы подготовки профессионалов. Также следует учитывать, что подготовка специалистов на основе компетентностного подхода остается самой актуальной, поскольку содержит овладение умениями, навыками и знаниями, на базе которых будущий специалист будет реализовать свою деятельность на необходимом профессиональном уровне.

От образовательного процесса современные рыночные ценности требуют увязки будущих выпускников с экономической успешностью трудоустройства. Однако, появляется проблема, решить которую специалисты стремятся, в том

числе, с помощью современных образовательных технологий [1]. В свою очередь эти педагогические системы описываются как целостное явление, предполагается, что назревшую проблему они направлены решить рациональным образом. Тем более, модернизированные методы образования направлены не только на приобретение студентами практических навыков, но и доходчивость, и доступность изложения материала для общей аудитории, что повышает их эффективность по сравнению со старой школой, направленной на теоретический материал и сообщение обобщенной информации. С учетом этого от преподавателей экономических дисциплин требуется не просто применение общераспространенных контрольных работ, тестовых заданий и других методик фонда оценочных средств для измерения уровня знаний, навыков, умений, а больше методик интерактивных, направленных на профессионально ориентированный образовательный характер самостоятельной работы студентов в рамках овладения компетенций.

Из числа наиболее известных интерактивных методов преподавания нужно отметить: - лекции и беседы с дискуссией; - мозговой штурм; - обмен мнениями [2].

В учебном процессе ключевыми преимуществами метода дискуссии считается разделять с преподавателем лидерство в группе и принимать на себя ответственность; обсуждение в группе способствует выработке собственных умозаключений, кристаллизации собственных убеждений, возможность закрепления материала с одновременным улучшением коммуникативных возможностей, самостоятельности мышления, использования личного опыта учащихся, а ещё умения использовать знания одной области в другой. Кроме того, лекции и беседы с применением дискуссии способствуют тому, что студенты учатся правильно выражать свои мысли, проявляют предприимчивость и находчивость, стремятся найти оптимальное количество идей, способствующих решению поставленной учебно-практической задачи.

Мозговой штурм — это методика коллективного поиска решений, суть в том, что учащиеся собираются и вслух думают над конкретной задачей. Каждый высказывает свою идею, в результате чего и рождается наилучший вариант.

Андатпа: *Бұл мақалада білім беруді цифрландырудың оң және теріс жақтары талқыланады. Оң әсерлеріне қолжетімділік, икемділік және оқытуды жекелендіру мүмкіндіктері жатса, теріс жақтарына теңсіздік, денсаулыққа зиян және мотивацияның төмендеуі жатады. Сонымен қатар, 50 адамның қатысуымен жүргізілген сауалнама нәтижелері талданды. Нәтижелер цифрлық білім берудің маңызды артықшылықтарын анықтап, оны жетілдіру үшін қажетті ұсыныстарды ұсынуға көмектесті. Мақала цифрлық білім беру жүйесін дамытуда қолданылатын практикалық ұсынымдармен толықтырылған.*

Аннотация: *В статье рассматриваются преимущества и недостатки цифровизации образования. Среди положительных сторон выделены доступность, гибкость и индивидуализация обучения, а среди недостатков — неравенство, вред для здоровья и снижение мотивации. Также был проведён опрос среди 50 человек, результаты которого были проанализированы. Итоги исследования помогли выявить ключевые преимущества цифрового образования и предложить рекомендации для его улучшения. Статья дополнена практическими рекомендациями по развитию системы цифрового обучения.*

Annotation: *The article discusses the advantages and disadvantages of digitalization of education. Accessibility, flexibility and individualization of learning are highlighted among the positive aspects, while inequality, harm to health and reduced motivation are among the disadvantages. A survey was also conducted among 50 people, the results of which were analyzed. The results of the study helped to identify the key advantages of digital education and offer recommendations for its improvement. The article is supplemented with practical recommendations on the development of a digital learning system.*

Цифрландыру білім беру саласының барлық аспектілерін қамтып, оқыту әдістерінен бастап, бағалау жүйелеріне дейін ықпал етеді. Цифрландыру — бұл тек технологияларды қолдану ғана емес, сонымен қатар білім беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту үрдісі. Оның әсерін толық түсіну үшін оң және теріс жақтарын қарастыру

қажет. Білім беру саласындағы цифрландыру заманауи технологияларды пайдаланып, оқытуды жеңілдетуді, жекелендіруді және тиімділікті арттыруды мақсат етеді. Цифрландыру оқушылар мен мұғалімдерге үлкен мүмкіндіктер аша отырып, бірқатар сын-қатерлерге де алып келеді. Бұл мақалада оның артықшылықтары мен кемшіліктері талқыланады [1, 2-б].

Оң жақтары:

- Қолжетімділік. Онлайн платформалар мен цифрлық ресурстар арқылы білім алуға арналған кедергілер азайды. Әсіресе ауылдық және шалғай аймақтар үшін маңызды.
- Индивидуализация. Әр оқушының қабілетіне қарай білім беру оңай болды. Мысалы, жасанды интеллект оқушылардың оқыту жылдамдығы мен деңгейіне бейімделе алады.
- Шығындарды үнемдеу. Онлайн оқыту дәстүрлі оқулықтар мен жол шығындарын азайтады.
- Жеделдік пен тиімділік. Сандық құралдар материалды тез жеткізіп, оқытуды интерактивті етеді.
- Мультимедиа интеграциясы. Оқытушылар мен оқушылар анимациялар, интерактивті тақталар және ойын элементтерін пайдаланып, материалды тереңірек меңгереді [2, 8-12б].

Теріс жақтары:

- Теңсіздік мәселесі. Барлық оқушылардың құрылғылар мен интернетке қолжетімділігі жоқ. Бұл цифрлық білім алшақтығын тудырады.
- Технологияға тәуелділік. Кейбір оқушылар мен мұғалімдер технологияларға шамадан тыс сенім артуы мүмкін, бұл сыни ойлау дағдыларын әлсіретуі ықтимал.
- Мотивацияның төмендеуі. Онлайн форматта оқушылардың өз бетімен білім алуға ынтасы азаяды.
- Денсаулық проблемалары. Экран алдында ұзақ уақыт өткізу көзге және физикалық жағдайға зиян келтіруі мүмкін.
- Киберқауіпсіздік. Жеке деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету өзекті мәселе [3, 45-53-б].

Сауалнама нәтижелері (50 адамның жауабына негізделген)

1. Цифрлық құралдарды пайдалану	Күн сайын (70%)	70%
2. Артықшылықтары	Қолжетімділік (60%)	60%
3. Әсері	Жақсартады (65%)	65%
4. Интернет қолжетімділігі	Тұрақты және жылдам (50%)	50%
5. Денсаулыққа әсері	Көз, омыртқа мәселелері (40%)	40%
6. Мұғалімдер тиімділігі	Жеткілікті тиімді (60%)	60%
7. Мотивацияға әсері	Төмендетеді (50%)	50%
9. Ыңғайлылық	Иә (70%)	70%
10. Сапа бағасы	4 балл (50%)	50%
12. Платформалардың ыңғайлылығы	Иә (80%)	80%

Берілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, талдау мен қорытындыны келесідей нақтылауға болады:

1. Цифрлық құралдарды күнделікті пайдалану: Респонденттердің 70%-ы күн сайын цифрлық құралдарды қолданатынын көрсетті. Бұл олардың оқыту үдерісіндегі маңызды рөлін айқындайды.

2. Артықшылықтар: Қолжетімділік негізгі артықшылық ретінде аталды (60%). Бұл цифрлық білім берудің икемділігі мен әртүрлі материалдарға қолжетімділігін көрсетеді.

3. Денсаулыққа әсері: 40% көз және омыртқа мәселелерін атап өтті. Бұл мәселенің өзектілігін денсаулыққа арналған шешімдермен толықтыру қажет.

4. Мотивация: Респонденттердің жартысы цифрлық құралдардың мотивацияны төмендететінін мәлімдеді. Бұл педагогикалық әдістерді қайта қарау қажеттілігін көрсетеді.

5. Платформалардың ыңғайлылығы мен сапасы: 80% ыңғайлылықты қолдаса да, сапа бағасы орташа (4 балл) деңгейінде қалған.

Қорытынды

Цифрлық білім беру білім беру үдерісін жекелендіруде және уақыт үнемдеуде маңызды рөл атқарады. Дегенмен денсаулыққа әсері мен мотивацияның төмендеуі мәселелері назардан тыс қалмауы тиіс.

Позитивті жағы: Цифрлық білім беру уақыт үнемдеу мен қолжетімділікті арттырып, оқыту үдерісін жекелендіруге мүмкіндік береді.

Негативті жағы: Денсаулыққа теріс әсері және мотивацияның төмендеуі мәселесі жиі атап өтілді.

Ұсыныстар:

- Интернет инфрақұрылымын жақсарту: Интернеттің тұрақтылығы мен жылдамдығын арттыру қажет, әсіресе шалғай өңірлерде.

- Денсаулыққа зиян келтірмеу: Көзге арналған гимнастика, экран уақытының регламенті, эргономикалық жабдықтарды қолдану.

- Оқушылардың мотивациясын арттыру: Геймификация, интерактивті тапсырмалар және оңтайлы кері байланыс жүйелерін енгізу [4, 63-70-б].

Осы ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы цифрлық білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыруға болады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы (2023). Білім беруді цифрландырудың негізгі басымдықтары. <https://www.akorda.kz>

2. Егемен Қазақстан газеті (2023). Білім және цифрландыру: алға қойған міндеттер. <https://egemen.kz>

3. Жанатұлы Қ. (2022). Цифрлық технологиялар білім беру процесінде: артықшылықтары мен мәселелері. *Ғылыми-педагогикалық журнал*, 12(5), 45-53.

4. Курпанов Б. (2022). Онлайн білім берудің әлеуметтік-экономикалық әсері. *Экономика және қоғам журналы*, 14(6), 63-70.

ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ РЕТІНДЕ “GENIALLY” ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Тамабекова Айдана Амангельдыевна

Арнайы пән оқытушысы, Экономика және бизнес магистрі, эксперт.

Нархоз Университетінің Экономикалық колледжі.

Кілтті сөздер: *Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, тиімді әдіс, инновация, оқу процесі, платформа.*

Ключевые слова: *Информационные и коммуникационные технологии, метод, инновация, учебный процесс, платформа.*

Keywords: *Information and communication technologies, method, innovation, educational process, platform.*

Андамна: *Оқыту процесін заманауи және интерактивті ету мақсатында «Genially» платформасын пайдалану тиімді әдіс ретінде қарастырылады. Платформаның визуализация, мультимедиа және ынтымақтастық құралдары білім алушылардың қызығушылығын арттырып, оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.*

Аннотация: *Использование платформы «Genially» с целью сделать процесс обучения более современным и интерактивным рассматривается как эффективный метод. Инструменты визуализации, мультимедиа и сотрудничества платформы позволяют повысить интерес обучающихся и улучшить результаты обучения.*

Annotation: *In order to make the learning process modern and interactive, the use of the «Genially» platform is considered as an effective method. The platform's visualization, multimedia, and collaboration tools will increase students' interest and improve learning outcomes.*

XXI ғасырда білім беру жүйесінде жаһандық өзгерістер орын алуда. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, еңбек нарығы талаптарының өзгеруі, сондай-ақ оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған қажеттілік оқытудың жаңа тиімді әдістерін енгізуді талап етеді. Білім алушылардың танымдық белсенділігі мен практикалық дағдыларын жетілдіру үшін оқытудың әдістемелік жүйесін қайта қарастыру қажеттілігі туындады.

Қазіргі еңбек нарығының талаптарына сай, білім беру жүйесі тек теориялық білімді жеткізумен шектелмей, студенттердің практикалық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және сыни ойлауын дамытуға бағытталуы қажет. Заманауи әдістер студенттердің оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, олардың болашақ кәсіби қызметіне дайындық деңгейін жоғарылатады.

Заманауи білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану оқу материалын тиімді меңгеруді және студенттердің танымдық белсенділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Genially платформасы – мұғалімдер мен студенттерге оқу үдерісін визуалды және интерактивті құралдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік

беретін инновациялық шешім. Бұл платформа күрделі тақырыптарды қарапайым, көрнекі және қолжетімді түрде жеткізудің ерекше әдістерін ұсынады.

«Genially» платформасын оқытудың тиімді әдісі ретінде пайдалану мақсаты – студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету, олардың танымдық белсенділігін арттыру және оқу материалын жеңіл әрі қызықты түрде меңгеруіне ықпал ету болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін бірнеше негізгі аспектілерге назар аудару қажет:

1. Интерактивті оқыту мүмкіндіктерін пайдалану. Студенттердің өз бетінше ақпаратты зерттеп, оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету арқылы олардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту.

2. Визуалды және мультимедиялық мазмұнды қолдану. Күрделі оқу материалдарын инфографика, диаграммалар және анимациялар арқылы тиімді түрде ұсыну, бұл ақпараттың қабылдануын жеңілдетіп, есте сақтауға көмектеседі.

3. Оқу материалын персонализациялау. Әр студенттің жеке қажеттіліктері мен оқу қарқынына сәйкес оқу материалдарын бейімдеу үшін Genially құралдарын қолдану.

4. Білім алушының мотивациясын арттыру. Оқу ойындарын, викториналар мен тесттерді пайдалану арқылы студенттердің қызығушылығын оятып, білім алуға деген ынтасын күшейту.

Осы мақсаттарды іске асыру арқылы Genially платформасы оқыту әдістерінің тиімділігін арттырып, студенттердің білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

Сонымен, Genially платформасының негізгі мүмкіндіктері ретінде:

- интерактивтілік білім алушыларды оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру;

- оқу материалдарын визуалды түрде ұсыну;

- интерактивті тесттер мен викториналар арқылы студенттердің білімін бағалау;

- оқу ойындарын құрудың арқасында білім алушылардың қызығушылығын арттыру;

Genially бағдарламасында электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу кезінде сервистік құралдарды меңгеруге көп күш жұмсаудың қажеті жоқ екені маңызды. Өйткені сіздің жеке кабинетіңізде әртүрлі педагогикалық тапсырмалар үшін дайын үлгілер берілген. Genially жобалар бойынша бірлескен жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл студенттер арасында топтық жұмыс дағдыларын дамыту үшін маңызды.

Жоба бойынша жұмыс нәтижесі тікелей Genially сервисіндегі сілтеме арқылы ұсынылуы мүмкін. Сонымен қатар, дайын ресурсты әлеуметтік желілерде бөлісуге, веб-сайтта, оқу жүйесінде (мысалы, Moodle), pdf, jpg, html форматында жүктеп салуға болады (офлайн режимде қол жеткізу үшін).

«Genially» платформасы заманауи оқыту процесінде тиімді құрал ретінде танылып, бірқатар артықшылықтарымен ерекшеленеді. Платформа интерактивтілік пен визуалды мазмұнды үйлестіре отырып, оқу материалдарын қызықты әрі

түсінікті түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Оның көмегімен оқыту үдерісі ойын элементтерімен байытылып, студенттердің мотивациясы мен оқу белсенділігі артады.

1.1 сурет. Оқытудың тиімді әдісі ретінде «Genially» платформасының артықшылықтары.



Сонымен қатар, Genially платформасы материалдарды дайындауға арналған ыңғайлы интерфейс пен дайын шаблондарды ұсынады. Әр студенттің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, материалдарды бейімдеу мүмкіндігі де платформаның маңызды артықшылықтарының бірі болып табылады. Қолжетімділігі, интерактивтілік деңгейі және оқу нәтижелерін бағалауға арналған құралдарының болуы «Genially»-ді оқу тиімділігін арттыруға арналған заманауи шешім ретінде ерекшелейді.

Қорытындылай келе, «Genially» платформасы оқыту процесін тиімдірек ету үшін түрлі интерактивті құралдар мен визуалды мазмұнды қолдануға мүмкіндік береді. Платформаның мүмкіндіктері когнитивті жүктемені төмендетіп, студенттердің белсенділігін арттырады, оқу материалын терең меңгеруге көмектеседі. Бұл платформаны қолдану білім алушылардың оқу процесіндегі мотивациясын күшейтіп, олардың танымдық дағдыларын дамытады. Білім беру мекемелері Genially құралдарын кеңінен қолдану арқылы оқыту сапасын айтарлықтай жақсарты алады.

Пайдаланылған дерек көздердің тізімі:

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
2. «Абырой» ғылыми-әдістемелік журналы 2022ж
3. <https://genially.com/>
4. Филатова, О.Н. Применение нейросетей в профессиональном образовании / О.Н. Филатова, М.Н. Булаева, А.В. Гуцин // Проблемы современного педагогического образования. – 2022. – №77-3.
5. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования./ Под ред. Е.С. Полат. М.: Издательский центр «Академия», 2000 ж.

USING INTERNET RESOURCES AT THE ENGLISH LESSONS

Davutova Shakhriyat Davutovna

English teacher

Economic College of Narxoz University

Keywords: *Internet, resources, lesson, English.*

Кілтті сөздер: *Интернет, ресурстар, сабақ, ағылшын тілі.*

Ключевые слова: *Интернет, ресурсы, урок, английский язык.*

Annotation: *The rise of the Internet, enormous opportunities have opened up for humanity. It is a big resource that gives us the opportunity to work much better. Now we can understand that our most amazing ideas in work and make students' work more interesting and productive. Using Internet resources in our English lessons, we, first of all, instill children's interest in a foreign language. We can now make all areas of language learning exciting for students of all ages.*

Аннотация: *С появлением Интернета перед человечеством открылись огромные возможности. Это большой ресурс, который дает нам возможность работать намного лучше. Теперь мы можем понять, что наши самые потрясающие идеи в процессе работы, и сделать работу учащихся более интересной и продуктивной. Используя Интернет-ресурсы на уроках английского языка, мы, прежде всего, прививаем детям интерес к иностранному языку. Теперь мы можем сделать все области изучения языка интересными для учащихся всех возрастов.*

Андапта: *Интернеттің пайда болуымен адамзат үшін үлкен мүмкіндіктер ашылды. Бұл бізге әлдеқайда жақсы жұмыс істеуге мүмкіндік беретін тамаша ресурс. Енді біз ең гажайып идеяларымыз орындалып жатқанын түсініп, оқушылардың жұмысын қызықты әрі нәтижелі ете аламыз. Ағылшын тілі сабағында интернет ресурстарын пайдалана отырып, біз, ең алдымен, балалардың шет тіліне деген қызығушылығын оятамыз. Біз енді тіл үйренудің барлық салаларын барлық жастағы оқушылар үшін қызықты ете аламыз.*

Nowadays, the main goal of every teacher is to make his/her lesson interesting and informative for students, to motivate them, to encourage real communication, using all possible teaching methods and means.

In the context of globalization, the development of information technology leads to the formation of new ways of using internet, and any use of the Internet at the lessons, attracts great interest among students. It sets them up for communication and motivates them to show independence and creativity.

Internet technologies play a positive role in the formation of foreign language communicative competence of students, since the effective learning of a foreign language is based on working with authentic materials. Such materials are available on the Internet at any time. In this case, teachers need to get acquainted with modern educational Internet resources and actively use them in the teaching and educational process. The possibilities for using Internet resources are enormous. The global Internet creates conditions for

obtaining any information that students and teachers need, are anywhere in the world: regional studies material, news from the lives of young people, articles from newspapers and magazines, necessary literature, etc. [1, p.8]

In English-language literature, there are five types of educational Internet resources: hotlist - a list of Internet sites on the topic being studied, treasure hunt – looks like a hotlist and scrapbook, sample subject (subject sampler) - contains links to text and multimedia Internet materials, multimedia scrapbook (multimedia scrapbook) - a collection of multimedia resources, and webquest (webquest) - a script organizing student project activities on any topic by using the Internet.

Internet resources in a foreign language lesson allow us to provide:

- quick access to information;
- independent work in class and at home;
- activation of cognitive skills;
- visibility of material that being studied;
- practicing communication skills, bringing them to automatism;
- development of intercultural competence;
- development of self-educational activity;
- learning in collaboration. [2,p.69-72]

To keep up with the times, a foreign language teacher must master the basics of information technology.

First of all the teacher needs to:

1. Use Internet resources at the lessons (e-mail, communication in forums, visiting Internet resources) in order to create real, real life situations that will stimulate the study of the material and develop adequate behavior.

2. Actively use multimedia textbooks on different levels of study.

3. Use the educational computer programs at the lessons, with the help of which you can learn vocabulary, practice pronunciation, teach dialogue and monologue speech, writing, practice grammatical phenomena, and, therefore, significantly increase the level of information culture of students.

4. Having a number of necessary skills in the information field in order to develop the information culture of students.

5. Create real, real life situations (i.e. what is called the principle of authenticity of communication), which will stimulate the study of the material and develop adequate behavior.

6. Prepare the student to participate in the process of foreign language communication.

7. Implement a student-centered approach to learning multi-level students.

8. Organize the entire educational process; solve the eternal problem of “weak - strong student in one classroom.”

9. Implement a variety of didactic tasks. [3,p.67-74]

Below is a list of educational online resources recommended for use by foreign language teachers.

The number of educational Internet resources used in the process of learning foreign languages is increasing every day.

Here is a list of some resources:

Puzzle English (<https://puzzle-english.com/level-test>) — online English tests, grammar tests, tense tests, irregular verbs, tests on interesting topics, such as color idioms, popular abbreviations for correspondence, proverbs and much more. There are such exciting tasks as video puzzles and audio puzzles. You can also see a catalog of books in English with translation and voiceover. The section presents more than 60 works of various genres. In the games section you can play games to practice English vocabulary. This is interesting and useful for every student.

Quizlet (<https://quizlet.com.ru/>). The service helps you create flash cards (with or without a picture) to introduce or consolidate vocabulary. These tasks allow you to train reading, speaking, listening, and writing.

Kahoot (<https://kahoot.com/>) - a service for organizing online quizzes, tests, surveys and educational mini-games.

LearningApps.org. (<https://learningapps.org/>) - the app contains many ready-made interactive exercises, but teachers can also create grammar or vocabulary exercises. Design these exercises according to the topic and age group. Conduct quizzes and tests using this service. While working in the service, the teacher can receive student results to his account.

EnglishLearner (<https://englishlearner.com/>) - on this website you will find a huge number of tests on grammar, vocabulary, listening and reading.

SmkEdu (<https://smk.edu.kz/>) is aimed at providing methodological support to the teachers as part of updating the content of secondary education.

LinguaHouse & ESLBrains (<https://www.linguahouse.com/> <https://eslbrains.com/>) these are websites with ready-made lesson plans... Most often they are based on short videos or articles.

Islcollective (<https://en.islcollective.com/>) - is a virtual community where language teachers from all over the world share their work with each other on a voluntary and free basis.

Skyteach (<https://skyteach.ru/>) – it is an open community of English teachers where they share teaching methods, personal experiences in online teaching, tips, videos and ready-made lesson plans.

It appears that the use of activities and authentic materials based on Internet resources is one of the most effective ways to achieve the main goals of teaching a foreign language. They contribute to the development of self-educational activity aimed at mastering new experiences. Students learn to conduct research, systematically and clearly express their thoughts in writing, send and receive a large amount of text, digital and graphic information, analyze the information received and present new ideas. They learn to plan, monitor and evaluate their activities. [4, p 13-15]

Tasks based on Internet resources and project activities undoubtedly contribute to learning in cooperation, the formation of mutual assistance skills, and the ability to carry

out joint activities. Students use chat rooms, video conferencing, forums and email to learn more about the lives and culture of the people whose language they are studying. Analyzing the experience of using internet resources in the classroom, we can say with confidence that the use of information and communication technologies allows us to provide positive motivation for learning; conduct lessons at a high aesthetic and emotional level (music, animation); ensure a high degree of differentiation of training (almost individualization); develop students' self-control and sense of responsibility for the work performed; create opportunities for creative personal development.

References:

1. Nikiforova E. Word cloud as a means of improving monologue and dialogic speech skills in English lessons. [Text]/E. Nikiforova//First of September. English language. 2013. No. 11. P. 8.
2. Astashenko A.I. Internet resources in foreign language lessons [Text] / A.I. Astashenko // Student science of the XXI century: materials of the XII International. Student scientific-practical conf. (Cheboksary, January 25, 2017) / Editorial board: O. N. Shirokov [et al.]. - Cheboksary: CNS "Interactive Plus", 2017. - No. 1 (12). — P. 69–72. — ISSN 2413-3825.
3. Kochergina I.V. Application of ICT in English lessons // Foreign languages at school. – 2010. – No. 4. – P. 67–74.
4. Abaimova T.V. The use of information technology in the process of teaching English at the initial stage // English at school. – 2012. – No. 4. – P. 44 - 49.

АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ САПАСЫ МЕН ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ

Джелилова Гульбахар Сонуровна, арнайы пәндер оқытушысы

Сатарова Айсулу Әбдімаханқызы, өндірістік оқыту шебері

«Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі» КМҚК

Кілт сөздер: *цифрлық білім беру ресурсы, ақпараттық ресурстар, құқықтық қолжетімділік, технологиялар, инфрақұрылым, телекоммуникациялық жүйе, компьютерлік технология, жасанды интеллект, мультимедиялық мазмұн.*

Ключевые слова: *цифровой образовательный ресурс, информационные ресурсы, правовая доступность, технологии, инфраструктура, телекоммуникационная система, компьютерные технологии, искусственный интеллект, мультимедийный контент.*

Keywords: *digital educational resource, information resources, legal accessibility, technologies, infrastructure, telecommunication system, computer technology, artificial intelligence, multimedia content.*

Аңдатпа: *бұл баяндамада ақпараттық ресурстардың сапасы мен қолжетімділігі маңызды факторлары анықталды, қазіргі тенденцияларды талдай отырып, жасанды интеллект әкімшілік тапсырмаларды автоматтандырып гана*

қоймай, сонымен қатар білім беру бағдарламаларын әрбір оқушының, студенттің қабілетіне сай бейімделуін қамтамасыз етіп, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін жасайды, ақпараттық ресурстар білім беру саласында бірнеше маңызды рөл атқарады.

***Аннотация:** В данном докладе определены важнейшие факторы качества и доступности информационных ресурсов, анализируя современные тенденции, искусственный интеллект не только автоматизирует административные задачи, но и обеспечивает адаптацию образовательных программ к способностям каждого учащегося, студента, создает новые возможности обучения, информационные ресурсы играют несколько важных ролей в сфере образования.*

***Annotation:** This report identifies the most important factors of the quality and accessibility of information resources, analyzing current trends, artificial intelligence not only automates administrative tasks, but also ensures the adaptation of educational programs to the abilities of each student, student, creates new learning opportunities, information resources play several important roles in education*

Біздің бұл баяндамамызда оқытудағы цифрлық білім беру ресурстарының өзектілігі талқыланған. Цифрлық оқытуда оқытушы мен білімталшының арасындағы қарым-қатынас болағанымен, уақытты тиімді, әрі жаңа білімді алуда мәліметтердің толықтығы игеріледі.

Соңғы онжылдықтарда жасанды интеллект және нейрожелілер білім беру мен оқыту тәсілдерін айтарлықтай өзгертті. Бұл технологиялар жеке оқытуды, бағалауды автоматтандыруды және білім беру процесін жақсартуды жаңа мүмкіндіктерді ашады. Бұл баяндамада біз нейрожелілердің білім беру саласында қолданылуын қарастырып, олардың артықшылықтарын, сапасын және қолжетімділігін анықтаймыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында цифрландырудың стратегиялық маңыздылығын атап өтіп, ақпараттық технологияларды енгізу арқылы ІТ секторында жасанды интеллект (AI) технологиялары бойынша жетекші ел болу міндетін алға қойған еді.

Жасанды интеллект білім беру саласында күн сайын маңызды рөл атқарып, білім мен оқытуға деген көзқарасты түбегейлі өзгерте алатын перспективаларды ұсынуда. Қазіргі тенденцияларды талдай отырып, жасанды интеллект әкімшілік тапсырмаларды автоматтандырып ғана қоймай, сонымен қатар білім беру бағдарламаларын әрбір оқушының, студенттің қабілетіне сай бейімделуін қамтамасыз етіп, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін жасайды деп айтуға болады. Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалану арқылы үлкен деректерді талдай отырып, білім деңгейінің әлсіз жақтарын анықтап, оқытудың ең тиімді әдістерін ұсына алады.

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар күн сайын білім берудің барлық саласына тереңірек еніп отыр. Бұған күнделікті ақпараттық қоғаммен және сәйкесінше мамандарды дайындаудың қажеттілігімен байланысты сыртқы факторлар, сонымен қатар оқу мекемелерінде қазіргі компьютерлік техника мен

программалық қамтамасыз етудің кең таралуымен, мемлекеттік және мемлекетаралық білім беруді ақпараттандыру бағдарламаларының қабылдануымен, ақпараттандыру тәжірибесін қажет ететін педагогтар санының артуымен байланысты ішкі факторлар әсер етуде. Бірқатар жағдайда ақпараттандыру құралдарын қолдану білім беру саласындағы оқытушылардың еңбек ынтасын арттыруға жағымды әсер етумен қатар, білімалушылардың оқу тиімділігіне арттыруға да ықпалын тигізеді.

Ақпараттық ресурстардың сапасы мен қолжетімділігі — бұл ақпараттың тиімді пайдаланылуына және оның нақты уақытта оңай қолжетімді болуына мүмкіндік беретін маңызды факторлар. Бұл мәселелер қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда өте өзекті. Осы аспектілерді қарастыру кезінде келесі негізгі мәселелерге назар аудару қажет:

1. Ақпараттық ресурстардың сапасы

Ақпараттық ресурстың сапасы оның сенімділігі мен дұрыстығын білдіреді. Ақпараттың сапасы бірнеше өлшемдер бойынша бағаланады:

- Дәлдігі мен шынайылығы: Ақпараттың нақты және дәл болуын қамтамасыз ету. Бұл үшін ресми көздер, сарапшылардың пікірлері және дереккөздердің тексерілуі маңызды.

- Толықтық: Ақпараттың толық, жан-жақты болуы, қажет болған жағдайда қосымша мәліметтер мен түсіндірмелермен қамтамасыз етілуі.

- Жаңалығы: Ақпараттың өзектілігі мен жаңалығы. Ескірген немесе жаңартылмаған ақпарат сенімділік деңгейін төмендетуі мүмкін.

- Түсініктілігі: Ақпараттың қолданушылар үшін оңай түсінілетін және қолжетімді болуы. Техникалық терминология мен күрделі мәліметтер аудиторияның деңгейіне сәйкес болуы керек.

2. Ақпараттық ресурстардың қолжетімділігі

Ақпараттық ресурстардың қолжетімділігі — бұл қажетті ақпаратқа ыңғайлы уақытта және орынға қол жеткізу мүмкіндігі. Қолжетімділік бірнеше аспектілерді қамтиды:

- Интернетке қолжетімділік: Қазіргі кезде ақпараттың көп бөлігі интернет арқылы беріледі, сондықтан интернетке қол жеткізу маңызды фактор болып табылады. Тиісті инфрақұрылым мен байланыс жылдамдығы ақпараттың қолжетімділігін анықтайды.

- Ақпаратты іздеу және алу құралдарының тиімділігі: Ақпаратты іздеуге арналған жүйелер (мысалы, іздеу машиналары, мәліметтер базалары, кітапханалар) ақпараттың пайдаланушыларға тез әрі оңай қолжетімді болуын қамтамасыз етуі керек.

- Қол жетімділік деңгейі: Ақпараттың қолданушылар үшін тең дәрежеде қолжетімді болуы, мысалы, мүгедектер үшін арнайы құралдармен немесе көп тілде ұсынылуы.

- Құқықтық қолжетімділік: Ақпараттың авторлық құқықтармен қорғалуын ескере отырып, заңды түрде қолжетімді болуы.

3. Ақпараттық ресурстардың сапасы мен қолжетімділігіне әсер ететін факторлар

- **Технологиялар:** Заманауи технологиялар, әсіресе жасанды интеллект, мәліметтер базалары мен бұлттық технологиялар ақпараттың сапасын және қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

- **Инфрақұрылым:** Жоғары жылдамдықты интернет пен ақпараттық жүйелердің дамуы ақпараттың тез әрі ыңғайлы қолжетімді болуына мүмкіндік береді.

- **Білім мен дағдылар:** Пайдаланушылардың ақпаратты тиімді іздеп табуға және оны дұрыс қолдануға қажетті дағдылар мен білімнің болуы.

Ақпараттық ресурстардың білім берудегі сапасы — бұл білім беру процесінің тиімділігіне және нәтижелілігіне тікелей әсер ететін маңызды аспект. Жоғары сапалы ақпараттық ресурстар білім алушылардың оқу тәжірибесін жақсартады, оларды терең білім алуға ынталандырады және заманауи ақпараттық қоғамда қажетті дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Ақпараттық ресурстардың білім берудегі сапасына әсер ететін бірнеше негізгі факторларды атап өтуге болады.

1. Ақпараттық ресурстардың түрлері

Білім беру саласында ақпараттық ресурстар әртүрлі болуы мүмкін, олардың сапасы оқу процесінің сапасына әсер етеді. Мысалы:

- **Электрондық оқулықтар мен оқу материалдары:** Жоғары сапалы, өзекті және толыққанды оқу құралдары білім алушылардың білімді меңгеруін оңтайландырады. Қазіргі электрондық оқулықтар мультимедиялық құралдармен (бейнемазмұн, анимация, интерактивті тапсырмалар) толықтырылған болуы мүмкін, бұл оқудың тиімділігін арттырады.

- **Мәліметтер базалары мен ғылыми журналдар:** Ғылыми мақалалар, зерттеулер мен мәліметтер базалары білім алушылар мен оқытушылар үшін құнды ақпарат көзі болып табылады. Олардың сапасы ғылыми жұмыстардың дәлдігі мен өзектілігіне ықпал етеді.

- **Онлайн курстар мен платформалар:** Coursera, Khan Academy, Udey сияқты онлайн білім беру платформалары білім алушыларға заманауи курстар мен тренингтерге қолжетімділікті ұсынады. Бұл ресурстардың сапасы оқытудың интерактивтілігіне, оқулықтар мен материалдардың сапасына және оқыту әдістерінің тиімділігіне байланысты.

- **Білім беру бағдарламалары мен бейнемазмұн:** Педагогикалық видеолар, вебинарлар мен басқа да мультимедиялық ақпараттық ресурстар оқу процесін тартымды әрі тиімді етеді.

2. Ақпараттық ресурстардың сапасына әсер ететін факторлар

Ақпараттық ресурстардың білім берудегі сапасы бірнеше факторларға байланысты:

- **Дәлдік пен сенімділік:** Ақпараттық ресурстың сапасы оның дәлдігі мен сенімділігіне байланысты. Білім беру мақсатында пайдаланылатын материалдар тексерілген және сенімді дереккөздерден алынған болуы керек. Қате немесе жалған ақпарат оқушыларға теріс әсер етуі мүмкін.

- **Өзектілік:** Білім беру ресурстарының заманауи және өзекті болуы өте маңызды. Ақпараттың жаңартылуы мен оны уақытында жаңа зерттеулермен толықтыру оқу процесін тиімді етеді.

- **Қолданушылық интерфейс және қолжетімділік:** Ақпараттық ресурстардың пайдаланушыға ыңғайлы болуы керек. Бұл ресурстың интерфейсі түсінікті, интуитивті болуы және түрлі платформаларда (компьютерде, мобильді құрылғыларда) қолжетімді болуы маңызды.

- **Интерактивтілік:** Ақпараттық ресурстар тек пассивті оқу үшін ғана емес, студенттің белсенді қатысуына мүмкіндік беретін құралдармен (сұрақ-жауап, тапсырмалар, тестілер) толықтырылған болуы қажет.

- **Мультимедиялық мазмұн:** Видео, анимация, диаграммалар және инфографика сияқты мультимедиялық құралдар оқу материалдарының түсінікті әрі тартымды болуына көмектеседі.

- **Тілдік қолжетімділік:** Әр түрлі тілдерде ұсынылған ақпарат білім алушылардың әртүрлі мәдени және тілдік топтар үшін қолжетімді болуы керек.

3. Ақпараттық ресурстардың білім берудегі ролі

Ақпараттық ресурстар білім беру саласында бірнеше маңызды рөл атқарады:

- **Білім алу мүмкіндіктерін кеңейту:** Ақпараттық ресурстар білім алушыларға кез келген уақытта және жерде білім алу мүмкіндігін береді. Бұл әсіресе қашықтан оқыту жүйелерінде маңызды.

- **Тақырыптарды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді:** Студенттер ғылыми зерттеулер мен мақалаларды оқып, нақты мәселелерді талдай отырып, білімін тереңдете алады.

- **Қосымша білім беру мен дағдыларды дамыту:** Ақпараттық ресурстар арқылы оқушылар өздігінен білім алып, қосымша дағдыларды игеруге мүмкіндік алады (мысалы, бағдарламалау, тіл үйрену, зерттеу жүргізу).

- **Оқыту процесін жаңғырту:** Заманауи технологиялар мен ақпараттық ресурстар оқыту әдістемелерін жаңартып, оқытушылар мен білім алушылар арасындағы интерактивті байланысты жақсартады.

4. Ақпараттық ресурстардың білім беру сапасына әсерін бағалау

Ақпараттық ресурстардың білім берудегі сапасын бағалау үшін түрлі әдістер қолданылады:

- **Пайдаланушылардың кері байланысы:** Білім алушылар мен оқытушылардың пікірлері мен ұсыныстары арқылы ресурстың тиімділігін бағалауға болады.

- **Оқушылардың нәтижелері:** Ақпараттық ресурстардың сапасы білім алушылардың оқу нәтижелеріне, тестілер мен емтихандардағы көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін.

- **Мазмұнның сапасын талдау:** Оқу материалдарының дәлдігі, өзектілігі және қолданушылық сипаттамалары бойынша сараптама жүргізу.

Тұжырымдаманы іске асыруды қамтамасыз ету мынадай қағидаттар ескеріліп жүзеге асырылады:

Жауапкершілік. Жасанды интеллектті жобалау және пайдалану кезінде этикалық талаптар мен адами құндылықтар қатаң сақталуға тиіс. Бұл қағидат адами құндылықтар жүйесінен тиімділіктің басым болуына жол бермей, жасанды интеллектті моральдық нормаларды сақтап, адам құқықтарын құрметтей отырып дамытуға, жобалауға және пайдалануға бағытталған.

Шешім қабылдау. Жасанды интеллект адамды алмастырмайды, толықтырады. Шешім қабылдау мандатының иерархиясында адамды жасанды интеллект әрекетін түзету мүмкіндігімен жасанды интеллекттен жоғары қою үшін жасанды интеллект жүйелерінің шешім қабылдау процесін бақылау мен басқаруға адамның белсенді қатысуы қамтамасыз етілуі қажет. Жасанды интеллект жұмысын үнемі мониторингтеу және сыни бағалау қамтамасыз етілуге тиіс.

Жасанды интеллект технологияларының сенімділігі және алгоритмдердің түсінікті болуы. Жасанды интеллект шешім қабылдаған кезде сенімді нәтижелер мен тиісті дәлдікті қамтамасыз ету үшін жасанды интеллект технологиялары сенімді есептеу әдістері мен инфрақұрылымдық шешімдерге сүйенуге тиіс. Алгоритмдердің түсінікті болуы үшін жасанды интеллект жүйелерін жасанды интеллекттің шешім қабылдау процесі қалай өтетінін және осы процестің шешуші факторы не екенін әзірлеуші мен пайдаланушылар түсінетіндей етіп әзірлеу көзделеді.

Ашықтық пен әділеттілік. Ашықтық стейкхолдерлердің жасанды интеллект жүйелері мен технологиялары туралы нақты және ашық ақпаратқа қол жеткізе алуын қамтамасыз етеді, ал жасанды интеллект технологиялары мен жүйелерін әзірлеушілер мен меншік иелері бұл мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ жасанды интеллект технологиялары мен жүйелерінің әзірлеушілері және меншік иелері деректер мен жасанды интеллектті мәлімделген мақсаттарда ғана пайдалануды қамтамасыз етеді, жасырын алгоритмдерді пайдаланудан бас тартады. Әділеттілік қағидатын сақтау сектор стейкхолдерлерін жасанды интеллект негізіндегі жүйелер мен технологиялар өз қызметінде ешкімді кемсітпейтініне және белгілі бір адамдар тобының пайдасына шешім қабылдамайтынына кепілдік беруге итермелейді.

Тәуекелдерді басқару және жауапкершілік. Тәуекелдерді басқару қағидаты жасанды интеллект жүйелері мен технологияларының стейкхолдерлеріне жасанды интеллектті пайдалану тәуекелдерін бағалауға және оларды өз деңгейінде азайту үшін іс-қимыл жоспарын құруға бағытталған. Жауапкершілік дегеніміз әрбір стейкхолдер тәуекелдерді біліп, өз қызметін жүзеге асыру барысында жасанды интеллектті қолдану нәтижелері үшін жауапкершілікті өз мойнына алатынын және жасанды интеллект жұмысының нәтижелеріне сүйену туралы ақпараттандырылған шешім үшін толық жауапты болатынын білдіреді. Заңнама жасанды интеллект стейкхолдерлері арасындағы жауапкершіліктің, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру барысында жасанды интеллектті қолданудың салдары үшін ұйымдық жауапкершілік пен жеке жауапкершіліктің аражігін ажыратудың негізгі аймақтарын,

жасанды интеллект туралы толық ақпарат болмаған жағдайда тәуекелдердің туындауына себеп болған осы жауапкершіліктің дәрежесін нақтылауға тиіс.

Қауіпсіздік және құпиялылық. Қауіпсіздік қағидаты жасанды интеллект жүйелерін, инфрақұрылымды шабуылдардан және сыртқы жасанды интеллект жүйелерінің ақпараттандыру объектілеріне әсерінен қорғауға бағытталған. Мұның өзі деректер мен жүйелердің қауіпсіздігін, әсіресе олар адамның өмірі мен әлауқатына әсер ететін маңызды процестерде қолданылған кезде қамтамасыз етеді. Құпиялылық қағидаты қауіпсіздікті толықтырып, жеке деректерді, адамның жеке өмірін және заңмен қорғалатын басқа да құпияларды қорғауды қамтамасыз ету қажеттігін ерекше назарда ұстайды. Сондай-ақ құпиялылық қағидатына жеке және заңды тұлғаларға тиесілі құпия ақпарат мүддесін қорғау жатады.

Инновация мен этика арасындағы тепе-теңдікке негізделген бейімді реттеу. Жасанды интеллект секторын реттеудің төмен деңгейі технологиялық артықшылық беретінін және жасанды интеллект дамыған сайын реттеу деңгейін біртіндеп арттыру керек екенін елдер мойындайтынын ескерсек, Тұжырымдаманы іске асыру кезеңінде бейімді реттеу қағидаты "алдымен – технология, содан кейін – реттеу" логикасын басшылыққа алады. Ол шамадан тыс кедергі мен шектеу жоқ жасанды интеллект секторының дамуын ынталандыратын орта құруға бағытталған. Алайда этикалық қақтығыстар туындаған немесе жасанды интеллект технологияларын қолдану практикасы реттеуді қажет ететін жағдайда заңнамалық жүйенің жедел әрекет етуі де осы қағидатты іске асырудың аса маңызды аспектісі болып табылады.

Ақпараттық ресурстардың сапасы мен қолжетімділігі қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Олар білім алу, шешім қабылдау және түрлі әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешуде шешуші фактор болып табылады. Ақпараттық ресурстардың сапасын жақсарту және қолжетімділігін арттыру үшін тиісті технологиялар, инфрақұрылым және білім беру жүйелерін жетілдіру қажет.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы»
2. Абилхасимова А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану/ А. Е. Абилхасимова. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. - 2020. - № 14 (304). - С. 292–295
3. Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері //Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. -Шымкент-Москва, 2009.
4. Қараева, С. М., & Тілеужанова, А. Қ. (2020). "Ақпараттық технологиялар және білім беру: теория мен тәжірибе." — Алматы: Қазақ университеті.
5. Беспалова, Г. В., & Тусупова, А. Р. (2021). "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен білім беру ресурстары." - Шымкент университеті баспасы.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ КОЛЛЕДЖА

Лаптева Елена Сергеевна

заведующая кафедрой «Технические дисциплины»

преподаватель специальных дисциплин

ТОО «Алматинский колледж строительства и менеджмента»

Ключевые слова: Информационные технологии; искусственный интеллект; учебный процесс; типы уроков; средства обучения; сервисы.

Кілтті сөздер: Ақпараттық технологиялар; жасанды интеллект; оқу процесі; сабақ түрлері; оқыту құралдары; сервистер.

Keywords: Information technology; artificial intelligence; educational process; types of lessons; training facilities; services.

Аннотация: В статье рассматриваются применение основных средств информационных технологий, искусственного интеллекта и их эффективности при обучении обучающихся в колледже. Применение информационных технологий для организации учебного процесса в колледже привело к появлению новых образовательных методов и форм обучения.

Андамна: Мақалада білім алушыларды колледжде оқыту кезінде ақпараттық технологиялардың, жасанды интеллекттің негізгі құралдарын қолдану және олардың тиімділігі қарастырылады. Колледжде оқу процесін ұйымдастыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану оқытудың жаңа білім беру әдістері мен нысандарының пайда болуына алып келді.

Annotation: The article examines the use of basic information technology tools, artificial intelligence and their effectiveness in teaching students in college. The use of information technology to organize the educational process in college has led to the emergence of new educational methods and forms of education.

Целесообразность использования информационных технологий, искусственного интеллекта в учебном процессе колледжа определяется тем, что с их помощью наиболее эффективно реализуются такие дидактические принципы как научность, доступность, наглядность, сознательность и активность обучаемых, индивидуальный подход к обучению, сочетание методов, форм и средств обучения, прочность овладения знаниями, умениями и навыками, социализация обучаемого.

Искусственный интеллект позволяет создавать персонализированные образовательные программы, учитывая индивидуальные потребности и уровень знаний каждого студента. Системы адаптивного обучения используют алгоритмы машинного обучения для анализа данных обучения и предоставления обучающим материалов, соответствующих их текущим знаниям и способностям. Это способствует более эффективному обучению и повышению успеваемости.

С использованием ИИ можно автоматизировать процессы оценки учащихся, что сокращает нагрузку на преподавателей и увеличивает объективность оценок. Анализаторы текстов могут оценивать письменные работы, а системы

автоматической проверки могут проверять знание материала. Кроме того, ИИ может предоставлять обучающим более детальную обратную связь об их успехах и ошибках, что помогает им улучшать свои навыки.

Информационные технологии, искусственный интеллект предоставляют возможность:

- рационально организовать познавательную деятельность учащихся в ходе учебного процесса;

- сделать обучение более эффективным, вовлекая все виды чувственного восприятия учащегося в мультимедийный контекст и вооружая интеллект новым концептуальным инструментарием;

- построить открытую систему образования в среднем профессионально-техническом образовании, обеспечивающую каждому индивиду собственную траекторию обучения;

- вовлечь в процесс активного обучения категории учащихся, отличающихся способностями и стилем учения;

- использовать специфические свойства компьютера, позволяющие индивидуализировать учебный процесс и обратиться к принципиально новым познавательным средствам;

- интенсифицировать все уровни учебно-воспитательного процесса.

Сегодня актуальной задачей колледжа является в поиске новых форм и средства при переходе от традиционного к инновационному образованию в учебном процессе, необходимостью повышения эффективности обучения, дать возможность учащимся проявлять самостоятельность в планировании, организации и контроле своей деятельности. Организации учебного процесса в колледже с применением новых информационных технологии содержит два тесно связанных между собой слагаемых.

Во-первых, огромные возможности современные информационные технологии несут в себе несравнимый с ранее применявшимися техническими средствами обучения, дидактический материал, который может и должен быть реализован в учебно-воспитательном процессе.

Во-вторых, широкое применение компьютеров в учебном процессе зависит от подготовки кадров на уровне современных требований. Поэтому изучение и использование информационной и компьютерной технологии в учебном процессе - важнейший компонент подготовки учащихся к дальнейшей трудовой деятельности.

Выделяют восемь типов компьютерных средств, используемых в обучении на основании их функционального назначения:

1. Презентации – это электронные диафильмы, которые могут включать в себя анимацию, аудио- и видеофрагменты, элементы интерактивности. Для создания презентаций используются такие программные средства, как PowerPoint или Open Impress. Эти компьютерные средства интересны тем, что их может создать любой преподаватель, имеющий доступ к персональному компьютеру, причем с минимальными затратами времени на освоение средств создания презентации.

Применение презентаций расширяет диапазон условий для креативной деятельности учащихся и психологического роста личности, развивая самостоятельность и повышая самооценку. Презентации активно используются и для представления учащимися проектов.

2. Электронные энциклопедии – являются аналогами обычных справочно-информационных изданий – энциклопедий, словарей, справочников и т.д. Для создания таких энциклопедий используются гипертекстовые системы и языки гипертекстовой разметки, например, HTML. В отличие от своих бумажных аналогов они обладают дополнительными свойствами и возможностями:

- они обычно поддерживают удобную систему поиска, по ключевым словам, и понятиям;

- удобная система навигации на основе гиперссылок;

- возможность включать в себя аудио- и видеофрагменты.

3. Дидактические материалы – сборники задач, диктантов, упражнений, а также примеров рефератов и сочинений, представленных в электронном виде, обычно в виде простого набора текстовых файлов в форматах doc, txt и объединенных в логическую структуру средствами гипертекста.

4. Программы-тренажеры выполняют функции дидактических материалов и могут отслеживать ход решения и сообщать об ошибках.

5. Системы виртуального эксперимента – это программные комплексы позволяющие учащемуся проводить эксперименты в “виртуальной лаборатории”. Главное их преимущество – они позволяют учащемуся проводить такие эксперименты, которые в реальности были бы невозможны по соображениям безопасности, временным характеристикам и т.п. Главный недостаток подобных программ – естественная ограниченность заложенной в них модели, за пределы которой учащийся выйти не может в рамках своего виртуального эксперимента.

6. Программные системы контроля знаний, к которым относятся опросники и тесты. Главное их достоинство – быстрая, удобная, беспристрастная и автоматизированная обработка полученных результатов. Главный недостаток – негибкая система ответов, не позволяющая испытуемому проявить свои творческие способности.

7. Электронные учебники и учебные курсы – объединяют в единый комплекс все или несколько вышеописанных типов. Например, учащемуся сначала предлагается просмотреть обучающий курс (презентация), затем проставить виртуальный эксперимент на основе знаний, полученных при просмотре обучающего курса (система виртуального эксперимента). Часто на этом этапе учащемуся доступен также электронный справочник/энциклопедия по изучаемому курсу, и в завершение он должен ответить на набор вопросов и/или решить несколько задач (программные системы контроля знаний).

8. Обучающие игры и развивающие программы – это интерактивные программы с игровым сценарием. Выполняя разнообразные задания в процессе игры, учащиеся развивают тонкие двигательные навыки, пространственное

воображение, память и, возможно, получают дополнительные навыки, например, обучаются работать на клавиатуре.

Виртуальные лаборатории и симуляции, созданные с применением ИИ, позволяют студентам экспериментировать и практиковаться в безопасной и контролируемой среде. Например, студенты медицинских специальностей могут проводить хирургические операции в виртуальной среде, а будущие инженеры могут тестировать различные конструкции. Это способствует более глубокому пониманию материала и приобретению практических навыков.

Выделяют следующие типы уроков по способу использования информационных технологий:

1. Уроки, на которых компьютер используется в демонстрационном режиме – один компьютер на учительском столе + проектор;
2. Уроки, на которых компьютер используется в индивидуальном режиме – урок в компьютерном классе без выхода в Интернет;
2. Ыңғайлы орта құру

- Физикалық кеңістікті жағымды ету (жарық, музыка, таза ауа).
 - Командадағы әр адамның өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінуіне мүмкіндік беру.
3. Эмоциялық қолдау көрсету
- Адамдардың көңіл күйіне мән беру, қажет болған жағдайда көмектесу.
 - Әркімнің жетістігін мойындау және мадақтау.
4. Бірлескен әрекет
- Топтық ойындар, тренингтер немесе қызықты іс-шаралар ұйымдастыру.
 - Жалпы мақсатқа бірге ұмтылу арқылы ұжымдық рухты күшейту.
5. Позитивті көңіл-күйді сақтау
- Өзіл-қалжың, позитивті әңгімелер арқылы көңілді атмосфера қалыптастыру.
 - Стресс немесе келіспеушіліктерді сыпайы әрі ашық түрде шешу.

Ахуал (ағылш. *situation*) — өзара таныстық, әңгімелесуді білдіретін психологиялық ұғым. Көбінесе топтық психологияға байланысты айтылады. Сондықтан ол, көбінесе “әлеуметтік-психологиялық ахуал” немесе “психологиялық атмосфера” түрінде түсіндіріледі. Бұған қоғам мен ұжымдағы адамдардың өзара қарым-қатынасы, көңіл-күйі мен ынтымағы, бірін-бірі түсінуі, тәртіп пен жауапкершілік, ортақ борыш пен намыс, үйреншікті еңбек стилі, ортақ пікір, өзара сын т.б. кіреді. Оң (жақсы) ахуалға бір қоғамдағы не ұжымдағы адамдардың ынтымағын, бір-біріне деген шексіз сенімін, шынайылық пен сыйластықты жатқызуға болады. Қоғамның орнықты дамуы немесе белгілі бір ұжымдағы еңбек өнімділігінің нәтижесі ұжымдағылардың кәсіби шеберлігі мен дағдысына, білімі мен икемділіктеріне ғана тәуелді емес, көпшіліктің мұнда қалыптасқан тұрақты көңіл-күйіне де байланысты. Сары-уайым, жабырқау, теңілу, жалғызсырау, ұрыскеріс қоғамда да, ұжымда да қолайсыз ахуал туғызып, ортақ мүддеге кесірін тигізеді.

Бейімделу — бұл оқу үрдісін ұйымдастыру мен студенттің оған деген қарым-қатынасының өзгерісі.

Колледжде бірінші бағам студентінің бейімделуінің әлеуметтік деңгейі көптеген факторларды анықтайды: адамның жекелеген тұлғалық-психологиялық ерекшелігі, тұлғасы, іскерлік қабілеттілігі мен тәртібі, құндылықтары, академиялық белсенділігі, денсаулық жағдайы, әлеуметтік ортасы, отбасылық деңгейі, т.с.с.

Жастардың студенттік өмірге қалыптасуы әлеуметтік және биологиялық өзгерістердің толықтай жетілмегендігінен, қиын әрі көпжақтылы үрдіс деп қарастырылады. Сондықтан, бірінші бағам студентінің колледж жағдайына бейімделу мәселесі жалпы теориялық мәселелердің бірі болып табылады [1, 23-б].

Кешегі мектеп оқушысының студенттік өмірге «енуі» мәселе міндеттерінің өзектілігін анықтап береді. Бірінші бағам студенттерінің студенттік өмірге тез бейімделу үрдісі олардың өмір сүру үрдісінде жаңа кезең болып саналады. Оқу кезеңінің алғашқы баспалдағында олардың оқу– іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктері мен өзгерістерін, психологиялық жағдайын зерттеуді қажет етеді. Бірақ, бірінші бағамдағы оқу–іс әрекетін ұйымдастыру ісі колледж жағдайына орай студенттің бейімделуіне бағытталған.

Орта кәсіби маман даярлау оқу ісінде бірінші бағам студенттерінің бейімделу үрдісі мәселелерін шешуге қатысты әдебиеттер мен зерттеулер сараптамасы ғылыми–теориялық жаңалықтарды ашып берді.

Студенттік өмір бірінші бағамнан басталады. Сондықтан да бірінші бағам студентінің колледж өмірі мен оқу–іс әрекетіне тиімді бейімделуі тұлға ретінде болашағының жақсы дамуына, жақсы кәсіби маман болып қалыптасуына кепіл бола алады. Мұнымен оқытудың әртүрлілігі мен қалыптасудың қарама–қайшылық мәселелері зерттеулік, және тәжірибелік қызығушылық туындайды және анықталады.

Кешегі мектеп оқушысының жаңа жағдайға нәтижелі қалыптасуын шешу үшін алғашқы оқу жылында студенттің көпшілігі кездесетін типологиялық мәселелерді себеп–салдарымен нақты анықтап алу керек.

Жас жеткіншектің студенттік өмірге қосылуы жолында тұрған кедергі оның колледжге қалыптасқан динамикалық стереотиппен келуімен байланысты. Колледжге қабылдануымен қатар бұрынғы қалыптасқан стереотип бұзылып, жаңа түрі қалыптасады.

Бірінші бағамға түскен студенттерге колледждің оқу–ісі үрдісі мен тәртібін қабылдау оңайға соқпайды. Бұл мектеп кезі мен үйде баланың үнемі мұғалім мен ата–ана қамқорлығында болуымен тікелей байланысты. Студенттер өздерін өзі бақылауға әлі қалыптаспаған, үйренбеген. Техникалық колледжге түсушілердің негізгі бөлігі аудандардан (облыс, ауылдардар) келеді. Қалаға келісімен олар ата–ана қамқорлығынан тысқары болып, өздерінің жеке өмірлерін бастайды. Сондықтан да ата–ана тарапынан үнемі бақылау мүмкін емес.

Студент тек колледжде ғана оқып қоймай, кітапханаларға барып, өз бетінше де ізденуі, білім алуы қажет. Ғаламтор мен басқа да құрылғыларды қолдануы керек. Оқу ісі үрдісінде студенттің өз бетінше ізденісі біршама рөл атқарады.

Студент пен оқытушының арасындағы баспалдақ колледждің оқу ісі үрдісінде оқытудың әдістері мен ұйымдастырылуы негізінде анықталады. Білім алудың мектепте игерілген әдіс – тәсілдері көбінесе жаңа дидактикалық жағдайларды бағалап жатады. Кей жағдайда бұл оң нәтиже де бермеуі мүмкін. Студент колледждің оқу ісі үрдістерінің талаптарына қалыптасуы үшін біршама уақыт кетеді. Көпшілігіне бұл үлкен еңбекпен келеді. Осыдан барып іс – әрекеттің түрлілігі, мектепте оқыған адамның колледже білім алуы барысында қорытындыланады. Бейімделу үрдісін комплексті түрде: оның әр түрлі деңгейде дамуы, яғни, жекелеген тұлғалық қарым–қатынас деңгейінде, жекелеген іс–әрекетінде, психофизиологиялық реттеу тұрғысынан қарастыру қажет. Қалыптасу үрдісіне белгілі бір деңгейде тікелей әсер ететін психикалық бейімделу бұл орайда маңызды рөл атқарады [2,79-б].

Студенттердің бейімделу мәселесін шешуге бағытталған педагогикалық үрдістерді ұйымдастырудың біркелкі емес әрекеттерінің: оқытушылардың келіспеушілік әрекеттері, жетекшілердің бұл мәселені шешуде аз көңіл бөлулері нәтижесінде студенттердің оқу–тәрбие үрдісіне қалыптасуы қиындайды. Орта

кәсіби білім беру педагогикасында студенттердің оқу–ісі әрекетін қабылдауда қиындық тудыратын психологиялық–педагогикалық себептер әлі де жеткілікті анықталмаған. Сонымен қатар оқу–тәрбие үрдісінде студенттің әлеуметтік–психологиялық қалыптасуын қамтамасыз ететін психологиялық – педагогикалық жағдайлар да анықтауды қажет етеді [3,96-б].

Психологиялық қолдау ең маңызды рөл атқарады. Мейірімділік, көңіл бөлу колледждегі оқу–тәрбие үрдісіне бейімделу уақытын азайтуға мүмкіндік тудырады. Топ жетекшісі студенттердің сабақ үлгерімі мен сабаққа қатысымын бақылап, ата-аналарын хабардар етіп отырады. Әркімге жекелей қарым-қатынас жасау – бұл біздің топ жетекшілері жұмысының негізгі мақсаты. Олар әркіммен ортақ тіл табысуға, ашық сөйлесіп, кеңестері мен ұсыныстарын білдіруге, студенттің мағлұматты өз бетінше игеруге көмек көрсетуге, өзінің білімі мен қабілеттілігін бағалай білуге үйретуге тырысады.

Психологтар студенттер арасында қолайлылық қалыптастыруға аз тер төкпейді. Мысалы, бейімделу кезінде бірінші бағамға түскен студенттерге комплексті диагностика өткізіп, қорытындысы бойынша консультацияға шақырады. Консультация барысында студенттердің әртүрлі проблемалары анықталып. Бақылауға алып, топ жетекшілеріне ұныстар береді. Өткізілген консультациядан кейін студенттің жеке бақылау картасы толтырылады. Сонымен қатар колледжде студенттердің бір–бірімен жақындастыруға, ортақ тіл табыстырып, достастыруға, курстастардың өзара және жоғарғы бағам студенттерімен қарым–қатынас жасай білуге бағытталған әр түрлі мерекелік және тәрбилік іс–шаралары ұйымдастырылады. Әсіресе психологтар емтихан алдындағы мазасыздықтарын басу мақсатында сынып сағаттарын, емтихан алдында дайындалуға кеңес ақпарат парақшаларын таратады. Сонымен қатар мазасыздықтары жоғары әр студенттермен сессия уақытында психологиялық қолдау көрсетіледі.

Әр адамның өзін–өзі бағалай білуі, тұлғалық даму құқығы бейімделудің психологиялық жағдайын құрудың негізгі мақсаты болып табылады. Егер біз студентке жаңа оқу ұжымына енуіне көмек көрсетсек, оны колледждің барлық орталықтарымен (оқу, ғылыми, қоғамдық) бірге жүзеге асыруымыз керек. Осылайша орта кәсіби білім жүйесіне енгелі тұрған бірінші бағам студенті алдындағы туындаған қиындықтар мен оларды шешу жолдары студенттің академиялық белсенділігі мен білім үрдісіндегі жетістігін арттыра түседі.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Артемов, С.Д. Социальные проблемы адаптации / С.Д. Артемов. – М., 1990.
2. Емельянов В. Студенты об адаптации к колледжской жизни // Социс, 2001. №9
3. Воробьева О. А. Проблема адаптации студентов первокурсников из сельской местности к обучению в колледже // Психология в России и за рубежом: материалы междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, октябрь 2011 г.). - СПб.: Реноме, 2011.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ОРТАНЫҢ РӨЛІ

Оразымбетова Айнур Сейденовна

Тарих пәні оқытушысы

«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК

Кілтті сөздер: *Тұлғаны «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» ұғымдары және олардың арақатынасы. Педагогика ғылымында тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, оқыту, дамыту, қалыптастыру, әлеуметтендіру, табыстылық, тұлғаның құзыреттілігі т.б. негізгі категориялары мен ұғымдары болып табылатыны белгілі.*

Ключевые слова: *«Развитие», «воспитание», «формирование», «социализация» личности их понятия и взаимосвязь. Известно, что в педагогической науке основными категориями и понятиями личности являются воспитание, образование, обучение, развитие, формирование, социализация, успешность, компетентность личности и др.*

Keywords: *The concept of personality formation includes the ability of a child to live independently in society, his fate includes conditional development achievements, such as the ability to judge himself and understand his relationship, as well as the ability to consistently choose the name of value.*

The formation of a person as an individual should be considered in the unity of social relations, political and economic, ideological, moral and aesthetic, religious, etc., regardless of his active activity in terms of his behavior and various influences.

Аңдатпа: *Тұлғаның қалыптасуы ұғымына баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі, өз тағдырына өзі үкім ете білуі және өзінің қарым-қатынасын түсіне білу қабілетін меңгерген, сонымен бірге құндылық атаулыны тұрақты таңдай алу сияқты дамудың шартты түрдегі жетістіктері жатады. Адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуын оның өзінің мінез-құлқы жағынан белсенді әрекетіне және әр түрлі әсерленуіне қарамастан, саяси-экономикалық, идеологиялық, адамгершілік-эстетикалық, діни т.б. қоғамдық қатынастардың бірлігінде қарастыру керек.*

Аннотация: *В понятие формирования личности можно отнести способность ребенка жить самостоятельно в обществе, умение адаптироваться к переменам в ближайшем социальном окружении и в своей собственной судьбе, а также способность выбрать ценностные ориентации.*

Становление человека как личности следует рассматривать в единстве общественных отношений, независимо от ее активной деятельности и различных взаимодействий с точки зрения собственного поведения, политико-экономических, идеологических, нравственно-эстетических, религиозных и др.

Annotation: *The concepts of "development", "education", "formation", "socialization" of the personality and their ratio. It is known that in pedagogical science*

the main categories and concepts of personality Education, Upbringing, Training, Development, formation, socialization, success, personality competence, etc.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет.

Қазіргі мұғалім:

Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;

Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;

Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;

Білімді, іскер, шебер болу керек;

Қазіргі оқушы:

Дүниетаным қабілеті жоғары;

Дарынды, өнерпаз;

Іздемпаз, талапты;

Өз алдына мақсат қоя білу керек.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуы, оған әсер ететін факторлар. Өмір бойы даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адамның орнығып, жетілуін қалыптастыру деп атайды. Жеке адамның қалыптасуы- күрделі, ағзаның өсуі мен жетілуін, стихиялы әсерлерді, мақсатты, ұйымдасқан тәрбиені қамтитын қарама-қайшылықты процесс. Педагогика ғылымында "тұлға", "даму" және "қалыптастыру" ұғымдары жиі қолданылады. Даму-ол табиғи процесс, соның негізінде адам организмінің сапа және сан жағынан өзгеруінің нәтижесі көрініс береді.

Жеке тұлғаның дамуы және оның дүние тануы түрлі жағдайларға байланысты.Даму процесінде негізгі ықпал жасайтын факторлар: туқым қуалаушылық, табиғи және әлеуметтік орта мен тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеу. Тұқым қуалаушылық- жеке тұлғаның ата-анамен биологиялық ұқсастығы. Атап айтқанда:

-дене ерекшеліктері: баланың шашы, терісінің түсі, бет келбеті, басының формасы, т.б биологиялық ұқсастығы;

-әлеуметтік қасиеттері: сөйлеуі, көруі, естуі, тік жүруі;

-дара психикалық ерекшеліктері, қабілеттері: музыкаға қабілеттілігі, бейнелеу өнеріне, биге икемділігі, есеп шығаруға, есте сақтау қабілеті т.б нышан түрінде болады. Нышандар қабілеттілікке айналады.

-жоғары жүйке қызметінің белгілі бір түрі-холериктік, сангвиникалық, флегматикалық, меланхоликалық.

Жүсіпбек Аймауытов «Неге арналсаң, соны істе» атты мақаласында: «Кісі туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады; басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки деректік болады» деген көзқарасын баяндайды.

Адам дамуында орта зор рөл атқарады. Табиғи орта- бұл түрлі табиғат жағдайларының адам тұрмысына, қызметіне ықпал жасауы: ауа райы, жері, суы.

Әлеуметтік орта-жеке тұлғаның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын қоғамдағы әлеуметті қатынас, адамдар, олардың өзара қарым-қатынасытары көпжақты әрекеттері.

Тәрбие- жеке тұлғаның дамуында жетекші рөл атқарады. Адамның туғаннан ержету кезеңіне дейін дамуы негізінен тәрбие арқылы, мақсатты түрде сырттай ықпал ету жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында ықпал ететін факторларға біржақты көзқарас, шешім болмауы қажет. Мысалы, 30 жылдардың аяғында, кейбір кеңес педагогтары жеке тұлғаның дамуында ортаның рөлі басым деген идеяны қуаттап, тәрбиенің жетекші рөлін бағаламады. Сол секілді тәрбиенің рөлін тұқым қуалаушылық пен әлеуметтік ортадан жоғары қою факторлары кездеседі.

Тәрбие үдерісінде тұлғаны «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» бір — бірімен тығыз байланыста дамиды. Даму дегеніміз, ең алдымен адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер. Бұл өзгерістер белгілі бір әлеуметтік ортада болады. Адам биологиялық жанды зат ретінде дүниеге келеді де, ол даму үрдісінде әлеуметтік қызметтерді (өмірге, адамдарға, еңбекке, тұтастай қоғамға қатысты, т.б.) атқару арқылы ғана тұлға болып қалыптасады.

Тәрбие әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда қоғам бақылайтын және түзету

енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып бағыттайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне қатысуға мақсаттылықпен даярлау ісі. Тәрбие туралы түсінікке баланың жеке басының қалыптасуы мен дербес ерекшеліктерін ескерумен іске асырылатын толық қанды және толық құқылы тұлға тәрбиелеуге болады деп тануды талап ететін және педагогикалық үдерістің субъектісі ретінде тұлғаның қоғамдағы жаңа ұстанымы орнығады.

Тұлғаның қалыптасуы – тұлғаның шындықпен өзара әрекеті барысындағы өзгеріске түсу үдерісі және оның дене құрылысы мен әлеуметтік-психологиялық жаңаруындағы өзгерістердің пайда болуы.

Оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуында тәрбие ортадан дамуына қажетті материалды іріктейді; жағымсыз ықпалдардан шығу жолдарын іздестіреді; оқушының мүмкіншілігін анықтайды, ашады, табиғи нышандарының дамуына жағдай жасайды.

Тұлғаның дамуы мен тәрбиесі көптеген идеяларға негізделеді:

— адамды қабілетіне және дарындылығына сүйеніп, жан-жақты дамыту;

— ересек адамдар мен балалардың бірлесу ісәрекеттерінің ынтымақтастығы, мұғалім мен балалар еңбегінің бірлестігі, мұғалімнің балаға ерекше көңіл аударуы, ата-аналармен мен мұғаліммен ынтымақтастық, өзін-өзі құрметтеу идеясы, өзінөзі тәрбиелеу т.б.

Тәрбие адамның ішкі жан дүниесіне ұнамды қозғау салып, өзіндік өңдеу белсенділігін

арттыра алса ғана, адам өз дамуындағы қызметін орындай алғаны.

Қалыптасу түсінігіне келетін болсақ, ол жеке адам дамуының нәтижесі ретінде оның кемелденуін және тұрақты сапалар мен қасиеттерді иемденуін білдіреді.

Балада табиғаттан, тумысынан жалпы адамдарға тән сөйлеу мәдениеті және жеке өз басына байланысты әртүрлі нышандар қоры, табиғи қасиеттері жеке адамның өзіндік мүмкіншіліктерін құрайды, солар арқылы түрлі қабілеттіліктердің қалыптасуы басталады.

Табиғи мүмкіншіліктер адамның әлеуметтік өмір әрекеттерінің барысында дамиды. Адамның өмір сүру ортасы болмаған жағдайда табиғи нышандардың, қабілеттіліктер мен бейімділіктердің де күші жойылады.

Жеке адамның қалыптасуында өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы зор, ол – адамның саналы түрде, белгілі бір мақсат көздеп өзінің бойына қалыптастыратын қасиет, мінез-құлық, дағдысына бағытталған жұмыс. Егер тәрбие жеткіліксіз, әлсіз болса, баланың қалыптасуына кері әсер етеді.

Жеке тұлға дамуы мен қалыптасуында ықпал жасаушы әсерлер екі топқа бөлінеді: ішкі және сыртқы. Қоршаған орта, тәрбие – сыртқы әсерлер. Сыртқы әсерлерінен пайда болатын сезімдер мен толғаныстардың жиынтығы – ішкі әсерлерге жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы – осы екі фактордың байланысынан пайда болады.

Тұлғаны әлеуметтендіру біріккен қарым-қатынас іс-әрекет барысында қалыптасады. Педагог кез келген қызметке кірісуі үшін алдын ала қойылатын талаптарды ескереді. Педагогикалық талапты орындау ғана педагогикалық мақсатты қатынастардың нәтижелі болуын қамтамасыз етіп қоймайды. Балалар ұжымындағы шағын топтардың пікірі мен беретін бағасы және іс-қылықтары да маңызды.

Тұлғаны әлеуметтендіруде әлеуметтік тұрғыда отбасына әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, психологиялық және педагогикалық, баланы отбасына

тәрбиеге алған отбасына қолдау көрсету, көп балалы және мүгедек балалы отбасы балаларының денсаулығын нығайтуға көмектесу негігі орын алады.

Оқушыны тұлға ретінде қалыптастыру үшін мынандай *іс-әрекеттердің* маңызы бар екендігін қарастырайық:

1) оқушылардың бірлестігі – ұжымдық еңбек әрекеті барысында – қарым-қатынасты қолданудың шарты болады; Еңбек әрекетінің құралы – қарым-қатынас;

2) адамды қалыптастыру процесі – біздің қоғамымыздың осы міндетті шешу үшін жасаған барлық жағдайлардың бірлігімен анықталады; экономикалық және рухани өміріміздегі мәселелерді шешудегі барлық жағдайлардың бірлігімен анықталады;

3) баланың (жеке тұлғаның) қалыптасуын қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің маңыздысы – педагогикалық ықпал ету құралдары (сол нақтылы жастағы топтарға тән негізгі іс-әрекеттердің түрлері деп есептеуге болады, ал әдістер – сол іс-әрекеттерді жүзеге асырудың құралы болады).

Бұл қорытындымен психологтардың да пікірлері сәйкес келеді.

Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттің психологиялық-педагогикалық негіздері.

Оқушының таным іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен жүзеге асады. Таным қабілетін дамыту туралы совет педагог-ғалымдарының (Н.Дайри, М.И.Махмутов, Л.В.Занков, М.Н.Скаткин, И.А.Лернер, А.И.Пискунов т.б.) тұжырымдары мен пікірлері бар. Олардың идеяларының мәні мынадай:

1) танымдық қабілеттің дамуы – бұл барлық мұғалімдердің барлық пәндер бойынша оқыту процесіндегі мақсаттылық іс-әрекеттері.

2) оқушыларға білім беру және объективтік шындықты тану мәселелері жайындағы оқулықтың рөлі.

3) оқытудың әдістері мен формаларын жетілдіру.

4) мұғалімнің теориялық дайындығы, педагогикалық шеберлігі, білімдарлығы – оқушылардың таным іс-әрекетін дамытудың шешуші құралдары болып табылады.

Тұлғаның оқудағы белсенділік деңгейінің өрістеуінде оның логикалық дамуы да ескерілуге тиіс. Сондай-ақ, тұлғаның жеке басының өзіне ғана тән ерекшеліктерімен қатар оқуға деген ынтасы, мотиві айтарлықтай мәнге ие болады.

Оқытудың дәстүрлі логикасындағы негізгі кезеңдеріне мән берсек, оқушыға олар білуге тиісті материал таныстырылады, ал олар қабылдап, мәнін ұғынып, ойлауымен қатар, көңілінде бекіту әрекеттері жалпы тәртіпке саналатыны белгілі.

Пайдаланылғын дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы - Алматы: Юрист, 2007.–42 б.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім берудің дамыту тұжырымдамасы //Қазақстан мұғалімі , 20 қаңтар 2004. – Б. 3-4
3. Қ.Р. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары жалпы бастауыш– Алматы: РОНДЫ, 2002.-135 б.
4. Сластенин – М.: Издательский дом МАГИСТР-ПРЕСС, 2000.-488с

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ РӨЛІ

Абдикалыкова Ғалия Жолдыбайқызы

Қоғамдық пәндер оқытушысы, жоғарғы санатты
Алматы автомобиль және сән индустрия колледжі

Кілтті сөздер: жеке тұлға, әлеуметтенілу, ақпараттандыру, ақпараттық құралдар.

Ключевые слова: личность, социализация, информация, информационные средства.

Key words: individual, socialization, information, information tools.

Аннотация: Жеке тұлғаның әлеуметтенілуіне ақпараттандырудың маңызды рөлі мен бүгінгі жастардың тәрбиесіне әсері туралы айтылады.

Аннотация: Обсуждается важная роль информации в социализации личности и ее влияние на образование современной молодежи.

Abstract: It is discussed about the important role of information in the socialization of an individual and its impact on the education of today's youth.

Тәуелсіз елдің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай капиталы бар жеке тұлғаны қалыптастырудың алатын орны ерекше. Сондықтан заман талабына сай оқу-тәрбие үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша жастарға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру тиімділігі артып отыр.

Жеке тұлға құрылымы төмендегідей компоненттерден тұратындығын зерттеушілер көрсетеді:

1. Өртүрлі қасиеттер, өзара әсерлесетін қажеттіліктер мен мүдделер, идеялар, практикалық мақсаттар жүйесі енетін жеке тұлғаның бағыттылығы.
2. Табысқа жетуде жеке тұлғаның мүмкіндіктері, оның қабілеттері. Қабілеттер өзара байланысты және бір-біріне әсер етеді.
3. Мінез, яғни адамның әлеуметтік ортадағы мінез-құлқының стилі, мінез адамның рухани өмірінің мазмұны мен формасының бірлігінен тұратын күрделі синтетикалық білім беру. Мінездер жүйесінен жетекші қасиеттерді көруге болады.
 - Моральдық адамдарға деген қайырымдылық не рақымсыздық, айналасындарға деген жауапкершілік, қарапайымдылық және т.б);
 - Ерік сапалары (табандылық, өжеттік, сабырлық, және т.б) жатады, олар бір мінез-құлық стилі мен практикалық міндеттерді шешу тәсілдерін шешеді.
4. « Мен» ұғымын білдіретін басқару жүйесі болып табылады. « Мен»- жеке тұлғаның өзін тануы жөніндегі білім беру, ол өз-өзіне бақылау жасау және әрекеттер мен қылықтарды реттеу, өмірді жоспарлау.

«Жеке тұлғаның» құрылымы күрделі. Жеке тұлғаның құрылысына биологиялық та, рухани да, әлеуметтік те, психологиялық та элементтер енеді. Олар бір -біріне бағынуы, үндесуі керек. Егер бұндай үндесу болса, бұл бұл басқа адамдармен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуге қабілетті, салауытты қалыпты

жеке тұлға.Егер ол болмаса, онда ол ұйымдаспаған болып есептеледі,мұның өзі әлеуметтік байланыстар мен басқа да өмірлік қиындықтарды асқындыра түседі. Осылайша, егер әлеуметтендіру процесі табысты жүрсе , онда ол: адамның мәдениетке қол жеткізуін , өзі жататын қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарын өмір бойы игеруін қамтамасыз етеді.[1,43-44 б]

Жеке тұлға типологиясын құндылық бағыттылығына байланысты бөлсек:

1. Дәстүрлі бағыттағылардың борыш, тәртіп, заң тындау, сол сияқты дербестік, тіл табысқыштық, өзін жүзеге асыру сияқты қасиеттері неғұрлым төмен.
2. Идеалистердің, керісінше, дәстүрлі нормаларға ,тәуелсіздік және беделге бой ұсынбау, қандай жағдайға болмасын,өзін дамытуға деген сындарлы көзқарасы айқын байқалады.
3. Жеке тұлғаның фрустрирланған (сөзбе сөз: қиындықта қалған) типі үшін өзін-өзі төмен бағалаушылық, жабырқаушылық, тұнжырау, өмір ағымынан өзін лақтырып тастағандай сипат тән болады.
4. Реалистерде борыш пен жауапкершілік сезімін дамыту арқылы өзін жүзеге асыруға , өзіндік тәртіп пен өзін бақылауы басым салауатты скептицизмге ұмтылу басым болады.

Социологияда жеке тұлғаның модальді, идеалды, базисті типтері бар.

1. Жеке тұлғаның модальді типі- осы қоғамда шынайы орын алғандар.
2. Жеке тұлғаның идеалды типі нақты жағдайға байланысты болмайды. Жеке тұлғаның бұл типі жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға.
3. Жеке тұлғаның базисті типі қоғамдық дамудың қазіргі кезеңдегі қажеттіліктеріне жақсы үлгіде жауап беретіндер. [2,46 б]

Олай болса, жеке тұлға болып қалыптасуда жастарды да типтеріне қарай, тәрбиесіне ақпараттандырудың рөлі ерекше. Себебі қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялардың дамуы жастардың өміріне үлкен әсер етіп отыр. Ақпараттандыру жастарға тек білім алу мен мәдениетке қол жеткізудің мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар өздігінен даму мен әлеуметтенудің жаңа жолдарын ашады. Ақпараттық құралдар мен платформалардың көмегімен жастар өз көзқарастары мен пікірлерін білдіріп, әлемдегі өзгерістерге бейімделе алады.

Жастар – бұқаралық ақпарат құралдарын барынша пайдаланатын және әртүрлі мазмұндағы ақпаратты құлшыныспен қабылдайтын әлеуметтік топ. Бірінші топ 14-18 жас арасын құратын жастар, олар негізінен мектепте, колледжде, арнаулы оқу орындарында оқиды.Екінші топ жастары(18 бен 24 жас арасы) бұл жастағылар да еңбек нарығындағы сұранысқа ие болмайды, өйткені олардың тиісті кәсіби және әлеуметтік тәжірибелері жоқ, олар бәсекеге қабілетті емес.Үшінші топқа 25-30 арасындағылар. Бұл жас шамасындағылардың нақты жұмыс тәжірибесі бар, көпшілігі оқу орындарын бітірген. Міне жастардың жас ерекшеліктеріне қарай ақпараттандырудың тигізетін әсерінде ерекшеліктер бар. [3,180 б]

Жастар өте құмар және өз қаласында ғана емес, дүние жүзінде болып жатқан барлық оқиғалардан хабардар болғысы келеді. Жастар ақпаратқа үнемі қызығушылық танытады.

Жастар өзі үшін де, қоғам үшін де жаңа шындыққа кіреді, ол оны көбінесе тәлімгерлердің мақсатты көмегінсіз өздігінен игереді. Делдалдық қоғамдағы «тәлімгерлердің» бұл рөлін бұқаралық коммуникация құралдары түріндегі әртүрлі делдалдар алады: баспасөз, теледидар, радио, интернет, ұялы байланыс. Бүгінде олар жастардың табиғи мекеніне айналып, жеке тұлғаның әлеуметтенуінде үлкен маңызға ие.

Ақпараттандыру – заманауи қоғамның маңызды құралы. Жастарды тәрбиелеуде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану олардың білімін, санасын, дүниетанымын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Ақпараттандырудың заманауи қоғамдағы негізгі рөлі:

1. Білім беру және ақпараттық қолжетімділік саласы бойынша:

Ақпараттық технологиялар арқылы білім алудың мүмкіндіктері кеңейді. Жастар интернет арқылы түрлі курстарға, лекцияларға, вебинарларға қатысып, кітаптарды, мақалаларды басқа да ресурстарды онлайн түрде оқуға қатысып, өз білімдерін дамыта алу мүмкіндігі бар. Бұл қолжетімділік оқыту сапасын арттырады, білім деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік ашады. Нәтижесінде, кейінгі жылдары интернет кеңістігінде, әлеуметтік желілерде еліміздің күнделікті өзекті саяси мәселелерін талқылауда жастардың азаматтық-саяси белсенділігі артып келе жатқаны байқалады. Өз кезегінде интернет кеңістігінде азаматтардың кері байланысы маңызды саяси мәселелерді шешуде билік пен қоғам арасындағы өзара әрекеттесудің жаңа формаларын қалыптастыруға жол ашады деген үміт бар. Осылайша, билік пен халық арасындағы заманауи коммуникациялық өзара іс-қимылда цифрлық технологиялардың рөлі басымдық танытып отырғанын көруге болады.

2. Мәдениет және құндылықтар саласы бойынша:

Жастарды ақпараттық құралдар әр түрлі мәдениеттермен таныстырып, әлемдік құндылықтарды қабылдауға ықпал жасайды. Жастар интернет арқылы түрлі мәдениет жетістіктерімен бөлісіп, өздерінің жеке көзқарастарын қалыптастыра біледі. Бұл адамгершілік, достық, бейбітшілік, қайырымдылық сияқты құндылықтардың кең таралуына мүмкіндік ашады. Патриотизм, экологиялық мәдениет, денсаулық сақтау туралы мәліметтер тарату.

3. Әлеуметтік желілер және өз-өзін білдіру саласы бойынша:

Жастардың өзін-өзі танытуына, пікір алмасуына және қоғаммен байланыс орнатуына әлеуметтік желілер мүмкіндік береді. Жастардың өзекті мәселелер бойынша ақпарат алуы мен еркін пікірлерін білдіруіне жол көрсетеді. Әлеуметтік желілер жастардың өз пікірлерін ашық білдіруіне, қоршаған ортаға әсер етуіне, белгілі бір әлеуметтік жағдайлар мен проблемаларды көтеруіне ықпал етеді. Интернет және ұялы телефонда қолжетімді Facebook, Twitter, YouTube сияқты әлеуметтік желілерді кең қолдану арқылы ақпаратты жылдам алу және түрлі салада жастардың өз бетімен білімі мен қабілетін арттыруына қолайлы жағдай қалыптасып келеді. Бүгінгі күні цифрлық кеңістікте жастар ерекше белсенділік танытып отыр. Себебі кейінгі жылдары Қазақстанда жастар арасында интернет қолданушылар

саны артып, әлеуметтік желілер мен түрлі онлайн-платформаларда белсенділік аясы кеңейіп келеді. TNS деректеріне сәйкес 2020 жылдан бастап елімізде әлеуметтік желіні пайдаланушылар саны күрт өскен. 2021 жылдың қаңтарында жалпы саны 12 млн адамға жетіп, 2020 жылдың басымен салыстырғанда 26%-ға (2,5 млн адамға) артты.

4. Кәсіби бағыт-бағдар және еңбек нарығы саласы бойынша:

Жастарға ақпараттық технологиялар кәсіптік бағыт-бағдар таңдауына жол ашады. Олар интернет арқылы мамандықтар туралы мәліметтер жинап, өз қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес саланы таңдай біледі және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат алады, кәсіпкерлік бастамалар жасау ақпараттық технологиялар арқылы жүзеге асады.

5. Психологиялық және әлеуметтік әсерлер бойынша:

Ақпараттың көптігінен виртуалды кеңістікте жастардың көбісінің жалғыз қалуы психологиялық тұрғыда қиындықтар тудырады. Қоғамдастары мен достарымен виртуалды байланыс жасау арқылы әлеуметтік оқшаулануды сезінеді. Осыған байланысты жастардың психологиялық денсаулығына қолдау жасау маңызды. Алайда цифрлы әлемнің жастардың санасына, мінез-құлқы мен дүниетанымына тигізіп отырған теріс ықпалдарын айтпасқа болмайды. Өйткені қоғамдық өмірдің барлық саласына цифрлық технологияларды белсенді түрде енгізу қоғамда қалыптасқан қатынастар жүйесіне сөзсіз өзгерістер алып келеді. Интернетте бос уақытын көбірек өткізетін жастардың басым бөлігінің санасы мен мінез-құлқы түрлі ақпарат ықпалымен уақыт талабына сәйкес айтарлықтай өзгеріске ұшырап отыр. Нақты айтқанда, жастардың санасы мен дүниетанымына кері әсерін тигізетін көптеген заманауи ақпараттық арнаның кесірінен жастардың манипуляциялық ықпал ету объектісіне айналу қаупі артып отыр.

Оған мысал ретінде әлеуметтік желілер көмегімен инфлюэнсерлер деп аталатын желі қолданушылары түрлі көңіл көтеретін контенттер арқылы көпшілік санасына ықпал ететін саяси идеяларды да тарата алады.

Жастар өздері қарайтын желілердегі танымал тұлғалардың ықпалына қалай түсіп, санасына қандай идеяларды сіңіріп жатқанын байқамай қалуы да мүмкін. Осылайша, әлеуметтік желілерде кең көлемде өзіне лояльды аудиториясы бар белсенді қолданушылар түрлі қауесет пен болжамды айта отырып, қасақана арандату арқылы шындықты әдейі бұрмалау сияқты манипуляциялау технологияларын қолданады.

Ақпараттандырудың жастар тәрбиесіне беретін кері әсерлері де бар.

1. Ақпараттың шамадан тыс көп болуы жастар қажетсіз және өздеріне зиянды ақпаратты қабылдауы мүмкін. Ақпараттық қысымнан стресске түсу қаупі болуы мүмкін. (телефонға тәуелділік, жалған ақпараттың келуінен, біреудің атынан жалған несиелену)

2. Жалған ақпараттың таралуынан жалған жаңалықтар мен үгіттер жастардың дүниетанымын бұрмалауы мүмкін. Сыни ойлау қабілеті дамымаған жастар жалған ақпаратты шындық ретінде қабылдауы мүмкін. Батысқа табынушылық көпшілігіне

тән қасиет. Жастарымыз өзінің қазақ екеніне арланып, өз тілінде емес өзге тілде сайрайтын, діни адасушылықтар, терроризм, жастар арасында есірткінің таралуы, мәдени деңгейдің құлдырауы қоғамымыздың өзекті проблемасы. Теледидардан қазір үнді, корей, түрік сериалдары көп беріледі. Кейбір санасы уланған жастарымыз сол елдердің салт-дәстүрлерін қабылдап еліктеуі ойлантады.

3. Құндылықтардың жоғалуынан кейбір ақпараттар ұлттық құндылықтарға қарсы болуы мүмкін. Тұтынушылық көзқарасты насихаттайтын контенттің әсері

1. Жастарды тәрбиелеуде ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қажет, яғни жастарды дұрыс ақпаратты таңдау және сыни тұрғыдан ойлау қабілетіне үйрету қажет. Әлеуметтік желілер шығармашылық дамуға мүмкіндік береді (мысалы, блог жүргізу, өнерді насихаттау). Әртүрлі хобби мен қызығушылықтарды дамытатын ақпараттық ресурстар.

2. Сапалы контентті көбейту арқылы жастарға пайдалы, танымдық және рухани бай контентті ұсыну керек. Ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды насихаттайтын материалдар қорын көбейту қажет.

3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды. Интернеттегі жеке деректерді қорғау және кибербуллингтің алдын алу, жастарға ақпараттық қауіпсіздік ережелерін үйрету қажет

4. Оқытушылар мен ата-аналар ақпараттық технологияларды тәрбиелеу құралы ретінде пайдалану керек. Жастардың онлайн әрекеттерін бақылап, дұрыс бағыт беріп отыру қажет.

Жастар тәрбиесіне ақпараттандырудың рөлі өте зор, себебі ол жастардың жеке дамуына, қоғаммен байланысын нығайтуға, білімін кеңейтуге және әлеуметтік, мәдени құндылықтарды түсінуге үлкен мүмкіндік береді. Бірақ ақпараттың дұрыс әрі сапалы пайдаланылуы маңызды, себебі интернеттің және әлеуметтік желілердің теріс әсері де болуы мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология. А., 2003ж, «Жеке тұлғаның социологиясы», 43-45 беттер.

2. Әлеуметтану оқу құралы. А., 2015 ж. «Жастар социологиясы», 180 бет.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Кадримбетова Мадина Науханбайқызы
Биология пәнінің оқытушысы, магистрант
Алматы көпсалалы колледжі

Кілт сөздер: тұлға, білім беру ортасы, әлеуметтік орта, отбасы, мектептің ықпалы, мұғалімнің рөлі.

Ключевые слова: личность, образовательная среда, социальная среда, семья, влияние школы, роль учителя.

Keywords: *personality, educational environment, social environment, family, school influence, teacher's role.*

Аңдамна: *Бұл мақалада білім алушының тұлға ретінде қалыптасуындағы ортаның маңызы қарастырылады. Білімалушының әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық дамуына отбасы, мектеп және қоғам секілді орталардың әсері талданады. Әрбір орта тұлғаның мінез-құлқына, құндылықтарына және өмірлік ұстанымдарына ықпал етеді. Сондай-ақ, білім беру процесінде мұғалімнің және инновациялық әдіс-тәсілдердің рөлі көрсетіледі. Тұлғалық даму үшін тиімді педагогикалық технологиялар мен қолайлы білім беру ортасын қалыптастырудың маңызы ерекше атап өтіледі.*

Аннотация: *В данной статье рассматривается значение среды в становлении обучающегося как личности. Анализируется влияние таких сред, как семья, школа и общество, на социальное, эмоциональное и когнитивное развитие обучающегося. Каждая среда способствует поведению, ценностям и жизненным принципам личности. Также показана роль учителя и инновационных методов и приемов в образовательном процессе. Особо подчеркивается важность формирования эффективных педагогических технологий и благоприятной образовательной среды для личностного развития.*

Abstract: *This article examines the importance of the environment in the formation of a student as a person. The influence of such environments as family, school and society on the social, emotional and cognitive development of the student is analyzed. Each environment promotes the behavior, values and life principles of the individual. The role of the teacher and innovative methods and techniques in the educational process is also shown. The importance of the formation of effective pedagogical technologies and a favorable educational environment for personal development is emphasized.*

Адамның тұлға ретінде қалыптасуы – күрделі және көп қырлы процесс. Бұл үдеріс биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторлардың ықпалымен жүзеге асады. Білім беру ортасы – жеке тұлғаның әлеуметтенуі мен дамуына әсер ететін негізгі құралдардың бірі. Оның рөлі, әсіресе, білім алушының тұлғалық қасиеттерін дамытуда ерекше маңызды. Білім беру ортасы арқылы оқушылар өздеріне қажетті білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ қоғамда өмір сүру ережелерін, құндылықтарды және нормаларды меңгереді.

Білім беру ортасы тек мектеп қабырғасындағы оқу процесімен шектелмейді. Ол білімалушының отбасындағы, мектептегі, достары арасындағы және қоғамдағы қарым-қатынасын қамтиды. Білім алушының тұлға болып қалыптасуында бұл ортаның барлық аспектілерінің бір-бірімен үйлесімді әрекеттесуі маңызды рөл атқарады. Білім беру ортасы – бұл білімалушының дамуына ықпал ететін барлық физикалық, психологиялық және әлеуметтік жағдайлардың жиынтығы. Ол келесі элементтерден тұрады:

Отбасы – баланың тұлға болып қалыптасуындағы алғашқы және ең маңызды орта. Баланың алғашқы құндылықтары мен өмірлік ұстанымдары осы ортада қалыптасады. Ата-ананың тәрбиесі мен олардың өмір салты білімалушының мінез-

құлқы мен болашағына үлкен әсер етеді. Баланың алғашқы өмірлік қағидалары, құндылықтары мен мінез-құлықтары отбасында қалыптасады. Отбасының сүйіспеншілігі мен қамқорлығы баланың өзін-өзі бағалауына және сенімділігіне әсер етеді[1].

Мұғалімдер, топтастары және оқу процесі білім алушының танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын анықтайды. Ата-ананың іс-әрекеті арқылы бала моральдық ұстанымдарды қабылдайды. Мектеп – баланың екінші үйі, онда ол білім алып, әлеуметтік дағдыларын дамытады. Мектеп білімалушының интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді. Оқытудың мақсаты ғылыми және әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қамтитын коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру болып табылатыны белгілі, өйткені әлеуметтік-мәдени фонды білместен коммуникативті құзыреттілікті шектеулі шектерде де қалыптастыру мүмкін емес. Білімалушыларды коммуникацияға бағыттайтын қолайлы климатты ұйымдастыру үшін оқушылардың іс-әрекетін ынталандыратын сабақтың түрлерін таңдау қажет.

Дәстүрлі мектеп сабақтарына жаңа материалды үйрену, білімді, дағдыларды бекіту, алған білімдерін, дағдылары мен дағдыларын тексеру және есепке алу, бақылау жұмыстарын талдау, білгендерін жалпылау және жүйелеу, тақырыпты немесе бөлімді қайталау сабақтары жатады[2]. Оқытудың осы түрлерімен қатар дәстүрлі емес немесе стандартты емес түрлері де кеңінен қолданылады. Бұл, атап айтқанда, сабақтар-семинарлар, сынақтар, конкурстар, саяхаттар, интеграцияланған сабақтар, сабақтар-конференциялар, пікірталастар, ертегілер сабақтары, тақырыптық ойын сабақтары, соның арқасында білімалушылар бағдарламалық материалды тезірек және жақсы меңгереді.

Қазіргі мектептің білім беру процесін ізгілендіруге және баланың жеке басының жан-жақты дамуына бағдарлануы, атап айтқанда, оқушылардың жеке бейімділігін, олардың танымдық белсенділігін, стандартты емес мәселелерді өз бетінше шешу қабілеттерін және т. б. дамытумен байланысты негізгі білім, Дағдыларды қалыптастыратын нақты оқу іс-әрекетін үйлесімді үйлестіру қажеттілігін болжайды. Дәстүрлі оқу процесіне баланың жеке мотивациялық және аналитикалық-синтетикалық салаларын, есте сақтау қабілетін, зейінін, кеңістіктік қиялын және басқа да бірқатар маңызды психикалық функцияларын дамытуға бағытталған әртүрлі дамытушы сабақтарды белсенді енгізу осыған байланысты педагогикалық ұжымның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Биологияны оқытудағы білім беру, дамыту және тәрбиелеу міндеттері басты мақсатқа – білімалушылардың жеке басын жан-жақты дамытуға бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін биологияны оқытуда келесі тәрбиелік міндеттер шешіледі: ғылыми – материалистік дүниетанымның қалыптасуы; адамгершілік тәрбиесі; патриоттық; эстетикалық тәрбие; еңбек тәрбиесі; экологиялық тәрбие; өз денсаулығына және басқалардың денсаулығына дұрыс көзқарасты тәрбиелеу; гигиеналық және жыныстық тәрбие [3].

Биология сабақтарында патриоттық тәрбие. Адамгершілікке тәрбиелеу – мектептің маңызды міндеттерінің бірі.

Неміс педагогы Иоган Гербарт былай деп жазды: "Тәрбиенің біртұтас міндетін тек бір сөзбен айтуға болады: адамгершілік". Л. Н. Толстойдың адамгершілік тәрбиесі өте жоғары бағаланды: "Адам білуі керек барлық ғылымдардың ішінен ең бастысы-мүмкіндігінше аз жамандық пен мүмкіндігінше жақсылық жасай отырып, қалай өмір сүру керектігі туралы ғылым".

Философ-Гегель өз ойын осылай тұжырымдады: "Егер адам қандай да бір моральдық әрекетті жасаса, онда ол әлі ізгілікті емес; егер бұл мінез-құлық оның мінезінің тұрақты белгісі болса ғана ол ізгілікті". Бүгінгі таңда жоғары адамгершілік-бұл адам мен жалпы қоғам үшін ең маңызды қасиет.

Адам бұл атаққа лайық болуы керек. Ол жоғары мақсатсыз, идеалсыз, адамгершіліксіз және адамгершіліксіз өмір сүре алмайды. Бұл қасиеттер туа біткен емес және ұрпақтан-ұрпаққа берілмейді. Үйде және мектепте біз балаларды адал өмір сүруге, дұрыс нәрсені жасауға үйретеміз. Біз оларға әділдік пен үнемділікті үйретеміз, ал өмір кейде өз сабақтарын береді. Мектепте біз табиғатқа деген сүйіспеншілік туралы айтамыз, көктемде балалар мектеп алаңына ағаш отырғызады. Содан кейін балалар адамдардың кінәсінен ормандар жанып жатқанын, сүю және қорғау керек ағаштар жанып жатқанын біледі. Балаларға жақсылық жеңетініне сенімділік тәрбиелеу керек, оларды осы жеңіске жетуге үйрету керек. Бірақ ең бастысы - бұл принциптерге өзіміз сәйкес келуіміз керек.

Жалпы оқу-тәрбие процесінде жоғарыда аталған сабақтардың маңыздылығы, ең алдымен, дәстүрлі мағынада білімалушылар ұжымының негізгі мектеп бағдарламасының талаптарын игеруіне бағытталған, шығармашылық қызметпен тиісті дәрежеде ұштаспайтын оқу іс-әрекетінің өзі, парадоксальды түрде, тежеуге әкелуі мүмкін екендігімен байланысты балалардың интеллектуалды дамуы. Бір ғана шешімі бар және әдетте белгілі бір алгоритм негізінде оған жетудің алдын ала белгіленген жалғыз жолы бар негізгі дағдыларды бекітуге бағытталған стандартты тапсырмаларды орындауға дағдыланған балалар іс жүзінде өз бетінше әрекет етуге, тиімді пайдалануға және өздерінің зияткерлік әлеуетін дамытуға мүмкіндігі жоқ. Екінші жағынан, тек типтік мәселелерді шешу баланың жеке басын кедейлендіреді, өйткені бұл жағдайда оқушылардың өзін-өзі бағалауы және олардың мұғалімдердің қабілеттерін бағалауы негізінен еңбекқорлық пен еңбекқорлыққа байланысты және бірқатар жеке интеллектуалды қасиеттердің көріністерін ескермейді.

Эстетикалық тәрбие

Эстетикалық сезімдер мен идеалдар жүйелі тәрбиенің өнімі болып табылады. Биология пәнінде эстетикалық тәрбиенің объектілері табиғи ландшафттар, табиғи және бейнелеу көрнекі құралдары, бейнелеу, музыкалық құралдар және көркем әдебиет туындылары болып табылады. және т. б.

Еңбек тәрбиесі. Биологиялық білім беруде оқушылардың еңбек тәрбиесі, олардың тәуелсіз өмір мен еңбекке дайындығы ерекше маңызға ие. Биология пәні мәдени өсімдіктерді өсіру бойынша мектеп оқу-тәжірибелік учаскелеріндегі

білімалушылардың ауылшаруашылық еңбегімен органикалық байланысты, сондықтан әр түрлі еңбек қызметі барысында оқушылар еңбекқорлық, ұжымда тиімді жұмыс істей білу, өзара көмек және бірлескен шығармашылық қызметке белсенді қатысу сияқты маңызды адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Оқу-тәжірибелік учаскелерде сабақтан тыс және сабақтан тыс уақытта практикалық жұмыстарды орындай отырып, білімалушылар топырақты өңдеу, тұқым себу, өсімдіктерді отырғызу, суару, егін жинау дағдыларын игереді. Білімалушыларды еңбек қызметіне дайындау эволюция теориясы, цитология, генетика, экология, селекция туралы білімді игерген кезде жалпы биологияны зерттеу процесінде жалғасады.

Экологиялық тәрбие. Мен оқушылардың экологиялық тәрбиесі мен ағартушылығын жұмыстың маңызды бағыты деп санаймын. Экологиялық тәрбиенің мақсаты: экологиялық сана негізінде құрылатын қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Бүкіл адамзат пен әр адам табиғаттың бір бөлігі. Табиғат адамның тұрақты ортасын, ол өмір сүретін және оның өміріне айтарлықтай із қалдыратын табиғи ортаны құрайды. Табиғатты қорғау-әр адамның маңызды міндеттерінің бірі. Сондықтан білімалушыларды тәрбиелеуде табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру, әр оқушыны дұрыс экологиялық ойлауға тәрбиелеу маңызды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру жауапкершілігі бүкіл қоғамға, бірақ негізінен мектепке, ең алдымен биология сияқты оқу пәндеріне жүктеледі. Сондықтан мектеп биология пәнін оқу барысында салауатты өмір салты ережелерін қалыптастыруға көп көңіл бөлемін. "Адам" бөлімі биологияның басқа бөлімдеріне қарағанда жасөспірімдерге осы ережелерді тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Әр тақырыпты зерделеу кезінде мен алкоголь, никотин және есірткінің адам ағзасына зиянды әсері туралы материалды қосамын.

Күнделікті өмірде мектеп білімалушыларының денсаулығын сақтау үшін мен олардың улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктер бар екеніне, олардың денсаулығына қандай зиян келтіруі мүмкін екеніне және оларды улы емес заттардан қалай ажыратуға болатынына назар аударамын. Сондай-ақ, біз кейбір жануарлардың денсаулығына зиян тигізуі мүмкін екендігі туралы сабақтарда айтамыз. Біз бұл жануарларды оқулықтағы слайдтар мен суреттерде атаймыз, олардың денсаулығына зиян келтірмеу үшін олармен күресу немесе алдын алу шаралары туралы сөйлесеміз. Сондай-ақ, сабақтарда біз оның денсаулығын сақтау үшін әртүрлі жарақат алған Жәбірленушіге алғашқы көмек көрсету ережелері туралы айтамыз.

Гигиеналық және жыныстық тәрбие. Мектеп жылдарында адам денсаулығының негізі қаланады. Жасөспірімдік кезеңмен байланысты организмнің жыныстық жетілу кезеңі ерекше маңызды. Сондықтан оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде "адам және оның денсаулығы" тақырыбының маңызы артып келеді. Гигиеналық білімді игеру-оқушыларды тәуелсіз өмір мен еңбекке, отбасында

балаларды тәрбиелеуге дайындаудың қажетті элементі. Гигиена сабақтарының тәрбиелік бағыты олардың негізгі оқу-тәрбие міндеттерін анықтайды:

- 1) адам ағзасы туралы гигиеналық білім жүйесін игеруге қол жеткізу;
- 2) білімалушылардың гигиеналық ережелерді анатомиялық-физиологиялық біліммен негіздеу дағдыларын қалыптастыру;
- 3) білімалушылардың күнделікті өмірінде гигиеналық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыруға жәрдемдесу;
- 4) жауапкершілік пен борыштың адамгершілік себептерін, білімалушылардың қоғамдық және жеке гигиена ережелерін сақтауын тәрбиелеуге міндетті.

Білім беру ортасы білімалушының тұлға ретінде қалыптасуындағы шешуші факторлардың бірі болып табылады. Отбасы, мектеп және қоғамдық ортаның үйлесімді әрекеттесуі білімалушының жеке қасиеттерін дамытуға, оның өмірде өз орнын табуына ықпал етеді. Қорытындылай келе, колледждегі рухани-адамгершілік тәрбие тек жалғасуы керек, ал ол отбасында басталып, қоғам қолдауы керек деп айтқым келеді. Білім беру ортасын тиімді ұйымдастыру арқылы қоғамға саналы, білімді және бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелеуге мүмкіндік аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. "Мышление и речь". ООО Издательство «Питер», 2017, © Серия «Мастера психологии», 2017
2. Бронфенбреннер У. "Экология человеческого развития". 1979г.
3. Интернет желісі: <http://pedmir.ru/viewdoc.php?id=71445>;

ТӘРБИЕ ІСІНДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мукамеден Динара

Арнайы пәндер оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі
Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің колледжі

Кілтті сөздер: Тәрбие, тәртіп, қалыптасу, даму, қоғам

Ключевые слова: Воспитание, поведение, становление, развитие, общество.

Keywords: Education, behavior, formation, development, society.

Аңдатпа: Адамның табиғи дамуы сан алуан әлеуметтік сапалар мен қасиеттерді қабылдауымен тығыз байланыста бірге дамып отырады, бұл адамды қоғамдық тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Тұлға дамуы туралы ізденістегі психологтердің айтуы бойынша әр адамның дамуы өз қолында, оны сырттан әсер етер күшпен дамытуға болмайды, тек оңтайлы ықпал жасауға болады.

Аннотация: Естественное развитие человека развивается в тесной связи с восприятием различных социальных свойств и качеств, характеризующих человека как социальное существо. По мнению психологов, исследующих развитие личности, развитие каждого человека находится в его собственных руках, его нельзя

развивать внешними воздействиями, можно использовать только положительное влияние.

Annotation: *The natural development of a person develops in close connection with the perception of various social properties and qualities that characterize a person as a social being. According to psychologists who study personality development, the development of each person is in his own hands, it cannot be developed by external influences, only positive influence can be used.*

Тәрбиенің негізгі мақсаты жеке адамды қалыптастыру және оны жан-жақты дамыту. Ал бұл міндеттердің нәтижелі болуы жеке адамның қалыптасуына қандай жағдайлардың ықпал ететінін білумен байланысты. Тәрбие қоғамдық өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған жеке адамды қалыптастырудың жүйелі үрдісі. Педагогика үшін мәнді мәселенің бірі – “жеке тұлға” түсінігінің өзін айқындап алу. Адамның дамуында бір-біріне байланысты екі өзек байқалады, оның бірі – биологиялық, екіншісі – әлеуметтік. Шетел педагогикасы мен психологиясы жеке тұлғаның даму мәселесін үш негізгі бағытта қарастырады, яғни олар: биологиялық, әлеуметтік және биосоциологиялық. Осы бағыттар адамның дүниеге келген күнінен бастап оның дамуы мен қалыптасуында көрініс бере бастайды. Адам туғанда тек биологиялық тіршілік иесі болып танылады, жеке тұлғалыққа жету әлі ерте. Биологиялық нышандар мен қасиеттердің дамуы адамның өмір бойы мүшелік пісіп жетілуі және қалыптасуы үрдісінің сипатын көрсетіп отырады. Адамның биологиялық кемелдену және өзгеру үрдісі, оның дамуының жастық сатылары мен мінез-құлығында көрініп, осыдан балалық, жасөспірімділік, ересектік және қариялық табиғи бітістерін ажыратамыз. Жеке адам қоғам өмірінің өнімі болғанымен, оның тірі организм екенін ұмытпау керек. Әлеуметтік және биологиялық қатынастар жеке адамның қалыптасып дамуына әртүрлі әсер етеді.

Адамның табиғи дамуы сан алуан әлеуметтік сапалар мен қасиеттерді қабылдауымен тығыз байланыста бірге дамып отырады, бұл адамды қоғамдық тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Мысалы, нәрестенің жақын адамдарды танып, күлімсіреуі, кейін тілге келуі, тік жүру қабілетін игеруі, үйдегі және көпшілік арасындағы қалыптары, еңбектеуі және т.б. Өсе келе ол білім игереді, моральдық қалыптар мен ерекшеліктерді орындайды, әртүрлі жұмыс істеу арқылы ептіліктер мен дағдылары қалыптасады және олардың барлығы да өмір барысында адамда пайда болып, дамып отырады.

Баланың қабілетін дамытуда оның өзінің белсенділігі маңызды және қажетті жағдай болып табылады. Бұл белсенділік баланың кез-келген әрекетінде: ойында, оқуда, еңбекте көрінеді. Әрине бұл жағдай ересектердің бағыт-бағдар беруі арқылы жүзеге асады. Баланың қабілеті оның өз қолдауы табылған іс-әрекетінде қалыптасады және дамиды. Бала тек белсенді іс-әрекетте ғана жан-жақты дамиды да, жеке тұлға ретінде қалыптасудың реті туады.

Тұлға дамуы туралы ізденістегі психологтердің айтуы бойынша әр адамның дамуы өз қолында, оны сырттан әсер етер күшпен дамытуға болмайды, тек оңтайлы

ықпал жасауға болады. Осы пікірден туған білім беру мақсатының басқа да тұжырымы бар. Оқушы тұлғасын дамыту, ол оның толық өзіндік өсуінің, өзіндік қалыптасуының, өзіндік жетілуінің амалы ретінде қарастырылады. Сондықтан, мектеп мақсаты баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің өзіндік ашылуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін оқушы тұлғасының дамуын көздейтін білім беру үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдістері мен амалдарын анықтап, жүзеге асыру қажет.

Сонымен, адам баласы тұлға ретінде өмір сүру барысында өзінің қоғамдық мәнін сипаттайтын көптеген әлеуметтік сапалар мен қасиеттерді қалыптастырады, әрі дамытады. Міне, осыдан ол ғылымда биоәлеуметтік тұлға, субъект, яғни тарихи-қоғамдық қызмет пен таным иесі деп танылады. Демек, “адам” түсінігі осыдан биологиялық және әлеуметтік (қоғамдық), сапа мен қасиеттердің бірлігін білдіреді.

Ал “жеке тұлға” түсінігін алатын болсақ, ол тек қана әлеуметтік сапа мен қасиеттерді игерген тұлғаны танумен байланысты. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша: “Жеке тұлғаның негізгі функциялары қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен меңгеру және қоғамдық қатынас жүйесіне қосылу” [1]. Бұл тұлға қоғамдық тіршілік иесі сипатында көрініп, тіл игеруі, санасы, әртүрлі әдеттермен ерекшеленеді. Жеке адамдық қасиетке ие болу, оның табиғи биологиялық болмысына емес, қоғамдық қасиеттерге тікелей байланысты. Сонымен “жеке тұлға” дегеніміз адамның қоғамдық сипатын танытып, оның өмір барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығын білдіреді. Жеке адамдық сапалар өмір барысында қалыптасқандықтан, олар біреулерде айқын көрініп, басқаларда күнгірттеу болады. Олай болса, жеке адамдық дәреже деңгейін қалай білеміз және оның өлшемдері қандай деген сұрақтар туындайтыны сөзсіз.

С.Л.Рубинштейн зерттеуі бойынша жеке адам өз қылығы мен іс-әрекетін саналы басқаруға мүмкіндік беретін психикалық даму деңгейімен сипатталады, яғни өз әрекетін ойластыра біліп, жауапкершілікті сезіну қабілетінің болуы, өз бетінше дербес іс-әрекетін жасай білуі – жеке адамның мәнді белгілері. Белгілі философ-ғалым В.П. Тугаринов жеке адамның сапалық көрсеткіштері ретінде төмендегілерді атайды: - саналылық; - жауапкершілік; - еркіндік; - жеке басының қадірі; - даралық; - қоғамдық белсенділік пен бекіген саяси-идеялық бағыттылық.

Жеке адамдықтың критерийлерін (өлшемін) белгілеумен В.П. Тугаринов бұл түсінікті адамның жастық әрі психикалық кемелденуімен байланыстырды.

Егер жеке адам өз сапа және іс-әрекетін қоғамдық прогресс бағытымен үйлестіре алса, өз бойына игерген сапа мен қасиеттерді неғұрлым айқын көрсете алса, өз іс-әрекетіне ерекше жасампаздық сипат бере алса, оның құндылығы арта түседі. Бұл тұрғыдан “адам” және “жеке тұлға” түсініктерінің сипаттамасы “даралық” түсінігімен толықтырылады.

Даралық бір адамның екіншісіне ұқсамайтын, өзіндік ерекшелігі мен өзгешелелігін сипаттайды. Даралық әдетте, мінез бен темпераменттің айрықша бітістері (салмақты, сабырлы, ашушаң), шығармашылық іс-әрекет және қабілетінің ерекшеліктерінің (ойлап тапқыш, ұқыпты) өзіндік көріністермен бөлектенеді.

Аталғандар сияқты мұғалімнің де даралық белгілері оның терең білімдарлығында, педагогикалық ой-өрісінде, балаларға жайлылығы мен еңбектегі шығармашылығында танылуы мүмкін. Даралық түсінігі бір адамды екіншіден айырып, оған өзіндік қайталанбас сән беретін жалпылық және жалқылық қасиеттерді білдіреді.

Адамның қоғамдық тіршілік иесі сипатының толықтығы үшін “индивид” түсінігін де білген жөн. Бұл латын сөзі қазақша “жекелік” дегенді білдіреді. Түсінік ретінде одан адамзат тегінің әрбір бөлек өкілін, оның сапа-қасиеттеріне қатысынсыз танимыз. Бұл тұрғыдан әрбір адам “индивид” бола алады. “Жеке тұлға” түсінігінің және онымен байланысты ғылыми категориялардың мәні осында.

Жеке адамдық сапалар адамның өмір барысында дамиды және қалыптасады. Сондықтан, педагогикадағы “даму” және “қалыптасу” категорияларының мәнін ашып беру маңызды. Даму – бұл жеке адам сапалары мен қасиеттеріндегі сандық өзгерістер жүйесі. И.П. Подласый даму ұғымын былай түсіндіреді: “Даму дегеніміз адам организміндегі сандық және сапалық өзгерістер” [2].

Адамның туған күннен бастап дене құрылымы мен әртүрлі мүшелері ұлғаяды. Ол сөйлей бастайды, сөздік қоры молая түседі, көптеген әлеуметтік-тұрмыстық және рухани ептіліктер мен еңбектік дағды және әдеттерді игереді. Бірақ адамның жеке адам болып дамуындағы басты белгі, ондағы сапалық өзгерістер. Оны мына мысалдардан түсінуге болады: тілдік қызметтің жіктелуі адамның танымдық қабілетін арттырады, сезімдік аймағын кеңейтеді. Танымдық қызмет барысында абстракт ойлау, логикалық ес дамиды, өмірге деген көзқарас пен наным-сенімдер орнығады. Еліктеушілік мінез-құлық бірте-бірте белсенді – жасампаз, шығармашылық іске ауысады, өз қылық әрекетін басқара алу мен өзіндік билік қабілеті көркейеді. Бұл өзгерістердің бәрінен адамның анатомиялық-физиологиялық кемелденуіндегі, жүйке жүйесі мен психикасының және танымдық пен шығармашылық іс-әрекетінің жетілуіндегі, дүниетанымдық, имандылық, қоғамдық-саяси көзқарастары мен нанымдарындағы бір-біріне кіріге байланысқан сандық және сапалық өзгерістер үрдісін білеміз.

Қалыптасу түсінігіне келетін болсақ, ол жеке адам дамуының нәтижесі ретінде оның кемелденуі мен тұрақты сапалар мен қасиеттерді иемденуін білдіреді. Адам жөніндегі басқа ғылымдардағыдай педагогика үшін де ең басты мәселе – жеке адамның дамуы және сол дамудың көзі мен ықпал күштері. Идеалистік ағымдар бұл туралы әртүрлі тұжырымдар пайымдауда. Ғылымда ежелден бір-біріне қарама-қарсы келе жатқан теориялық пікірлердің дұрыс-бұрыстығына баға беруді оқырманның өзіне қалдырып, оларға тек қана объективті сипаттам беруді өз міндетіміз деп есептейміз. Идеализм өкілдері, қай бағттағы болмасын, жеке адамның қалыптасуын алдын-ала болжастырылған бағдарламаға теліп, ол бағдарламадағы сапа мен қасиеттер өз беттерінше өріс алатынын уағыздайды. Ал тәрбие олардың ойынша, жәрдемші роль атқарып, сол бағдарламаның іске асуына көмектесуші ғана құрал.

Қазіргі заманғы идеалистік философия, психология мен педагогика әлеуметтік төңкерістер мен күйзелістерге толы қоғам жеке адамның тозуына себепші, сондықтан да адам өзінің шын кемеліне жету үшін қоғаммен байланысын үзу қажеттігін дәріптейді. Бұдан шығатын қорытынды: адамдық мән рухани және әлеуметтік бостандықты алу үшін күрес емес, өз болмысының шын, ең жоғары сыр-мағынасын тану (экзистенциализм) немесе тәңірлік кемелге жақындау (неотомизм).

Идеалистік педагогикада жеке адам дамуы жөніндегі пікір-сайыста бірнеше теориялық концепциялар бар. Олар: биологизаторлық бағыт: адамның дамуы оның табиғи (биологиялық) жетілуімен байланысты, соның барысында оның дене құрылымы мен рухани қасиеттері қалыптасады. Адамдар арасындағы моральдық қатынастар биологиялық негізде орнығады (Аристотель, Ф. Мюллер, Э. Геккель, Шешендік Летурно, Ч. Ломброзо). психоаналитикалық бағыт: жеке адамдық қалыптасуда қоғам зиянды. Адамның дамуы мен оның мінез-құлқы толығымен жыныстық инстинктке тәуелді (З. Фрейд). Прагматикалық бағыт: адамның психикалық дамуы тума инстинктерге байланысты, әрбір адамда тұрақты нәсілдік қасиеттерді сақтаушы ерекше саналық гендер болады. Сондықтан да жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың қоғамдағы орнын иеленуі олардың биологиялық болмысымен анықталуы тиіс, себебі әртүрлі халықтар мен нәсілдердің бірі табиғатынан дарынды, ал екіншілері – кемірек дамыған (Дж. Дьюи, Э. Торидайк).

Материалистік бағыттағы философия және оның көрнекті өкілдері жеке адамның дамуы мен қалыптасуы туралы: - ежелгі грек философы Эпикур: адамның қоғамдағы иеленген орнының әртүрлі болуы оның табиғатынан емес, тұрмыстық жағдайы мен таптық тұрғысынан; - француз философы Гельвеций: адам қоршаған орта, нәсілдік және тәрбиеге байланысты біртұтас әсерлердің нәтижесінде қалыптасады. Соның ішінде аса маңыздысы – тәрбие; - В.Г. Белинский: адам табиғаттан, бірақ оны дамытып, жасайтын қоғамнан; - Н.Г. Чернышевский: адамдарды бұзықтыққа келтіретін келтіретін табиғат не олардың нәсілдік кемістігі емес, қолайсыз қоғамдық жағдайлар мен жаман тәрбие.

Осы күнгі педагогикада жеке адам дамуы жөнінде қалыптасқан ой-пікірлер төмендегіше: - Адамның қоғамдық тұлға ретінде қалыптасуына, оның дамуға деген табиғи қабілеті аса маңызды. Әр адам іс-әрекеттің түріне негіз болар нышанмен дүниеге келеді, сондықтан да адамның биологиялық және әлеуметтік даму мүмкіншілігі бір-бірімен тығыз байланыста, бірақ әлеуметтік фактордың рөлі басымдау. Жеке адамдық дамудың ықпалды көзі – тәрбие, қоршаған орта, табиғи нышандармен қатар тұрса, ол адам қалыптасуына жетекші фактор. И.П. Подласый: “Тәрбие – қоғамға жеткілікті қалыптасып дамыған жеке адамды бере алатын негізгі күш” – деп баса айтады [2]. Олай болса қоғамға қажет жеке адамды қалыптастырып, дамыту үшін тәрбие ісін дұрыс, мақсатты, ұйымдастыру керек деп ойлаймыз. Адам дамуында тәрбиенің ықпалды күш екенін айта отырып, оның қоршаған орта мен нәсілдік әсерлердің енжар объектісі деп тануға болмайды. Бұл үрдісте жеке адамның өз белсенділігі мен шығармашыл-жасампаздық іс-әрекетінің маңыздылығын ескеру қажет. Олай болса қазіргі күні тәрбие ісінде оқушыға,

тәрбиеленушіге өзі дамушы субъект ретінде қарау аса маңызды. Жеке адам дамуы мен қалыптасуында ықпал жасаушы әсерлер екі топқа бөлінеді: ішкі және сыртқы. Қоршаған орта және тәрбие – сыртқы әсерлер: табиғи икемділік пен құмарлықтар. Сыртқы тәрбие орта әсерлерінен пайда болатын сезімдер мен толғаныстардың жиынтығы – ішкі әсерлерге жатады. Жеке адамның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың байланысынан болады. Тәрбие адамның ішкі жан дүниесіне ұнамды қозғау салып, (өзіне бағдарланған) өзіндік өңдеу белсенділігін арттыра алса ғана, адам өз дамуындағы қызметін орындай алғаны.

Балалар қабілеттілігі – тарих азығы. Көптеген іс-әрекеттің нәтижесінде адамдардың қабілеті қалыптасып, дамиды. Жай ғана психикалық процесстерден күрделі процесстерге дейін адамның іс-әрекет процесінде дамиды [3].

Пайдаланған дереккөздердің тізімі:

1. Педагогика / под ред. В.А.Сластенина и др. – М., 2002. – 566 стр.
2. Подласый И.П. Педагогика. В 2-х кн. Кн.1. -М., 2002. 573 стр.
3. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Астана, 1998.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА «ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ» ПӘНІ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Сагиндыкова Асем Алимбатыровна

Іс қағаздарын жүргізу пәнінің оқытушысы, магистр

«Тұран» Университетінің колледжі

Кілтті сөздер: Құжат, мұрағат, кәсіби мамандар

Ключевые слова: Документ, архив, профессионализм

Keywords: Document, archive, professionals

Андапна: Іс-қағаздарын жүргізу пәні білім алушылардың тек кәсіби дағдыларын ғана емес, сонымен қатар жеке тұлға ретінде қалыптасуына да оң әсер етеді. Бұл пән жауапкершілік, тәртіп, коммуникация дағдылары, ұйымшылдық пен этикалық құндылықтарды дамытуға мүмкіндік береді.

Аннотация: Предмет делопроизводства положительно влияет на формирование у обучающихся не только профессиональных навыков, но и личности. Эта дисциплина позволяет развивать ответственность, дисциплину, коммуникативные навыки, организованность и этические ценности.

Annotation: The subject of document management has a positive effect on the development of students' professional skills, but also personalities. This subject provides an opportunity to develop responsibility, discipline, communication skills, organization and ethical values.

Қазіргі қоғам құзырлы, кәсіби дайындығы жоғары мамандарды қажет еткендіктен болашақ мамандардың бастауы техникалық және кәсіптік білім беру

саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған ең өзекті міндеттерінің бірі еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандар дайындау. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бәсекеге қабілетті, кәсібін нақты таңдаған, жұмысқа орналаса алатын мамандарды оқытуда. Колледждің кәсіби білім берудегі міндеттерінің бірі - қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, еңбек нарығында жұмысқа қабілетті маман болу.

Колледж оқытушылары жаңа оқытудың элементтерін қолдануда. Оқытушы ретінде өз сабақтарымда оқушыларымды біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, олардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін де дамытуға, теорияда алған білімдерін іс жүзінде қолдана алуына мүмкіндік жасаймын. Қызметкерлерден бастап барлық буын басшыларға дейінгі басқару аппаратының бүкіл қызметі құжаттаумен байланысты. Біреулері құжаттарды жасайды, басқалары рәсімделуін және берілуін қамтамасыз етеді, үшіншілері сол құжаттарды басшылыққа алып, олардың негізінде шешімдер қабылдайды. Осы процессті толығымен сабақтарда түсіндіремін.

Іс жүргізу кезінде келесі мақсаттарды айқындаймын: оқу материалдарын оқушылардың түсінулеріне жағдай жасау; теориялық материалдарды тәжірибемен байланыстыру; оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. «Іс қағаздарын жүргізу» пәні техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіби дағдыларын қалыптастырумен қатар, олардың жеке тұлға ретінде дамуына да маңызды әсер етеді. Бұл пәннің білім алушылардың жеке тұлға қалыптасуындағы рөлі бірнеше аспектілерде көрініс табады:

1. Жауапкершілік және тәртіп. Іс қағаздарын жүргізу, негізінен, ұйымдардағы әртүрлі құжаттарды ретке келтіру, олардың дұрыс толтырылуын және сақталуын бақылауды қамтиды. Бұл дағдылар білім алушының жауапкершілігін, уақытты тиімді пайдалануды және жүйелі жұмыс істей білу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

2. Коммуникация дағдылары. Іс қағаздарын жүргізу барысында әртүрлі деңгейдегі құжаттармен жұмыс істеу білім алушының жазбаша және ауызша қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Олар құжаттарды дұрыс құрастыру мен ресімдеу арқылы өзінің кәсіби тілін дамытады.

3. Ұйымдастырушылық қабілеттер. Іс қағаздарын дұрыс жүргізу үшін білім алушыдан үлкен ұйымшылдық пен нақты жоспарлау қабілеті талап етіледі. Бұл дағды олардың болашақта кәсіпорында немесе кез келген ұйымдағы жұмысты ұйымдастыруға қажетті дағдыларын қалыптастырады.

4. Этика және адалдық. Құжаттармен жұмыс істеу барысында білім алушы құпия ақпаратты сақтау, заң талаптарына сәйкес әрекет ету және кәсіби этика қағидаларын ұстану қажеттілігін түсінеді. Бұл жеке тұлғаның моральдық және этикалық қалыптасуына әсер етеді.

5. Техникалық дағдылар. Қазіргі таңда іс қағаздарын жүргізу автоматтандырылған жүйелер мен бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады,

сондықтан білім алушылар заманауи технологияларды игеріп, ақпараттық жүйелерді тиімді пайдалану дағдыларын меңгереді. Бұл олардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Құжаттардың жасалуына, олардың тіркелуіне, жіктелуіне, қозғалысына, есепке алынуы мен сақталуына байланысты жұмыстардың жийынтығы іс – қағаздарын жүргүзі деп аталады. «Іс-қағаздарын жүргізу» пәні бойынша білім алушылар теория мен тәжірибе алмасу жұмысы белсенді жүргізілуде. Сабақта теориядан басқа практикалық жұмыстарға көңіл бөлемін. Практикалық жұмыстар А4 форматында жүргізіледі. Мысалы: әрбір білім алушы өзінің жеке шағын бизнесін, шаруашылығын немесе жеке орталығын қағаз жүзінде ашады. Сол мекеменің бизнеске қажетті құжаттарын дәлірек айтсақ бұйрығын, актілерін және іскерлік хаттарын, өкімдер мен нұсқаулықтарын, жарғы мен ережелерін жинақтайды. Осы құжаттарды жинақтау арқылы білім алушы кәсіби біліктіліктерін шыңдай түседі. Сабақ барысында белсенді оқыту формасы мен әдіс - тәсілдерін қолданып отырамын, білімді жүйелі меңгерудің мүмкіндіктерін көрсетемін.

«Іс қағаздарын жүргізу» пәні арқылы мемлекеттік және жеке меншік кәсіпорындармен келісім - шарт негізінде жүйелі байланыстар орнатылған, құжаттардың рөлін, маңызын, құндылығын анықтайды. Олардың бірі «ҚР Президент мұрағаты», аз уақыт ішінде бұл мемлекеттік мекемемен байланыс өзінің оң нәтижесін көрсетуде. Сабақ барысында алған теориялық білімдерін білім алушы іс жүзінде құжаттармен жұмыстың қалай жүргізіліп жатқанын мұрағаттан көре алады: істерді ұйымның мұрағатына тапсыру тәртібін; құжаттарды іске тігу; құжаттарды жүйелі түрде бір ізге келтіру жұмыстарын анықтайды; уақытша және тұрақты сақталатын істердің сақтау ережелерімен танысады; істер номенклатурасын рәсімдеу тәртібін; құжаттардың орындалуын бақылау; электрондық құжат айналымы жүйесін; қағаз құжаттарын электронды тасымалдау құралдарына (микрофиша, микрокарта және т.б.) түсіру әдістері мен тәсілдерін анықтайды.

Қазіргі жұмыс берушілер оқу орындарымен тығыз байланыста, өйткені болашақ мамандарға қойылатын талаптарды әрдайым ескеріп отырады. Сонымен бірге өздеріне қажетті кәсіби құзыреттілігі жоғары, білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін де шешеді. Бұл жүйенің осындай артықшылығы бар.

Қорыта келгенде, «Іс қағаздарын жүргізу» пәні тек кәсіби білім берумен шектелмей, білім алушы жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, олардың болашақ жұмыс орнындағы әлеуметтік және кәсіби қатынастарда сәтті жұмыс істей алатын қабілеттерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Пайдаланылған дерек көздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы іс қағаздарын жүргізу 2022 ж.
2. Салагаев В.«Іс қағаздарын жүргізу» 2005 ж.
3. Оқу журналы «Қазақстанда іс жүргізу» 2015-2020 жж.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Тайрова Бейбит Куспантаевна
Тарих пәнінің оқытушысы, педагог-эксперт
Нархоз Университетінің Экономикалық колледжі

Кілт сөздер: Жаңа Қазақстан, білім беру, Ұлтжандылық тәрбие, Ұлттық тәрбие.

Ключевые слова: Новый Казахстан, образование, патриотическое воспитание, национальное воспитание.

Key words: New Kazakhstan, education, Patriotic education, National education.

Аңдатпа: Мақаланың жазылуы барысында ең бірінші Жаңа Қазақстанның алдағы уақыттағы түрлі жұмыстарына талдау жасалынды. Сонымен бірге елімздің өткен тарихындағы қазақтың ұлы зиялыларның білім мен тәрбие жөніндегі жазып кеткен түрлі деректеріне зерттеулер жүргізілді. Тарихи деректерді талқылай отырып қазіргі Жаңа Қазақстанның құрылу жолында жастардың білім спасы мен тәрбиеге оның ішінде отанға деген сүйіспеншілігі мен көз қарасы қандай екеніне талдаулар жүргізілді. Талдаулар мен зерттеулердің нәтижелері бойынша біз жастарға ұлтжандылық тәрбие мен ұлттық тәрбиелерімзді сіңіру арқылы болашақ жастарымыздың бәсекеге қабілетті тұлға болу жолдарын қарастырдық. Мақаланың өзектілігі де осында яғни болашақ жастардың қолында деп айтар болсақ. Ең алдымен жастарымыздың отаны үшін, елі, ұлты үшін аянбай еңбек етуіне бірінші қадам бұл ұлтжандылық тәрбиені көріп өсуі керек екенін алға тартып отырмыз.

Аннотация: В ходе написания статьи был проведен анализ различных работ нового Казахстана. Кроме того, были проведены исследования различных источников по образованию и воспитанию великой казахской интеллигенции в истории прошлого елимза. Обсуждая исторический деркетер, был проведен анализ того, какова любовь и внимание молодежи к образовательному спа и воспитанию, в том числе к Родине, на пути к созданию нового современного Казахстана. По результатам анализов и исследований мы рассмотрели пути становления конкурентоспособной личности нашей будущей молодежи через привитие патриотического воспитания и национального воспитания молодежи. Актуальность статьи заключается в том, что в руках будущей молодежи. Прежде всего, мы подчеркиваем, что первый шаг к самоотверженному труду нашей молодежи за Родину, страну, нацию-это патриотическое и патриотическое воспитание.

Abstract: In the course of writing the article, the first analysis of various future works of the New Kazakhstan was carried out. At the same time, research was carried out on various data on education and upbringing of the great Kazakh intelligentsia in the past history of the country. During the discussion of the historical data, an analysis was carried out on the way to the creation of a new Kazakhstan, which showed the love and

attention of young people to education and upbringing, including to the motherland. Based on the results of the analysis and research, we examined the ways of future youth to become competitive individuals by instilling patriotic education and national education in young people. This is the relevance of the article, if we say that the future is in the hands of young people. First of all, we note that the first step to the hard work of our youth for their homeland, country and nation is to grow up with this patriotic and patriotic education.

Кіріспе. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөнінде ұсынғаны: еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынып, әлеуметтік-экономикалық салада, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде жүзеге асырылатын басты міндеттерді айқындап берді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі Жолдауда айтылған міндеттерді іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруда. Ең алдымен, Жаңа Қазақстанды құруды өзімізден бастауымыз керек деген түсінік бар екенін білеміз[1].

Ал осы Жаңа қазақстанды құру жолында басты назарды неге аударуымыз қажет, ол әрине білім беру мен халық сапасын арттыру, ұлттық тәрбиені жастар бойына сіңіру, ұлтжандылықты ояту, сол арқылы біз жастарды Жаңа Қазақстан жолына бастай аламыз.

Олай болса біз осы айтылғандардың ішінде «Ұлтжандылық» деген сөзді қалай түсінуіміз керек? – яғни бұл өз Отанын сүйетін, өз халқына берілген, өз отанының мүдделері жолында өзін құрбан ететін, ерлік жасайтын адам. Ал оның ішінде ұлтжандылық қасиетті ұғым. Ұлтжандылық - Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы бар күш - қуатын, ерік - жігерін, Отан игілігі мен мүддесіне аямай жұмсау, туған жерін, қасиетті ана тілін, елдің әдет - ғұрыпы мен салт - дәстүрін құрметтеу. Ұлтжандылық - біртіндеп қалыптасатын, тынымсыз, үздіксіз тәрбиенің нәтижесінде орнатылатын ұлы сезім. Ал ұлтжандылық тәрбие - ананың ақ сүтімен, есейе келе өскен ортасына, қалыптасқан қоғамына байланысты дамиды үздіксіз тәрбиенің жемісі. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің тамыры терең, халқымыздың сонау көне заманнан бүгінге дейінгі сандаған ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының салты мен дәстүрінің көрінісі іспеттес[2].

Тәрбиенің басты бағыттарының бірі - азаматтық- патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік, тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және ұлттық сананы әлеуметтік, діни төзімділікті қалыптастыруға тиіс.

Ұлтжандылық тәрбиенің міндеттері төмендегідей:

1. білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;

2. өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымын қалыптастыру ;

3. балалар мен жастарды отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: "Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы"-деген еді[3].

Ұрпағымызды кеудесінде азаматтық намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіп өсіргіміз келсе, бар назарды келешек ұрпақ тәрбиесіне аударуымыз қажет. Қазіргі білімнің болашағы мол факторларының бірі - ұлтжандылық тәрбие.

Негізгі бөлім. Мақаланың жазылу барысында біз зерттеу жұмыстан жүргіздік. Бұл жерде ұлттық тәрбиенің маңызы мен отан алдындағы кіші буын жастардың болашақта елі үшін аянбай еңбек ететін азамат пен азаматшалардың қатарының көбейуіне, қандай алғышарттар мен бағыттар барын қарастырқ және тарих сахынасындағы ұлы тұлғаларымыз Әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектеріне оның ішінде «білім мен тәрбие» бағытына басты назар аудардық[4].

Біз ең бірінші мына бір құнды сөзге басты назар аударайықшы «Жас бала - жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді - дейді халқымыз». Яғни, жаңа отырғызған жас шыбық тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше, мәпелеп күтіп, үзбей тәрбиелеуді керек етеді Еліміздің болашағы-жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата- ана тәрбиесі болса, екінші бесік - білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болып табылады[5].

Ал Жаңа Қазақстан-ол болашақ жастардың қолында деп айтсақ болады. Жастарымыздың отаны үшін, елі, ұлты үшін аянбай еңбек етуіне бірінші қадам бұл ұлттық тәрбиені әр білімгер көріп өсуі керек. Себебі бала нені көрсе, нені естісе соны істейді деген сөз бар. Осы айтылған сөзге қарай отырып біз тағыда тәрбие мәселесіне кеп тірелеміз. Қазақ халқының бір ерекше қасиеті бар және жақсы сөзі бар, жақсы білімді тұлғаны жолықтырып сұхбаттасар болсақ көп кісілерді айтатыны, білімді адамды алыстан тануға болады дейді. Сөзі майда, барынша ұстамды, жүрісінің өзі ерекше. Үнемі өзгелерге қолғабыс етуге асығады. Әңгіме арасында айтар орынсыз сөзі мен көрсетер қылығы да жоқ. Бірақ осы білімді дұрыс бағытта қолданбайтын кездері де болады. Өйткені жер бетіндегі түрлі ядролық

қаруды, зиянды заттарды өз ісінің шеберлері, яғни білімді адамдар жасап отыр. Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дейді. [6].

Абай Құнанбайұлы- қазақ жазба әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар өшпес тұлға. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің даму жолында айрықша орын алады. Ақын өлеңдерінің басым көпшілігі оқу-білім, ғылым тақырыбына алтын арқау болып өрілген. Өз заманындағы халықтың надандығы мен сауатсыздығына күйіне отырып, ішкі жанайқайынан туған ойларды Абай өлеңдерінде шебер суреттей білген.

"Ғылым таппай мақтанба" атты өлеңінде артық ыржың мен өсектің, мақтаншақтық, еріншектік пен ысырапшылдықтың адамға үлкен зиянын тигізетінін ескерткен ақын:

"Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат рақым, ойлап қой",- деп "бес асыл істі" бойға сіңіру керектігін айтады. Абай көзқарасы бойынша, өмірде мақсатқа жеткізетін нәрсе - оқу-білім мен үнемі ізденіс екенін айқын сипаттап көрсеткен. Одан бөлек Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға[7].

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. Оның "Кел, балалар, оқылық!", "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңдері осындай мақсатта туған. "Кел, балалар, оқылық!" өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақырған болатын. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады[8].

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсаған болатын[9].

Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы реализмінің айқын көрінген ендігі бір тұсы - оның ағартушылық тақырыптағы лирикасы. Ақынның бұл бағыттағы еңбегі 1879 ж. жазылған «Жастарға» атты өлеңінен басталған. Ағартушылық идея Шәкәрім лирикасының алтын діңгегі болып табылады. Оның Абаймен үндестігін танытатын бір саласы да осы. Өзінің «Насихат», «Сынатар сың өзінді», «Үш-ақ түрлі өмір бар», «Сен ғылымға...», «Ғылымсыз адам айуан», «Жасымнан жетік білдім түрік ілін» сияқты көптеген өлеңдерінде Құдайбердіұлы Абайдың ағартушылық идеяларын одан әрі жалғастырған болатын[10]. Ал Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» шығармасы жастардың жанына ұлтжандылық ұялатады.

Міне осы айтылған мәліметтерге басты назар аударып отырып ұлы тұлғаларымыздың елі мен халқының болашағы үшін білім мен тәрбиенің маңызы зор екенін және оны адам баласа өз бойында қатар алып жүрер болса одан асқан білімді, ақылды және елі үшін адал қызмет жасайтын тұлғаларымыздың көп болатынын айқындап көрсеткен.

Білім мен тәрбиенің қатар алып жүру маңызы. Қарыштап дамып жатқан заман көшіне ілесіп, бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру жолында көптеген реформалар ағарту саласын жаңа арнаға бұрып, жаңа форматта жұмыс жасауды еліміз талап етіп отыр. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» десек, ал тәрбиесіз білім еш кәдеге жарамай, қайта адамзатқа қарсы бағытталатынын сонау X ғасырда ұлы ғұламамыз Әл Фараби тұжырым жасап кеткені бәрімізге белгілі. Себебі – білім мен тәрбие егіз ұғым. Біліп қою ол аздық етеді. Білу – ол тек алғашқы қадам. Ал ол білімді іске асыру, оны өмірде қолдана алу, кәдеге жұмсап, өмірде өзіндік тұлға болып қалыптасу жолында құндылықтарға негізделген білімнің маңызы зор[11].

Қорытынды. Қорытындылай келе, білім мен тәрбиені қатар алудың маңызы зор, себебі қазіргі жастардың ұсақталып бара жатқаны біздің қоғамда айқын көрінуде. Осы мәселені шешу үшін қай салада болсын білім беруде тәрбие мен ұлттық құндылықтарды қазіргі жастардың бойына сіңіре алсақ, тек сонда ғана, біз жетістікке жете аламыз, яғни Жаңа Қазақстанға жол ашамыз. Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтып өткендей отандық білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, бір орында тұрып қалмай, әрдайым даму жолында болу керектігін атап өткен болатын. Сонымен қатар лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек, – деді Президент. Сондай-ақ Мемлекет басшысы жаңа ұрпақты алдағы сын-қатерлерге дайындау қажеттігін, бұл ретте балалар еңбексүйгіштік идеялары мен құндылықтары негізінде тәрбиеленуі тиіс екенін тілге тиек етті. Сондықтан білім алмастан бұрын тәрбиеге көбірек мән беру керек. Жаңа Қазақстан жастарын білімді де бәсекеге қабілетті, отаны үшін қызмет жасайтын жастарды тәрбиелеу үшін осындай ұсыныстар қарастырдым:

Бірінші білім беру мекемелерінде білім беру мен қатар тәрбиеге де басты көңіл бөлінуі керек, яғни түрлі тәрбиелік мәні бар іс шаралар мен рухани құндылықтарды негіздей отырып жастарды ұлтшылдыққа отан сүйгіштікке тәрбиелеуді басты назарға алуымыз керек.

Екіншіден телеарналарда ұлттық тәрбиені дәріптейтін фильмдермен бағдарламаларды көбейту қажет.

Үшіншіден түрлі кино орындары мен театрларда білім мен тәрбиеге байланысты кинолар мен қойылымдарды көбейту.

Төртіншіден тәрбиенің тағы бір жағын отбасыға жүкетуіміз қажет нақтырақ айтар болсақ да ата-анадан берілетін тәрбиені де басты назарда ұстауымыз қажет. Сонда ғана біздің Қазақстан жастарының болашағы мен еліміздің болашағы жарқын болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Асан ҚАЛИАХМЕТ. Все права защищены. Используйте активную ссылку на ASSEMBL <https://assembly.kz/ru/analitika/aza-standy-patriotizm-lemdik-beybitshilikti-sa-taudy-negizgi-t-yry/>

2. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ. //TIRSHILIK-TYNYSY.KZ АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІГІ. 18 шілде 2018 ж. <https://tirshilik-tynysy.kz/kogam/4007-ruhani-zhayru-ayasynda-oamdy-sanany-zhayrtu.html>
3. Мекемтас Мырзахметұлы, ұлттық тәрбие – патриотизмнің негізі. <https://zhalyn.kz/2023/02/20/1846/>
4. Гульвира Абдрахман, //Рухани жаңғыру: Ұлттық сананың негізі. <https://martebe.kz/ruhani-zha-yru-ltty-sanany-negizi/>
5. Костяев А. И. Патриотизм и его воспитание в условиях трансформации социокультурной реальности: методологический и методический аспект // Патриотическое воспитание в учебных заведениях, отрасли культуры. — Сб. статей. — М., МГУКИ, 2004. — С. 3–16.
6. Назарбаев Н.Ә. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық // Егемен Қазақстан. — 2006. — 25 қазан
7. Жаһандану дәуіріндегі жаңа қазақстандық патриотизм. //Qazaqstan tarihy. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8925>
8. "ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ". Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы. ["ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ" - "Әділет" АҚЖ \(zan.kz\)](https://zan.kz)
9. Абай Құнанбаев. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін: монография / құраст. М. А. Балақаев. – Алматы, 1945. – 62,[2] Абайдың тұлға болып қалыптасу жолы баяндалған.
10. Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері: жинақ / [жалпы ред. басқ. Ғ. М. Мұтанов ; құраст.: Ж. С. Сандыбаев, Ы. М. Палтөре]. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2020. 233, [1] б.
11. Ыбырай Алтынсарин. //Республиканская научно-педагогическая библиотека Министерства образования и науки Республики Казахстан. <https://altynsarin.rnpb.kz/>

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

	<i>бет/стр</i>
1. <i>Бондаренко Е.Г.</i> Профстандарт педагога: новые возможности роста и развития	3
2. <i>Ракишева М.С.</i> Портрет современного преподавателя колледжа: вызовы и возможности	7
3. <i>Мукалиева Н.Б.</i> Колледждерде жалпы пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың артықшылығы мен тиімділігі	12
4. <i>Vikeyeva K.</i> Efficient learning approaches: creating customised educational experiences	17
5. <i>Турдугулова Ж.Б.</i> Образовательная среда как фактор личностного развития	21
6. <i>Сағымбекова Ш.А.</i> Диалогтік оқытуды қолдану- студенттермен ынтымақтастық орнату және белсенді әдістермен бөлісу	25
7. <i>Есманова Н.М.</i> Unlocking educational potential: creative teaching with digital storytelling	32
8. <i>Касенова А.М.</i> Инновационные методы обучения студентов в области маркетинга	37
9. <i>Болатбекова Қ.С.</i> Химия сабағында интегративті тапсырмаларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылықты дамытудың жолдары мен әдістері	40
10. <i>Тлеулиева С.М.</i> Сингапурлық оқыту әдістемесінің тиімділігі.	46
11. <i>Молдабекова С.И.</i> Подкасты как метод активизации навыков слушания, говорения, нетворкинга на уроках домашнего чтения: опыт создания проекта в педагогическом колледже	51
12. <i>Тәжігүл М.С.</i> Ағылшын тілі сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары	55
13. <i>Врачева Т.А.</i> Проведение функционального анализа квалификаций на примере квалификации 4S07320201 «Техник-сметчик».	61
14. <i>Атагельдиева М.Б.</i> Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі инновациялар	66
15. <i>Аханова М.М.</i> Білім алушылардың танымдық белсенділіктерін дамытудың практикалық аспектілерінің жаңа технологиялары	70
16. <i>Давыденко Е.В.</i> Применение проблемно-ориентированного метода обучения для экономических специальностей	73
17. <i>Ермаганбетов К.К.</i> Қоғамдық пәндерді оқытуда тірек сызбаларды пайдаланудың тиімділігі.	77
18. <i>Кабаета Э.З.</i> География сабақтарында инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі	84

19.	<i>Кабылбекова М.Е.</i> Демонстрациялық емтихан – тәуелсіз бағалау жүйесінің инновациялық түрі	88
20.	<i>Каскенова А.А.</i> Жалпы пәнаралық әдіс пен функционалдық сауаттылықта жасанды интеллектің тиімділігі	91
21.	<i>Касенова Л.А.</i> Оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану	95
22.	<i>Сактапова Ж.К.</i> Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды ұтымды пайдалану.	98
23.	<i>Сманов А.А.</i> Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда шығармашылық ойлау қабілеті дамыту.	104
24.	<i>Турусбекова А.С.</i> Использование образовательного Квеста в технологии эдьютейнмента.	109
25.	<i>Шыңғысова А.Қ.</i> Информатика пәнін заманға сай жаңаша оқыту».	114
26.	<i>Кусаинова Ж.А.</i> Инновационная образовательная технология при преподавании экономических дисциплин.	117
27.	<i>Болат А.И.</i> Цифрлы білім беру ортасындағы замануи білім беру технологияларының ерекшеліктері.	123
28.	<i>Кансарбаев А.К.</i> Использование социальных сетей на уроках истории.	129
29.	<i>Сатаева Е.Б.</i> Мәтінмен жұмыс жасауда цифрлық технологияларды қолдану.	132
30.	<i>Даутова Н.Г.</i> Использование технологий искусственного интеллекта для повышения эффективности коммуникативного подхода в изучении английского языка.	138
31.	<i>Кабаева Л.К.</i> «TeacherMatic» жасанды интеллект платформасын тиімді пайдалану әдістері.	143
32.	<i>Алишева Г.А.</i> Использование программ симуляторов в процессе проведения лабораторно-практических работ, с целью усовершенствования качества знания обучающихся	148
33.	<i>Темирова А.М.</i> Педагогикалық колледжінің биология курсында оқыту құралдарын пайдалану жолдары	154
34.	<i>Сюрикпаева С.Д.</i> Использование ChatGPT как помощника в образовательной деятельности: возможности и перспективы	158
35.	<i>Айтбекова А.Д.</i> Білім беруді цифрландыру: оң және теріс жақтары	162
36.	<i>Тамабекова А.А.</i> Оқытудың тиімді әдісі ретінде «Genially» платформасының мүмкіншіліктерін пайдалану	165
37.	<i>Davutova S.D.</i> Using internet resources at the english lessons.	168
38.	<i>Джелилова Г.С., Сатарова А.Ә.</i> Ақпараттық ресурстардың сапасы мен қолжетімділігі	171
39.	<i>Лаптева Е.С.</i> Использование информационных технологий в учебном процессе колледжа	178

40.	<i>Сапазова А.Т.</i> Интеграция сервисов WEB 3.0 в образовательный процесс: вызовы и возможности	182
41.	<i>Шынтасов Д.Б.</i> Инновационды білім беру платформасы: қолжетімділік, интерактивтілік және жасанды интеллект	187
42.	<i>Акильбеков Д.С.</i> Положительные и отрицательные моменты использования искусственного интеллекта в образовательном процессе.	192
43.	<i>Ахмадиева Э.М.</i> Экономикалық пәндерді оқыту үрдісінде цифрлық технологияларды қолдану тиімділігі.	195
44.	<i>Жунусова Г.С.</i> Жасанды интеллектті білім беруде қолдану.	199
45.	<i>Кенесариева А.А.</i> Білім беруде инфографиканы қолданудың тиімділігі және жасауға қажетті платформалар.	203
46.	<i>Төлебаева Ж.Б.</i> Педагогтің цифрлық сауаттылығы мен құрызереттілігін қалыптастыру.	206
47.	<i>Шамшиева Ш.Ш.</i> Интерактивті жаттығуларды сыни ойлау мен командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда қолдану.	210
48.	<i>Алтеева А.К.</i> Жеке тұлғаның дамуындағы экономикалық білімнің тиімділігі.	214
49.	<i>Кананьянова Б.Ж.</i> Тұлғаның қалыптасуына стейкхолдарлармен қарым-қатынастың маңыздылығы	217
50.	<i>Алтенова Б.С.</i> Нарықтық өзгерістерге бейімделе алатын жеке тұлғаны қалыптастыру	221
51.	<i>Жомартова С.Т.</i> Бұқаралық мәдениеттің жастардың рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыру мен дамытуға тигізетін әсері	226
52.	<i>Серік F.</i> Ключевые компетенции DIGITAL-МАРКЕТОЛОГА будущего	232
53.	<i>Базарова А.С.</i> Колледжде бірінші бағам студенттеріне жағымды ахуал қалыптастыру	236
54.	<i>Оразымбетова А.С.</i> Білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы ортаның ролі	241
55.	<i>Абдикалыкова F.Ж.</i> Жастар тәрбиесіне ақпараттандырудың ролі.	246
56.	<i>Кадримбетова М.Н.</i> Жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлар	250
57.	<i>Мукамеден Д.</i> Тәрбие ісіндегі жеке тұлғаның даму мәселелері.	255
58.	<i>Сагиндыкова А.А.</i> Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында «Іс қағаздарын жүргізу» пәні білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы ролі.	260
59.	<i>Тайрова Б.К.</i> Жалпы білім беру ұйымдарында ұлттық тәрбиені қалыптастырудың маңызы.	263